

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУ КАФЕДРАСЫ

ӘОЖ 8' 81-11

«Қорғауға жіберілді»
Кафедра меңгерушісі
Ph.D., асистент профессор
А.Ноғайбаева
« 9 » 05 2022 жыл



ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

7М01701 – «Қазақ тілі және әдебиеті» Білім беру бағдарламасы бойынша

Терминдік мағына және оны оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері

Орындаған:

Ғылыми жетекші:

ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Искандирова А.

Ордабекова Х.А.

Қаскелең, 2022

СУЛЕЙМАН ДЕМИРЕЛЬ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТ

Искандирова Айгерим

ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫС

7М01701 – «Қазақ тілі және әдебиеті»
Білім беру бағдарламасы бойынша

Терминдік мағына және оны оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері

Қаскелең, 2022

Сулейман Демирель атындағы университет
Педагогика және гуманитарлық ғылымдар факультеті
Тілдік білім беру кафедрасы

«Қорғауға жіберілді»
Кафедра меңгерушісі
Ph.D., асистент профессор
А.Ноғайбаева

« 07 » 06 2022 жыл



Диссертациялық жұмысты дайындау тапсырмасы

Магистрант: Искандирова Айгерим
Мамандығы: 7M01701 – «Қазақ тілі және әдебиеті»
Тақырыбы: Терминдік мағына және оны оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері

Университет бұйрығымен бекітілген №09 3-05/16-1 «26» 01 2021 ж.
Диссертациялық жұмысты аяқтау мерзімі «01» 06 2022 ж.

Тапсырмалар мен диссертация жұмысының қысқаша сипаттамасы:
Сөздің терминдік мағынасын оқыту және оны меңгерту білім беру үдерісіндегі басты талаптардың бірінен саналады. Сол себепті бұл магистрлік диссертация жұмысында сөздің терминдік мағынасын және оның жасалу жолдарын интеграциялай оқыту негізінде меңгертудің тиімді әдіс-тәсілдері қарастыру. Сонымен қатар салааралық омонимдес терминдердің мағынасын ажырату, ол терминдік мағынаның қазақы дүниетанымға сәйкестігін және оны кіріктірілген білім беру негізінде оқыту жолдарын қарастыру жұмыстың өзектілігін құрайды.

Оқушыға мектепте оқылатын пәндер бойынша терминологиялық базаны меңгертудің бір жолы ретінде интеграциялай оқытуды негізге алу. Ұсынылған интеграциялай оқыту негізінде сөздің терминдік мағынасын оқыту мен оны меңгертудің тиімді әдіс-тәсілдері қарастыру.

Ұсынылатын әдебиеттер: Ә. Қайдар. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Ш. Құрманбайұлы. Қазақ лексикасының терминденуі. В.С.Безрукова. Интеграционные процессы в педагогической теории и практике. Ш. Ерғожина. Оқытудың жаңа технологиялары. Ә.Мұханбетжанова. Білімді интеграциялау негізінде оқушыларда дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастыру.

Тапсырмалар бекітілген мерзім 22 «10» 2021 ж.
Ғылыми жетекші: Ордабекова Х.А.
Тапсырмаларды алдым
Магистрант: Искандирова А.

АНДАТПА

Диссертация жұмысының тақырыбы: Терминдік мағына және оны оқытудың әдіс-тәсілдері.

Диссертация жұмысының құрылымы: Зерттеу жұмысы кіріспе бөлімнен, екі тарау және қорытынды бөлімнен тұрады.

Диссертация жұмысының көлемі: 80 бет (12 кесте, 4 сызба, 4 сурет).

Кілт сөздер: термин, терминдік мағына, терминжасам тәсілдері, терминжасам қағидаттары, терминдену, педагогикалық технология, интеграциялай оқыту.

Диссертация жұмысының бірінші бөлімінде зерттеу тақырыбына сәйкес термин, терминге тән негізгі белгілер, терминнің түзілуіне байланысты қойылатын талаптар терминолог ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, сипатталып жазылды. Қазақ ұлттық терминологиялық базаның негізін қалаушы А.Байтұрсынов, Қ.Жұбанов, Ә.Қайдардың ұсынған терминжасам қағидаттары мен терминжасам мәселелері ғылыми-теориялық тұрғыдан қарастырылады. Осы айтылған теориялық мәселелер нақты тілдік фактілермен дәйектеледі.

Ә.Қайдар, Ә.Айтбайұлы, Ш.Құрманбайұлының терминдену үдерісіне берілген анықтаманы негізге ала отырып, терминденуші лексика көздерін қарастырамыз. Терминденуші лексика көздері ретінде жалпыхалықтық лексика, аймақтық лексика, көнерген сөздер мен кәсіби сөздер алынатындығы нақты тілдік фактілер негізінде дәйектеледі. Сондай-ақ, жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес қазақ тілі оқулығында лингвистикалық термин сөздердің қамтылуы және олардың оқытылуы қарастырылады.

Диссертация жұмысының екінші бөлімінде педагогикалық технология, оның ішінде, интеграциялай оқыту технологиясының философиялық, психологиялық және педагогикалық негіздері қарастырылады. Кіріктірілген білім берудің оқыту үдерісіндегі артықшылықтары талқыланады. Оқушы санасында алған теориялық және практикалық білімді біртұтастындыру арқылы білім қорын жинақтау, жүйелеу мәселелері туралы сөз қозғалады. Терминдік мағынаны оқытуда интеграциялай оқытуды басшылыққа алу мәселесі туралы сөз қозғалады. Өйткені бір термин сөз бірнеше пәннің (география, физика, биология т.б.) терминологиялық жүйесінде қолданылады. Әр пәннің өзіне сәйкес терминдік мағынаны меңгертудің жолдары, меңгерту бойынша қандай әдіс-тәсілдердің тиімділік танытатындығы айқындалады. Терминдік мағынаны меңгертуге байланысты тапсырмалар мен жаттығулар топтамасы жасалады.

АННОТАЦИЯ

Тема диссертационной работы: Терминологическое значение и методы его преподавания.

Структура диссертационной работы: исследовательская работа состоит из вводного раздела, двух глав и заключительного раздела.

Объем диссертационной работы: 80 страниц (12 таблиц, 4 диаграммы, 4 рисунка).

Ключевые слова: термин, терминологическое значение, приемы терминологии, принципы терминологии, терминология, педагогическая технология, интегрированное обучение.

В первой части диссертационной работы описывается термин в соответствии с темой исследования, основные признаки термина, требования к формированию термина на основе работ термиологов. Подробно с научно-теоретической точки зрения рассмотрены принципы терминологии и терминологии, предложенные основоположниками казахской национальной терминологической базы А. Байтурсиновым, К. Жубановым, А. Кайдаром. Эти теоретические вопросы подтверждаются конкретными языковыми фактами. Опираясь на определение, данное терминологическому процессу О. Айтбаевичем, Ш. Курманбаевичем, рассмотрим источники терминологической лексики. Тот факт, что источниками терминологической лексики являются национальная лексика, региональная лексика, устаревшие слова и профессиональные слова, основан на конкретных языковых фактах. Также в соответствии с обновленным содержанием образования учебник казахского языка предусматривает включение лингвистических терминов и их изучение.

Во второй части диссертационной работы рассматриваются философские, психолого-педагогические основы педагогической технологии, в том числе технологии интегрированного обучения. Преимущества интегрированного образования обсуждаются в контексте интегрированного образования в учебный процесс. Обсуждаются вопросы накопления и систематизации базы знаний посредством интеграции теоретических и практических знаний, приобретаемых в сознании студентов. Обсуждается вопрос направляемого интегративного обучения при изучении терминологии. Потому что один термин используется в терминологической системе другой дисциплины (географии, физики, биологии и т. д.). Способы изучения значения термина в соответствии с каждой дисциплиной, какие методы обучения эффективны. Серия заданий и упражнений, связанных с изучением значения термина.

ANNOTATION

Topic of dissertation work: Terminological meaning and methods of its teaching.

The structure of the dissertation work: the research work consists of an introductory section, two chapters and a final section.

The volume of dissertation work: 80 pages (12 tables, 4 diagrams, 4 figures).

Key words: term, terminological meaning, terminology techniques, terminology principles, terminology, pedagogical technology, integrated learning.

In the first part of the dissertation describes the term in accordance with the topic of the study, the main features of the term, the requirements for the formation of the term based on the work of terminologists. The principles of terminology and terminology proposed by the founders of the Kazakh national terminology base A. Baitursynov, K. Zhubanov, A. Kaidar are considered in detail from a scientific and theoretical point of view. These theoretical questions are supported by concrete linguistic facts. Based on the definition given to the terminological process by O. Aitbaevich, Sh. Kurmanbaevich, we will consider the sources of terminological vocabulary. The fact that the sources of terminological vocabulary are national vocabulary, regional vocabulary, obsolete words and professional words is based on specific linguistic facts. Also, in accordance with the updated content of education, the Kazakh language textbook provides for the inclusion of linguistic terms and their study.

In the second part of the dissertation deals with the philosophical, psychological and pedagogical foundations of pedagogical technology, including integrated learning technologies. The benefits of integrated education are discussed in the context of integrated education in the learning process. The issues of accumulation and systematization of the knowledge base through the integration of theoretical and practical knowledge acquired in the minds of students are discussed. The issue of guided integrative learning in the study of terminology is discussed. Because one term is used in the terminological system of another discipline (geography, physics, biology, etc.). Ways of learning the meaning of the term in accordance with each discipline, what teaching methods are effective. A series of tasks and exercises related to the study of the meaning of the term.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	8
---------------	---

1 ТЕРМИН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТЕРМИНДЕНУШІ ЛЕКСИКА КӨЗДЕРІ

1.1 Термин, терминжасам қағидаттары мен терминжасам тәсілдері	11
1.2 Терминдену үдерісі және жалпыхалықтық лексиканың терминденуі	21
1.3 Тіл білімі терминдерінің мектеп оқулықтарында берілуі мен оқытылуы	36

2 ТЕРМИН ЖӘНЕ ТЕРМИНДІК МАҒЫНАНЫ ИНТЕГРАЦИЯЛАЙ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

2.1 Интеграциялай оқыту технологиясының теориясы мен әдістемесі	48
2.2 Сөздің терминдік мағынасын интеграциялай оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері	58
2.3 Терминдік мағынаны интеграциялай оқыту бойынша орындалатын тапсырмалар мен жаттығулар	66
Қорытынды.....	73
Пайдаланған әдебиеттер тізімі	75

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы: Қазіргі таңда ғылым мен техника қарқынды даму үстінде. Сәйкесінше ғылым дамыған сайын тілдік қолданысқа жаңа терминдер ене бастайды. Терминологияның басты мақсаты – ғылым мен техника саласына қатысты термин сөздерді түзу, олардың білдіретін ғылыми ұғымын дәл бейнелейтін мәнді белгілерді айқындап, соған сәйкес терминдік мағына телу. Термин мен терминдік мағынаның сол халықтың ұлттық дүниетанымына сәйкес келуі, сөйлеу тілінде қарапайым халыққа түсінікті әрі қолжетімді болуы арқылы ғылыми ақпарат беру.

Ұлттық терминологияның дамуы – тіл тұғырының биік болуының дәлелі. Кез келген терминдердің түзілуі – шығармашылық үдеріс. Өйткені терминдік мағына ғылыми ұғымның мағынасын дәл беруі қажет. Термин сөз тек салалық мамандарға ғана емес, жалпы көпшілікке қызмет етуі тиіс. Қарапайым халыққа терминдік мағына қолжетімді болуы тиіс, демек тілдік жүйедегі қарапайым сөздер, тұрақты тіркестер мен тұрақты теңеулер сияқты, терминдік мағына да халыққа түсінікті болуы шарт. Термин арқылы, біз, оқушылардың бойында болмыс туралы ғылым танымды қалыптастырамыз. Сол себепті термин сөздің анықтамасы баланың қабылдауына жеңіл болуы керек, оның жадында ұзақ өмір сүруі қажет. Ол үшін гуманитарлық және жаратылыстану бағыты бойынша оқытылатын пән терминдерінің жасалу жолдарын пән мұғалімдері негіздей білуі тиіс. Терминденуші лексика көздерінің терминдену үдресін толықтай түсіндіріп бере алуы қажет. Сонда ғана ол термин сөз өзінің өміршеңдігін сақтап қалады.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі лингвистикамен байланысты. Қазіргі уақытта лингвистика ғылымында тіл, негізінен екі парадигмада зерттелініп жүргені белгілі. Біріншісі – құрылымдық парадигма, екіншісі – антропоэзектік парадигма. Қазақ тілінің мұғалімі білім берудің мазмұнына сәйкес тіл біліміндегі ғылыми анықтамалар мен ұғымдарды, терминдерді, ғылыми мәліметтерді жүйелі меңгеруі тиіс. Бұл ғылыми анықтамалар мен ережелерді білім алушыларға тілдік бірліктердің формасы мен мазмұнын меңгерту мақсаты іске асырылады. Сол себепті сөздің терминдік мағынасын оқыту және оны меңгерту білім беру үдерісіндегі басты талаптардың бірінен саналады. Оқушыға мектепте оқылатын пәндер бойынша терминологиялық базаны меңгертудің бір жолы ретінде интеграциялай оқытуды негізге алуға болады. Ұсынылған интеграциялай оқыту негізінде сөздің терминдік мағынасын оқыту мен оны меңгертудің тиімді әдіс-тәсілдері қарастырылады.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Термин – ғылыми танымға негізделетін тілдік бірлік. Терминдік мағына – ғылыми ұғым негізінде алынады. Мектеп оқушылары қоршаған ортаны өздерінің дүниетанымына, физиологиялық және психологиялық жас ерекшелігіне сәйкес танып қабылдайды. Білім беру үдерісінде оқушылар пән терминдерімен танысады. Термин сөзбен танысу арқылы болмыс туралы ғылыми таным біртіндеп қалыптаса бастайды. Ең алдымен, оқушы сөздің лексикалық және терминдік мағынасын ажырата білуі керек, сөздің терминдік дефинициясын меңгеруі керек. Осы бағытта

интеграциялай оқыту технологиясын пайдалана отырып, оқушыға сөздің лексикалық және терминдік мағынасын меңгертудің тиімді әдіс-тәсілдерін қарастырамыз. Осылайша оқушы әр пәннің өзіне тән базалық ұғымдары мен терминологиялық жүйесі бар екендігін, өзіндік метатілдесім жүйесі қалыптастандығын түсінеді.

Сөздің терминдік мағынасын түсіну, терминдік мағынаны оқыту және оны меңгерту жолдарын қарастыру – қазіргі білім беру үдерісіндегі басты талаптардың бірі. Сол себепті бұл магистрлік диссертация жұмысында сөздің терминдік мағынасын және оның жасалу жолдарын интеграциялай оқыту негізінде меңгертудің тиімді әдіс-тәсілдері қарастырылады. Сонымен қатар сала аралық омонимдес терминдердің мағынасын ажырату, ол терминдік мағынаның қазақы дүниетанымға сәйкестігін және оны кіріктірілген білім беру негізінде оқыту жолдарын қарастыру жұмыстың өзектілігін құрайды.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері. Сөйлеу тілінде, метатілдесім кезінде оқушының сөздің терминдік мағынасын түсініп қабылдауы, оның терминдік дефинициясын (ғылыми ұғымды тану) бере алуы, метатілдесім үдерісінде термин сөзді дұрыс қолдану алу мәселелерінің теориялық және практикалық жолдарын қарастыру. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай **міндеттерді шешу көзделді:**

- қазақ тілінің терминжасам қағидаттары мен терминжасам үдерісіне шолу жасау;

- пән бойынша термин сөздердің терминдену жолдарын қарастыру және терминденуші лексика көздерін айқындау;

- жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес лингвистикалық терминдердің оқулықтарда қамтылуы мен оқытылуына шолу жасау;

- интеграциялай оқытудың теориялық және практикалық сипатын қарастыру;

- сөздің терминдік мағынасын меңгерту бойынша интерактивті әдістердің тиімділігін қарастыру;

- сөздің терминдік мағынасын меңгерту бойынша тапсымалар мен жаттығулар топтамасын құрастыру.

Жұмыстың зерттеу нысаны. Пән терминдерінің жасалуындағы терминденуші лексика көздерін айқындау, оқушыларға терминдік мағынаны интеграциялай оқыту технологиясы негізінде оқыту және оны меңгертудің әдіс-тәсілдерін қарастыру.

Зерттеу жұмысының теориялық маңызы: Қазақ тілінің терминжасам қағидаттары мен терминжасам тәсілдері, терминденуші лексика көздері, қазіргі терминжасам шығаршашылығында өнімділік танытанын терминжасам тәсілдері туралы теориялық және практикалық мәліметтер алуға болады. Жекелеген пән терминдерінің түзілуіндегі терминденуші лексика көздері семдік анализ негізінде айқындалып, терминдену үдерісі қарастырылады. Терминдену үдерісі бойынша алынған нәтижелерді пән мұғалімдері өз сабақтарында теориялық және практикалық тұрғыдан түсіндіруде қолдануға болады. Қазіргі білім беру үдерісіне сәйкес «Қазақ тілі» оқулығында термин сөздердің қамтылуы, термин сөздердің сандық және сапалық көрсеткіштері, термин

сөздердің оқушылардың психологиялық жас ерекшелігіне қарай сәйкес келуі сынды бойынша алынған нәтижелер алдағы уақытта осы бағытта жүргізілетін зерттеу еңбектеріне септігін тигізері сөзсіз.

Зерттеу жұмысының практикалық маңызы: Оқыту үдерісінде термин сөздер мен олардың терминдік мағынасын кіріктірілген білім беру негізінде оқыту, оқыту үдерісінде интерактивті әдістерді қолдану арқылы оқушыларға лексикалық мағына мен терминдік мағынаның ара жігін айқындау, терминдік мағынаны жадыда сақтау жолдарын айқындау зерттеу жұмысының практикалық маңызын құрайды. Терминдік мағынаны оқыту және оны меңгертудің әдіс-тәсілдері, оның ішінде, кіріктірілген білім беру негізінде оқыту жолдары бойынша алынған нәтижелер мен жасалған тапсырмалар мен жаттығулар жинағын мектеп мұғалімдері (қазақ тілі) өз сабақтарында қолдана алады.

Зерттеу жұмысында қолданылған зерттеу әдіс-тәсілдері. Қойылған міндеттерді шешу және зерттеу болжамын тексеру үшін төмендегідей әдістер қолданылады:

-теориялық әдістер: сипаттамалы әдіс, түсіндірмелі әдіс, компонентті талдау әдісі.

-педагогикалық әдістер: интерактивті әдіс, интеграциялай оқыту әдісі т.б.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы:

-қазақ тілі пәні бойынша термин сөздердің терминдену жолдарын қарастырылып, терминденуші лексика көздерін айқындалды;

-тіл білімі терминдерінің мектеп оқулықтарында берілуі мен оны оқытуға байланысты тілдік тұрғыдан талдау жасалды;

-сөздің терминдік мағынасын меңгерту бойынша интерактивті әдістердің тиімділігін қарастырылды;

-сөздің терминдік мағынасын меңгерту бойынша тапсымалар мен жаттығулар топтамасын құрастырылды.

Зерттеу жұмысының жарияланымы:

1. Қазақ тіл біліміндегі терминжасам тәсілдері: лексика-семантикалық тәсіл // СДУ Бюллетені.

2. Интеграциялай оқыту технологиясы және оны оқыту үдерісінде қолданудың маңызы // «Qazaq bilimi» республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журналы.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспе бөлімнен, екі тарау және қорытынды бөлімнен тұрады.


1 ТЕРМИН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТЕРМИНДЕНУШІ ЛЕКСИКА КӨЗДЕРІ

1.1 Термин, терминжасам қағидаттары мен терминжасам тәсілдері

Терминдер – әдеби тілге жататын лексика құрамының бір қабаты. Ғылым мен техника, ауыл шаруашылық, өндіріске байланысты ұғым атауы *терминдер* деп аталады. Ғ.Қалиев терминге мынадай анықтама береді: «Термин – ғылым, техника, өндіріс, өнер саласындағы белгілі бір ұғымды атау үшін қолданылатын сөздер мен сөз тіркестері [1, 322]. Қоғамдық қызметтің қай саласын алмайық, әрқайсысының өзіне тән лексика-фразеологиялық жүйесі мен ғылыми терминологиялық базасы болады. Ғылым мен техника дамыған сайын көптеген жаңа ұғымдар пайда болып, сол жаңа ұғымдарды тілдік бірліктер арқылы таңбалап отыру қажет.

Термин – терминологиялық жүйенің құрама бөлшегі болғандықтан, тілдік бірлік ретінде оған қойылатын талаптардың болуы міндетті. Ең алдымен, термин мағынасы санадағы ғылыми ұғымның мағынасын дәл жеткізуі керек. Ө.Айтбайұлы терминге тән негізгі тілдік белгілер ретінде мынадай белгілерді атап өтуге болатындығын айтады:

- терминге бір мағыналылық тән, себебі олар бір ғана дара ұғымды білдіреді;
- терминге көпмағыналылық пен синонимдік сипат тән болмауы тиіс;
- терминдердің өн бойында стильдік эмоциялық және бағалауыштық мән мүлде тән емес [2, 58]. Енді осы белгілерді кесте түрінде көрсетсек, төмендегідей болады:



1-кесте. Терминге тән негізгі тілдік белгілер

Термин тілдік қолданысқа еніп, тілдік жадыда ұзақ өмір сүруі үшін, ең алдымен, термин болатын сөз қазақы дүниетанымға негізделуі тиіс, әрі термин болатын сөз ықшам болуы тиіс. Осы принципті ескере отырып ғалымдар мен терминтанушылар термин жасауға қатысты мынадай талаптарды қояды:

1. *Терминнің бірізділігі мен дәлдігі.* Алдымен ұғымның негізгі белгілерінің басты назарға алынуы тиіс. Осылайша «бір таңбаланушыға – бір таңба, бір таңбаға – бір таңбаланушы» қағидатын ұстана отырып, терминнің дәл болуы мен синонимдердің болмауын қадағалау қажет. Сонымен қоса терминнің сөзжасам заңдылықтарына сәйкес келуі де, сәтті терминнің шығуымен тікелей байланысты.

2. Терминнің сөз тудыруға қабілеттілігі (деривациялық) мен ықшамдылығы. Бұл екі талап бір салада жатқан үндес талаптар. Қазақ тілі агглютинативті тілдер қатарына жататындықтан, терминнің сөз тудыруға деген қабілеті маңызды болып саналады.

3. Терминнің өн бойында эмоционалды мағына мен экспрессиялық мәннің болмауы. Бұл шартқа сай болу арқылы термин дәлдікке жетеді. Ғылым тіліндегі образдылық термин арқылы берілетін ұғымның нақтылығын азайтады. Сонымен қоса, терминнің эстетикалық талаптарға сай келуі де аз рөл ойнамайтынын айта кеткен жөн. Ықшамды, құлаққа жағымды естілетін, қарапайым лексикадан аулақ құрылған термин кең қолданыстық сипатқа ие болады [3, 56]. Кез келген термин сөзді түзуде осы үш талап басшылыққа алынатын болса, онда термин сөздің дұрыс жасалуына, әрі қолданысқа тез сіңіп кетуін қамтамасыз етеді.

Қазақ тіл білім саласында терминологияның зерттелуі ХХ ғасырдың алғашқы жартысынан бастау алады. Қазақ тіл білімінде алғаш рет А.Байтұрсынов және алаш зиялылары пән бойынша жүздеген терминдерді түзіп, оны қолданысқа енгізді. А.Байтұрсынов бастаған алаш зиялыларының басты мақсаты – ұлт тіліне негізделген терминдер қорын қалыптастыру. Қазақ тіл білімі саласындағы негізгі ұғымдарды және олардың өзара байланысын анықтап, әрі қазақ тілінің табиғатын танытатын ұғымдар жүйесін түзумен қатар, сол ғылыми ұғымдардың атауларын да жасаған А.Байтұрсынов болатын.

«Тілдің міндеті – ақылдың андауын андағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адам табылса, тіл шама қадырынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адамды табу қиын... сондықтан сөзден сөз жасап шығару әркімнің қолынан келе бермейді және шығарғандардың да бәрі бірдей жақсы бола бермейді», – деп тілдің міндетін терең түсініп, оны термин жасауда шеберлікпен, жауапкершілікпен қолданған кезде ғана ұлттық ғылыми терминология қалыптасатындығын дәл көрсеткен [4,141].

1930 жылға дейінгі қазақ тілінің ұлттық терминологиясын қалыптастыруда еңбек еткен алаш зиялыларының түзген еңбектері мен терминологиялық сөздіктері әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ. Атап айтатын болсақ, А.Байтұрсынұлының «Тіл құрал», «Әдебиет танытқыш» еңбегі, М.Дулатовтың математика саласына арнап жазған «Есептану», М.Жұмабаевтың педагогикаға арнаған «Педагогика», Ж.Аймауытовтың «Психология», Е.Омарұлының «Пішіндеме», Х.Досмұхамедұлының «Адамның тән тірлігі туралы» және т.б. еңбектер қазақ тілінің терминологиялық қорын қалыптастыруда басты еңбектер қатарынан саналады. Жоғарыда айтылғандарды кесте түрінде берсек:

2 - кесте. Қазақ зиялыларының терминология саласындағы еңбектері

№	Алаш зиялылары	Пән бойынша еңбек атауы	Қолданысқа енгізген терминдері
1	А.Байтұрсынұлы	«Тіл-құрал», «Әдебиет танытқыш»	Буын, дыбыс, нүкте, дәйекші, әріп, жінішкелік

			белгісі, үстеу, жұрнақ, жалғау, қосымша, шумак, тармақ, ұйқас, бунақ, бастауыш, оралым
2	М.Дулатов	«Есептану»	Бірлік, ондық, алу, қосу, деректі сан, бөлме сан, бөлінбе сан, айырма, өспе сан, өсірме сан
3	М.Жұмабаев	«Педагогика»	Мінез, аударымпаз, сенімпаз, дене тәрбиесі, тамыр соғу, ұғым, жалпылау
4	Е.Омарұлы	«Пішіндеме»	Текше, тікше, таяқша, өлшемдік, ұқсастық, өлшеуіш, түйін (теорема), қостабан (трапеция)
5	Х.Досмұхамед-Ұлы	«Адамның тән тірлігі»	Борша, қан жүйесі, ақ түйіршік, ұлпа, ауа қысуы, жыныс, көпіршік
6	Ж.Күдерин	«Өсімдіктану»	Сабақша, тұқымша, қайықша, тұқымдық, аналық, аталық, қаптауыш, бітім
7	С.Қожанұлы	«Есептану»	Жақша, бөлінгіштік, барабарлық, айырым, алым, бөлім
8	Ж.Аймауытов	«Психология»	Санашылдық, жан жүйесі, зейіндік психология, болмыс, жүйке, жаратылыс, рух

Қай елдің термині болмасын, ол сол елдің тілдік ерекшеліктерінен, мәдениетінен, ділінен, танымынан хабар беруі тиіс. Себебі термин ғылым тілінің бір бөлшегі ғана емес, ол – ұлтты танытушы құралдардың бірі. Осы қағидат негізінде жазылған Н.Қаратышқановтың «Пән сөздері» және «Атаулар сөздігі» еңбектері қазіргі салалық терминологияның бастауы болып саналады. Бұл авторлардың *жақша, өлшеуіш, айырым, бөлім, сабақша, тұқымша, аналық, аталық, тікше, ұқсастық, әдіс, әдістеме, кеңес, жанартау* сынды көптеген терминдері әлі күнге дейін ғылыми еңбектерде де, күнделікті тұрмыс-тіршілікте де қолданылып келеді. Олардың қай-қайсы да қарапайым халық үшін өте түсінікті. Тілге жеңіл, жүрекке қонымды терминдер саналады.

XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясы дамуының басты ерекшелігі – *төл лексикалық байлығымызды* барынша тиімді пайдалана отырып, терминологиялық қорды ұлттық тілдің негізінде қалыптастыру, түркі

халықтарына ортақ терминжасам үлгілерін құрастыру болды. Осы кезеңде терминологияны дамытудың тұңғыш ғылыми қағидаттары жасалып, 1926 жылы Бакуде тұңғыш рет өткен Бүкілодақтық тюркологиялық съезд қаулысымен ресми бекітіледі. Термин комиссиясы құрылып, ондағы мамандар қазақша терминдерді жасау, іріктеу, көпшілікке ұсыну ісімен айналысты. Өткен ғасырдың 20-30 жылдары аралығында ғылымның бірқатар салалары бойынша қазақ тіліндегі *тірек терминдердің* негізгі қоры жасалды. Бұл туралы А.Байтұрсынұлы: «Қазақ сөздерінен термин жасау арқылы халықтың жанды тілінің арнасына көшіру істерімен айналыса бастадым. Бұлар өзім жасаған оқулықтар және өзім редакциялаған «Қазақ» газеті арқылы іске асты», – деп жазады [4,10].

XX ғасырдың алғашқы кезеңі қазақ тілінде терминологиялық сөздіктер жасау ісі жаңадан қолға алынып, қазақ терминографиясының бастау алған кезеңі болып табылады. «Пән сөздері», «Орысша-қазақша әскерлік атаулары», «Атаулар сөздігі» сияқты алғашқы терминологиялық сөздіктер осы кезеңде жарық көрді. Жоғарыда аталған «Атаулар сөздігіндегі» *тау-кен кесібі, кен өндірісі, алтын өндірісі, керемік өндірісі, бояу кесібі, метал кесібі, мұнай өңдеу кәсібі, орман кимиялық зауыты, епір (эфир), поспыр (фосфор), сірке (уксус), қышқыл поспырлы ізбес (фосфорно-кислая известь)* т.б. ономазиологиялық құрылымдардың кездесуі, әсіресе, химиялық өндіріске байланысты көптеген термин сөздердің енгендігін байқатады.

Сондай-ақ, А.Байтұрсынұлының қазақ тіліндегі терминжасам тәсілдерін анықтап, оларды өзінің терминжасам үдерісінде кеңінен қолданысқа енгізген ғалым ретінде білеміз. А. Байтұрсынұлының термин жасауда ұстанған басты ұстанымы – атау берілмек болған ұғымның қасиеттерін жақсы біліп, қазақ тіліндегі төл сөздерді, қолданыстағы бар сөздерді ұтымды пайдалану. Осыған орай терминжасам тәсілдерін қалыптастырушы ретінде А.Байтұрсынов мынадай қағидаттарды ұстанған:

- ұғымның басты белгілерін негізге ала отырып, мағынасын дәл ашатын қазақ сөздерін қолдану;

- қазақ тілінде ұғымға дәл атау болатын сөздер табылмай жатқан жағдайда өзге туыс тілдерден сөз алу;

- халықаралық терминдерді қабылдау және оларды қазақ тілінің табиғатына сай заңдылықтарға бағындыра отырып өзгерту. Егер де халықаралық терминдерге қазақ тілінде балама болатын болса, ол екеуін оқырманның өз таңдауына қалдыру;

- қазақ тілінің табиғатына сәйкес, шет елден кірген терминдерді алмастыру кезінде белгілі бір заңдылықтарды сақтау. Бұл дегеніміз біздің тілге жат дыбыстарды төл дыбыстармен ауыстыру, оларға жалғанатын қосымшаларды қазақ тілінен алу. Сонымен қоса, қазақ тіліне тән емес қосымшаларды қазақша айтуға ыңғайландыру. Мысалы: Оренбург – Орынбор, кровать – кереует, пуховой – бөкебай т.б. [4, 191-192].

А.Байтұрсынұлы терминжасам үдерісінде жоғарыда көрсетілген төрт қағидатты ұстана отырып, қазақ тілінің сөзжасамдық тәсілдері негізінде термин сөздер жасаған. Ғалым халықаралық терминдерді қабылдау және оларды қазақ

тілінің табиғатына сай заңдылықтарға бағындыра отырып өзгерту бойынша морфологиялық және синтаксистік тәсілдерді көбірек қолданғаны жөнінде Ш.Жалмаханов мынадай деректер келтіреді: «Ахаң пайдаланған терминдердің ішінде ең көп қолданылғаны күрделі тұлғалы терминдер – 245, ал дара тұлғалы терминдер – 65, оның 20-сы түбір сөзден, 45-і туынды сөзден болған» [5, 43].

Қазақ тілінде термин қабылдау принциптерін қарастырған ғалым ретінде Қ. Жұбановтың қосқан үлесі зор. Қ.Жұбанов ұсынған терминжасам қағидаттарын қарастырайық:

1. Әдеби тілде аударылмай қалыптасқан кейбір халықаралық терминдердің сол қалпында қолдану (хирургия, теория, практика, тенденция, абсолютный, совет, революция);

2. Ендігі бір халықаралық терминдерді қазақ тіліне аудару, аударылмай, термин мағынасын бұзатын болса оларды орыс тіліндегі қалпы бойынша қабылдау (деньги, состав, клетка, производство);

3. Әр пәнде бір мағынада қолданылатын терминдерді бірігейлеу. Мысалы, форма (физика, философия), материя (физика, философия), реакция (химия, биология, политика);

4. Білімнің әр саласында әр түрлі мағына беретін терминдерді сол сала үшін термин ретінде, ал өзге сала үшін жай өз ретінде қолдану. Мысалы, «мануфактура» сөзі экономикада термин болып саналғанымен, өзге салаларда жай сөз ретінде пайдаланылады.

5. Халықаралық термин орыс тілінде қалыптасқан болса, орыс тіліндегі үлгімен қабылданады (пролетариат, физика, биология);

6. Термин қабылдауда сөзжасамға ғана бағынбай, қазақ тілінің грамматикалық ерекшеліктерін де, атаудың мағынасын да толық қамти алатын баламасын табу (тоқыма – текстиль, тәжірибе – практика, беріліс – передача);

7. *-ация, -ификация, -исация* сияқты қосымшаларды материаландыру, электрлендіру т.б. түрінде қалыптастыру. Сол сияқты популярная книга – популяр кітап, дифференциальное уравнение – дифференциал теңгерме деп қысқартып алу.

8. Халықаралық терминдермен бірге келген *-ист, -изм, -ре, -анти, -контр* т.б. префикстерді қабылдау.

9. *-авто, -аэро, -авиа* формаларына қазақ сөздерін біріктіре отырып термин құрастыру. Мысалы, автожол, авиашана, аэрошана, автоқатынас т.б.

10. Терминжасамдағы қысқарту тәсілін өнімді пайдалану. Мысалы: Қаркөмір (Қараганда уголь), Халкомжер (Наркомзем);

11. Қолданыстан шығып қалған *контрреволюция, милитаризм, диктатура* терминдерін қазақ тіліне қайта енгізу [6,78].

Қ.Жұбанов ұстанған қағидаттар негізінде кірме терминдердің сол қалпында сақталып қазақ тілінде қолданылуы әлем халықтарына ортақ құбылыс саналады. Тәуелсіздік алған жылдары осы уақытта үлкен жауапкершілікті қолға алып, Ә.Қайдар терминжасам қағидаттарын ұсынды. Оған академик Ә.Қайдардың мына сөздері дәлел: «Егер терминология «шаруашылығымыз» тіл табиғатына, замана талабына сай жүріп жатса, іштей қобырап, қисыны кетіп, көрінгенге көз түрткі болмаған болар еді. Ол жетпіс

жылдан кейін тығырыққа тіреліп отыр. Сондықтан көптің бірі ретінде осы мәселеге өз көзқарасымызды білдіріп, пікірімізді ортаға салуды жөн көрдік. Осыған орай, біз, терминология саласында қолданылып жүрген принциптер бола тұрса да, өз тарапымыздан оларға балама ретінде 11 принциптің жобасын ұсынып отырмыз және олар бұрынғы қалыптасқан дәстүрдің де, жүз беріп отырған жаңа үрдістің тиімді жақтарын қамтыды деп ойлаймыз» [7, 4].

Сонымен Ә.Қайдар ұсынған терминжасам қағидаттары төмендегідей:

1. Егеменді ел, тәуелсіз мемлекеттің басты белгілерінің (атрибуттарының) бірі – мемлекеттік тіл десек, оның негізгі тіректерінің бірі – терминологияны жан-жақты дамытуға, реттеуге, қалыптастыруға, кеңінен қолдануға сол мемлекеттің өзі қамқорлық жасауы керек.

2. Қазақ тілі терминологиясының жақсы дәстүрлерін жалғастыра, өскелең өмірдің биік талап-талғамына сай жүз беріп отырған бұқаралық үрдістің тіл үшін тиімді де қажетті жақтарын саналы түрде пайдалану.

3. Салалық терминдер мен атауларды жаңадан жасауда, өзгертуде, ауыстыруда ең алдымен қазақ тілінің төл, және бұрыннан қалыптасқан байырғы лексикалық байлығын сарқа пайдалану.

4. Термин шығармашылығында бұдан кейін туысқан түркі тілдерінің (әсіресе терминология дәстүріне бай жазба тілдердің) озық тәжірибелерінен, терминдік өрнек-үлгілерінен, оңтайлы да үйлесімді сөз жасау модельдерінен мүмкіндігіне қарай пайдалану.

5. Тіліміз үшін қажет, бірақ дәл баламасы жоқ, аударуға келе бермейтін интернационалдық терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз ерекшеліктеріне икемдеп қабылдау.

6. Орыс тілінен (жалпы славян тілдерінен) енген термин-атауларды мүмкін болғанынша қазақша аударып қолдану; аударуға келмейтіндерін бұрынғыдай сол қалпында емес, қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау.

7. Салалық күрделі терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз негізінде алғашқы әріптері мен буындары бойынша (сөз араластырылып та) кеңестік-интернационалдық термин-атаулардың үлгісімен қысқартып қолдануды заңдастыру.

8. Күн санап толассыз туындап жатқан терминдік ұғымдарға тілімізден дәл балама іздеуде де, термин-атауларды жаңадан жасауда да жалпы терминдерге тән талаптарды сақтай отыра, дәстүр мен шарттылық заңдылығын мойындау.

9. Тілімізге қабылданатын терминдер мен атаулардың мағыналық, тұлғалық жағынан жақындарын өзара топтастырып, салыстыра отырып, лексикалық байлығымызды салалық жүйе бойынша жіктеп, саралап пайдалану.

10. Тіліміздегі ұлттық және интернационалдық термин-атаулардың сандық және сапалық ара салмағын табиғи қалыпта сақтаудың жолдарын іздестіру.

11. Терминдер мен атаулардың емлесін тіл заңына, жазу дәстүріне сәйкес реттеу [7, 246-247].

Ә. Қайдар ұсынған қағидаттарына пікір айтып, өз ойын ортаға салған ғалымдардың бірі – Ө. Айтбайұлы. Ө. Айтбайұлының пікірінше, Ә.Қайдаровтың «жаңаша көзқарасын» негізінен қуаттай отырып, өзіндік

топшылауымызды да ортаға сала кеткенді жөн көріп отырмыз. Бір қазақ тілінде термин жасаудың 11 емес, 7 принципі бой көрсететінін байқаймыз. Тілдік материалдар осы жеті принцип шеңберінде топтай беретін тәрізді. Әңгіме бұл принциптердің санында емес, мәнінде ғой» – деп ғалым өзінің пікірін де ортаға салған [2, 22].

Жалпы алғанда, академик Ә. Қайдар ұсынған қағидаттар терминологияның бірқатар маңызды мәселелерін уақытында көтеруімен де, өзге ғалымдарға ой салғандығымен де, кейбір нақты ұсыныстардың болуымен құнды еңбек саналады.

Қазақ терминологиясы мәселесі бойынша елеулі еңбек етіп жүрген ғалымның бірі – Ш. Құрманбайұлы. Ш. Құрманбайұлының «Қазақ терминденуі», «Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары» «Қазақ лексикасының терминденуі» атты еңбектерінде қазақ терминологиясының зерттелуіне көп үлес қосуымен қатар, Алашорда зиялылары мен қазақ ғалымдарының еңбектеріне талдау жасады.

Тіл білімінде терминолог ғалымдар терминжасам тәсілдерін түрліше жіктейді. Ш.Құрманбайұлы өзінің «Қазақ терминологиясы» атты еңбегінде термин жасаудың мынадай төрт түрлі тәсілі кең тарағандығын айтады:

- 1) терминжасам (сөзжасамның түрлі тәсілдерін пайдалану арқылы);
- 2) терминдену (термин емес сөздердің терминдер қатарына өтуі);
- 3) қайта терминдену (өзге саланың дайын терминін пайдалану);
- 4) терминалмасу, халықаралықтандыру (өзге тілдерден дайын терминдерді қабылдап алу) [8, 539].


Мұндағы терминжасам үдерісі қазақ тіл біліміндегі сөзжасамның түрлі тәсілдерін қолдану арқылы қол жеткізеді. Сөзжасамның жасалу жолдарына лексика-семантикалық тәсіл, синтетикалық тәсіл, аналитикалық тәсіл және калька тәсілін жатқызсақ болады. ✓

Ұлт тілінде термин жасап, ғылыми-техникалық терминологияны ұлт тілі негізінде қалыптастыру үшін термин шығармашылығында қолданылатын амал-тәсілдер мен термин жасаудың ішкі көздерін айқындап, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін көрсету маңызды саналады.

Сөз атқаратын стилистикалық мағынасына қарай кәсіби мағына және терминдік мағына болып бөлінеді. Терминдік мағына – ғылым, техника, өнер саласында қолданылатын арнаулы сөздердің мағынасы. Терминдік мағына ғылым, техника, өнер саласындағы ғылыми ұғымдармен сәйкес келеді. Әр терминге тән дара және тұрақты мағына болады. Бұл термин сөздерге тән негізгі белгілердің бірінен саналады. Мысалы: күмбез (терминдік мағына) – «биіктігі жүздеген метрден мыңдаған метрге дейін жететін, көміліп қалған не қазіргі вулкан конусы» [ГТС, 35]. Ал лексикалық мағынасы «үлкен құрылыстың әшекейленген шаңырақ тәрізді төбесі, мұнара» [ҚӨТС, 587]. Екі мағынаның арасындағы семалық белгілердің ұқсастықтары (сыртқы форма ұқсастығы) негізінде бір ғана лексеманың екі түрлі ұғымды иеленіп, әрі лексикалық, әрі терминологиялық өрісте қызмет атқаратындығын көрсетіп тұр.

Терминжасам саласында терминдердің түзілуі белгілі бір тәсілдер негізінде жасалатыны анық. Ондай тәсілдердің қатарына мыналарды жатқызамыз:

3-кесте. Термин жасауда қолданылатын тәсіл түрлері



Терминжасамның *лексика-семантикалық* тәсілі бойынша К.Мұсаев мынадай пікір білдіреді: «Халықтық лексиканың терминденуі, жалпы қолданыстағы сөздердің терминге айналуы, жалпы әдеби тілдегі сөздердің терминденуі, сөз мағынасының алмасуы, жалпы қолданыстағы сөздерге жаңа арнаулы мағына жүктеу, тілдегі сөздерді терминдік мағынада қолдану, байырғы сөздерді терминологиялық мағынада жұмсау, сөз мағынасын өзгерту» [9, 23]. Терминологияда бұл тәсілдің орны ерекше.

Терминологтардың пікірінше, терминдер негізінен бір ұлт тілі негізінде, әрі сол тілдің сөзжасамдық тәсілдері негізінде түзілуі тиіс. Терминолог-ғалым терминжасам мәселелерін қарастыра келе, ең алдымен, терминдену үдерісіне тоқталады. Терминдену үдерісіне Ш.Құрманбайұлы мынадай анықтама береді: «Жалпыхалықтық тілдегі сөздерге терминологиялық мағына жүктеу арқылы белгілі бір арнаулы саладағы термин қатарына өткізу жолымен термин жасау тәсілі тіл білімінде терминдену деп аталады» [10, 28].

Диалектілер, көнерген сөздер, кірме сөздердің термин ретінде қолднылуы лексика-семантикалық тәсілдің басты белгілері болып саналады. Сонымен қоса, өзге бір саладағы бұрыннан қолданылып келе жатқан дайын терминнің келесі бір салаға термин болып көшірілуі де терминжасамда осы тәсілдің үлесіне тиесілі. Әдетте бұны *терминдену үдерісі* деп те атайды. Мысалы, жота терминіне тоқталып өтсек, бұл диалект сөз қазіргі танда терминологияда екі қайтара ұсынылып, медицина саласында және географияда қолданылып жүр. Географияда берілетін анықтамасына тоқталсақ, жота – көтеріңкі жер бедерінің атауы. Ал медицинада адамның арқа бөлігінің жоғарғы тұсын *жота* деп атайды.

Синтетикалық (морфологиялық) тәсіл – қосымшалар арқылы жасалатын терминжасам тәсілдерінің ішіндегі ең өнімді түрі. Бұл тәсілмен жасалатын сөздер лексикалық мағынаны иеленетін сөз бен қосымша морфемалардың (сөз тудырушы жұрнақ) қатысуымен жасалады. Қосымшалар арқылы сөз тудыруда сөзжасамдық ұя, сөзжасамдық тарам, сөзжасамдық жұп, сөзжасамдық тізбек,

сөзжасамдық саты ұғымдарын да назардан тыс қалдыруға болмайды. Терминнің сәтті де нақты шығуы осы ұғымдармен тікелей байланысты.

Сөз тудырушы жұрнақтарды термин жасау қабілетіне, қолданыстағы жиілігіне қарай өнімді және өнімсіз деп бөлуге болады. Дегенмен, өнімсіз жұрнақтар жиі пайдаланып, терминжасамда белсенділігі артуы әбден мүмкін. Ондай жағдайда өнімсіз жұрнақ өнімді жұрнақтардың қатарын толықтырады.

Қазіргі терминология саласында өнімді терминдер жасауға белсенділік танытып жүрген жұрнақтар қатарына *-ма/-ме; -м, -ы/-ім; -с, -ыс/-іс; -лық/-лік қосымшаларын* жатқызуға болады. Мәселен, *несептік (мочевой), жақпа май (мазь), демікпе (астма)*. Аса өнімділік таныта қоймаса да, термин жасауға қатысып жүрген біршама жұрнақтар бар: *-шы/-ші, -ғыш/-гіш, -қыш/-кіш, -уыш/-уыш, -қы/-кі, -ғы/-гі, -к/-қ, -ақ/-ек*. Мысалы: *таңғыш, тұрақтандырғыш, сутек, вегетериандық*. Ал өнімсіз жұрнақтар қатарына *-ат, -қа, -мыс, -н, -ын/-ін, -шақ/-шек, -ық/-ік, -ша/-ше* жұрнақтарын жатқызуға болады. Мысалы: *қаңғырық (слезная кость), таңбаша (ярлык), тырысқақ (холерный), мишық (мозжечок), үйшік (домен): сайттық интернеттегі адресі (Информатика, 5-сынып), браконьерлік: заңсыз аң-құс, балық аулаушылық (Жаратылыстану, 5-сынып)*.

Синтаксистік (аналитикалық) тәсіл сөздердің бірігуі, кірігуі, қосарлануы және тіркесуі, қысқаруы арқылы жасалатын туынды сөздер қорын қамтиды. Бұл тәсілді термин жасауда көп қолданылатын тәсілдер қатарынан деуге болады. Осылардың ішінде бірігу және кірігу арқылы жасалатын туынды сөздерді жалпылама сөзқосым тәсілі деп атаймыз.

Біріккен сөз екі я одан да көп түбір сөздің бірігуі арқылы жасалып біртұтас мағына береді. Ондай терминдер қатарына *асқазан, гүлсерік, итмұрын, санырауқұлақ* т.б. терминдерді жатқызуға болады. Ал кірігу арқылы жасалатын терминдер қатарын *білезік, қарлығаш, сексен, тоқсан* т.б. терминдер қамтиды. Яғни, біріккен екі сөздің іштей дыбыстық, морфемалық өзгеріске ұшырап біртұтас сөзге айналуын сөздердің кірігу тәсілі дейміз.

Қосарлану тәсілі бір сөздің қайталануы немесе екі сөздің қосарлануы арқылы жасалады. Бұл тәсілмен жасалған терминдер көп болмағанымен терминжасамда едәуір пайдаланып жүр. Мысалы: *оқ-дәрі, алым-салық, сана-сезім* т.б.

Екі не одан да көп сөздердің жеке-жеке мағынаға ие бола тұра, біртұтас термин ретінде қолданысқа түсіп, үйлесе тіркесіп жасалуы терминжасамда сөздердің тіркесу тәсілі деп аталады. Мысалы: *қаратпа сөз, қарапайым сөз, бел омыртқа, тоқ ішек, ақ түйіршік* т.б.

Терминжасамдағы калькалау тәсілі өзге тілдегі терминдердің жасалу үлгісін, мағынасын пайдаланып, ұлт тіліне бейімдей отырып термин жасау. Құрылымы мен мазмұн ерекшеліктеріне қарай калька үш топқа жіктеледі: *сөзжасамдық калька, семантикалық калька және фразеологиялық калька*. Шет тілі сөзін әр морфемасы бойынша дәл аудару *сөзжасамдық калька* деп, ал оның ауыспалы мағынасын алу *семантикалық калька* деп аталады.

Калькалау – өзге тілдердің терминдерінің жасалу үлгісі мен мағынасын пайдалана отырып, ұлт тілінде термин жасау. Калькалау термин шығармашылығында айрықша орын алады, сол себепті терминжасамның жеке

амалы ретінде қарастыруға болады. Калькалау барысында өзге тілдегі сөздің мағынасы мен құрылымы терминжасамда пайдаланылады. Өнімді тәсіл ретінде жеке тәсіл ретінде танылып, өзге тілден сөз алынбай ұлт тілінің өз сөзі пайдаланылатындықтан оны «жасырын сөзалмасым» немесе «жабық сөзалмасым» деп те атайды. Калькалау барысында бір тілден екінші тілге сөз мағынасы да, сөздің құрылымы да алмасумен қатар нәтижесінде қабылдаушы тілде жаңа термин жасалады. Яғни мұнда тіларалық терминдену мен терминжасамдық сипат бар. Сол себепті калькалауды үш тәсілдің бірлігінен тұратын, терминжасамның құранды тәсілі ретінде қарастырудың негізі бар.

Калькалау өзге тілдердің сөздерін дайын өзгеріссіз көшіру емес. Біздіңше, жалпы калькалауды шет тілдерінің сөздерін игерудің тәсілі деп қарайтын ғалымдардың пікіріне көбірек ден қойған орынды. Толық калька жасау кезінде ұлт тілінің сөздері мен қосымшалары пайдаланылады. Термин жасаудың жаңа үлгілері туындайды. Семантикалық калька жасау барысында да метафоралау, алмастыру жолымен тіліміздегі сөздердің арнайылану, терминдену процесі жүзеге асады. Калькалауды механикалық түрде айнытпай көшіру деп қана қабылдамай, оның белгілі дәрежеде шығармашылық процес екендігін де ескерген дұрыс.

Жалпы қай тәсілмен болмасын жаңа сөз, жаңа термин жасауды оңай шешімін табатын, әркімнің де қолынан келе беретін іс емес. Бұл арнайы біліктілікті, машықтануды, көп ізденісті қажет ететін, шығармашылықпен жүзеге асатын жұмыс. Калькалау да солай. Термин шығармашылығында бұл тәсілді пайдалана отырып арнаулы сала атауларын жасағанда бұл мәселенің «Калькалау тәсілімен термин жасау – оңай іс емес. Аударма сәтті болуы үшін шет тілі сөзінің семантикасын, морфологиялық құрылымы мен қолданылатын саласын жақсы білу керек» – деп Г.Ц.Пюрбеев атап көрсеткен қырларына жете көңіл аудармай болмайды [11, 101].

Калькалаудың аудармадан басты ерекшелігі – қабылданушы тілде жаңа сөз пайда болып, ол сөздің мағынасы сол жаңа сөздің жасалуына негіз болған тілдегі сөздің мағынасымен сәйкес келеді. Қазақ тіліндегі терминдердің елеулі бөлігі калькалаудың түрлі тәсілдері арқылы жасалған.

Калькалау арқылы жасалған терминдер де күнделікті теледидар, газет-журнал арқылы қолданылып жүргендіктен, санамызға сіңіп, тіліміз үйреніп кетті. Кейбір тілдерде калька шет тілдері сөздерін игерудің бірден-бір тәсілі саналады.

Жалпы тілтанымда *калькалау тәсілі* кез келген тілдің сөзжасам жүйесінде өнімді тәсілдердің бірінен саналады, өзге тілдегі сөзді оның құрылымын сақтай отырып, ұлт тіліне соған сәйкес келетін сөзбен, морфемамен дәл аудару арқылы жасалатын тілдік бірлік екені белгілі. Біздің байқауымызша, химия терминдерінің қазақша тұлғасы көбінесе орыс тілі химия терминдерінің негізінде калькалану арқылы жасалғандығы аңғарылады. Аударманың сәтті шығуы үшін өзге тілдегі сөздің (сөз тіркесінің) семантикасын, морфологиялық құрылысы мен қолданылатын саласын жақсы білу керек. Яғни, калькалау тәсілі арқылы термин жасау өте күрделі құбылыс. Оған дәлел ретінде *сутегі* (водород), *оттегі* (кислород), *көміртегі* (углерод) калькалау тәсілі арқылы сәтті

жасалған термин сөздер. Орыс тіліндегі екі түбір сөзді (*вода* және *род*, *уголь* және *род т.б.*) бір-бірімен біріктіруге негіз болған *-о, -е инфикстері* (қыстырма дыбыстар) үндіеуропа тілдерінде терминжасамның өнімді тәсілдерінің бірінен саналады. Ал *род* сөзінің мағынасымен қазақ тілінде тепе-тең түсетін *тек* сөзінің жалпыхалықтық сипат алған мағынасы: «шыққан негізі, нәсілі, тұқымы» [ҚТС, 629].

Терминдердің өзіндік жасалу жолдары, қалыптасу тарихы, термин жасамға қойылатын талаптар бар. Терминжасам жүйесі ғылым мен техниканың, білім, ғылым және техника салаларының түрлі даму сатыларынан өтіп, күрделі кезеңдерді өткерді. Қандай да бір жаңалық, жаңа ұғым терминмен белгіленіп, терминологиялық жүйеде өз орнын тауып отырады. Алайда сан салада жасалып, қолданысқа еніп жатқан терминдік лексика, бүгінде, өкінішке орай көбінесе игерусіз, назардан тыс қалып, өз бетінше өмір сүреді.

Термин жасауда ұлттық таным мен мәдениет ұғымдарын басшылыққа алынған кезде ғана қазақ тілін ғылым тіліне айналдыруға болады. Аты айтып тұрғандай, қазақ терминологиясы қазақтың тілдік бірліктерімен түзілгені дұрыс. А.Байтұрсынұлының термин түзудегі қағидаттарының бірі – термин қалыптастыруда қазақтың төл сөздерін алу. Қарапайым тілмен айтқанда, қазақ халқының ғылым тілі қазақ тілінің тілдік бірліктері арқылы жасалуы тиіс, ғылым тіліндегі әрбір термин болмаса да, басым көпшілігінің аты да, заты да қазақы сипатқа ие болуы керек. А.Байтұрсынұлы жасаған әрбір терминнен ұлттық танымды көруге болады. Қазақы тәрбие алған, қазақ шығармаларымен оқыған әрбір қазақ бұл терминдерді бірден қабылдайды әрі тәжірибеде қолданады. Қандай да бір термин түзуде ұлттық болмысымызды, дүниетанымымызды негізге ала отырып, ұлт тақырыбы аясында жасалған термин халық үшін, тұтынушы үшін қашанда өміршең келеді.

1.2 Терминдену үдерісі және жалпыхалықтық лексиканың терминденуі

Белгілі бір зат, құбылыс, сапа не әрекет туралы ұғым қалыптастыру – адамның танымдық қызметінің бірі. Ал танымның жоғары сатысы ретінде ойлау әрекеті шындық өмірдегі заттар мен құбылыстардың, іс-әрекеттердің жалпы қасиеттерін, мәнді және мәнсіз белгілерін бейнелендіріп, олардың арасындағы нақты байланыстар мен жаңа қатынастардың ашылуына үлкен септігін тигізеді.

Қоршаған ортаны тану, оны қабылдау әрекеті уәжділікпен байланысты. Ал уәжділік сезімге, эмоцияға қатысты болғандықтан, психология ғылымында қарастырылады. Себебі психология ғылымында адамның барлық іс-әрекеті, мінез-құлқы белгілі мөлшерде уәждеделген болып саналады. Затқа, құбылысқа, іс-әрекетке атау беру әр халықтың материалдық және рухани мәдениетінің, ұлттық ойлау жүйесі мен ұлттық ділінің ерекшелігін танытады. Затқа атау беруде, ең алдымен, оның мәнді және мәнсіз уәждік белгілері айқындалады. Анықталған уәждік белгілер затқа атау беруге негіз болады. Ал уәжсіз белгілер

адамның санасында өмір сүреді де, сөйлеу үдерісінде қолданысқа түседі. Атау беру үдерісі сол ұлттың өмір сүру тәжірибесіне байланысты. Сондықтан тілдік таңбалар ұлттың дүниетанымы мен тұрмыс-тіршілігінің тілдегі бейнесі саналады.

Атау беру үдерісі сол ұлттың өмір сүру тәжірибесіне байланысты. Сондықтан тілдік таңбалар ұлттың дүниетанымы мен тұрмыс-тіршілігінің тілдегі бейнесі саналады. Белгілі бір затқа атау бергенде адам баласы бір нысанды ұқсас нысаннан ажыратып тұратын белгісін негізге алып таңбалайды. Мұндай белгілер түрліше болуы мүмкін: түсі, көлемі, формасы, қызметі, материалы, екінші бір нысанға қатысы т.б. Тіл білімінде бұл белгілер уәждік белгілер деп аталады.

Адам болмысты сезім мүшелерінің көмегімен танып біледі, демек сезім мүшелерінің көмегімен көреді, естиді, иісін сезеді, дәмін татады, түйсінеді. Затқа ат беру үшін, ең алдымен, оның уәждері айқындалуы керек. Сол уәж затқа ат беруге жарауы мүмкін. Қандай да болмасын заттың атауы оны тек атап қана қоймай, сонымен бірге оны танытады. Әртүрлі ұлт өкілдері бір затты өзінің күнделікті тәжірибесінде қолданыстық жағынан танып, оны өзіне таныс құбылыстармен байланыстыратыны белгілі. Яғни, ат қоюда (номинацияда) өмір шындығы мен тұрмыс болмысы тіл фактілеріне айналып, халықтың тұрмыс-тіршілігі, тәжірибесі, салт-дәстүрі, наным-сенімі әртүрлі заттар түрінде тілде сөзбен аталып, бейнеленеді. Осының негізінде ол затты танып, біліп, оны басқалардан ажыратып танығаннан кейін барып ат қояды. Мұндай ажыратқыш бейнелер әртүрлі болуы мүмкін. Мәселен, түр-түсі, қызметі, көлемі, пішіні, өзге бір затқа қатыстығы т.б. әртүрлі ішкі және сыртқы қасиеттер. Тіл білімінде ол белгілерді уәждер (мотивтер) деп атайды.

Уәждік белгі – кез келген атауды түсіндіруге тырысатын адам психикасының табиғатына сәйкес лексиканың онтологиялық қасиеті. Ф. де Соссюр атап көрсеткендей: «Не существует языков, где нет ничего мотивированного, но немыслимо себе представить и такой язык, где мотивировано было бы все» [12,165]. Мұндай уәждік белгілерді химиялық элементтердің өн бойынан да табуға болады. Әр зат өзіне тән *түсімен* ерекшеленеді. Заттарды бір-бірінен *түсіне, көлеміне, түріне, пішініне* қарап ажыратамыз. Түстің пайда болуы мен өзгеруі – химиялық реакциялар жүруінің негізгі белгісі. Көптеген химиялық элементтер мен химиялық қосылыстардың табылуына себепші негіз оның түсі болған. Мәселен, алтын мен күмістің халықаралық атауы оның түсімен байланысты берілген деген пікір қалыптасқан. Алтын (хим.) «лат. *aureum*» – элементтер периодтық жүйесінің I тобындағы химиялық элемент, бекзат металдың бірі. Рет нөмірі 79, атомдық массасы 196, 967; балку температурасы 1063° С, қайнау температурасы 2947° С. Сары түсті, иілгіш және созылғыш металл. Сыртқы ортаның химиялық әсеріне аса төзімді. Оттек, сутек, азот және көміртеппен тікелей қатынасқа түспейді [13, 20]. Латын тілінде «*аурум*» тұлғасы *сары, таң сәрі*, ал «*аргента*» *ақ ашық, жылтыр* деген мағынаны білдіреді. Алтай дәуірі жүйесіне тән түркі және монғол тілдерінде алтын сөзінің шығу тарихы жайында бірнеше пікірлер бар. Монғол тілінде *алтан//алтин* түрінде дыбысталып, «*қызғылт мыс*» деген деген

мағынаны иеленеді екен. Кей ғалымдар алтын сөзін оның түсіне қарай түркі тілдерінің бәрінде дерлік қолданылатын *ал, ала* түбірімен «*ашық қызыл, от тәрізді түс*» байланыстырады [14, 5].

Азия халықтарында сауда-саттық жасауда ақша орнына әртүрлі нәрселердің қолданылып келгені белгілі. Түркі халықтарында (бұлғар) нәрсенің құнын белгілеуші алты тиіннің терісі болған. Сөйлеу тілінде қолданыла келе алты және *тиін* сөздері бірігіп, *алтын* тұлғасына дейін өзгерген. Ресей мен оған бағынған елдердің сөйлеу тілінде *алтынник* - 3 тиіндік ақша, *пяти алтынник* - 15 тиіндік ақша қолданысқа түскен. Уақыт өте келе бұл ақшаның орнын қағаз ақша басып, алтын сөзі түркі тілдерінде қымбат металдың атын ғана білдіретін болған тәрізді [14, 35-36]. Біздің ойымызша, алтын атауының о бастағы шығу негізі оның түсімен байланысты қалыптасқан сияқты. ҚТТС-де «*сары түсті жарқыраған қымбат металл*» деген сөздік мағынасы берілген. Семантикалық құрылымындағы *бағалы, қымбат* семалық белгісі бойынша метафоралану арқылы ауыс мағынада *алтын дән* (астық), *ақ алтын* (мақта), *қара алтын* (көмір) сияқты номинациялық тіркестер қалыптасқан. Латын тіліндегі мағынасы *таңсәрі* деген мағынаны иеленсе, қазақ тілінде де сары түс күн және *алтын* сөздерімен ассоциацияланады. Бұны тіліміздегі *алтын күн, алтын арай* т.б. тілдік қолданыстар нақтылай түседі. Күн – тіршіліктің көзі, осы химиялық элементтің қазақ дүниетанымы бойынша *қасиетті, бағалы, қымбат* металдың бірінен танылуына негіз болған деп тұжырымдаймыз [13, 56].

Химиялық элементтерді дүниенің кірпіші деп атау тегін емес сияқты. Өйткені Жер, Күн және басқа планеталар, өсімдіктер, жан-жануарлар организмдерін құрайтын заттар химиялық элементтердің қосылыстары. Д.И.Ломоносовтың тұсында жай заттар деп саналатын су мен ауаның өзі күрделі қосылыстар ретінде танылды. Осындай *қосылысының түсіне* қарай аталған металдың тағы бірі - мырыш (цинк). Латынша (цинкум) «*ақтаңдақ, ақ қабат*» деген мағынаны білдіреді. Демек, элементтің латын тіліндегі атауы оның *түр-түсімен* байланысты қойылған. Кейбір қосылыстарын ретортада (қазіргі атауы – *мойнақ*) қыздырғанда қалатын *ақ дақ* бойынша осылай аталған. Цинктің латынша атымен бірге қазақша «мырыш» деген атауы қазіргі тілімізде дублеттік терминдер қатарын түзген. ҚТТС-де «мырыш - қақтауға төзімді, көгілдір ақ түсті металл, химиялық элемент» деген мағынасы көрсетілген [ҚТТС, 354]. Химия ғылымында цинк бастапқыда *тініке* (1930-1938 жж.), содан соң *мырыш* (1939-1946 жж.), кейіннен *цинк, мырыш* болып дублеттік терминдер қатарын түзген. Қазақ халқы үшін *темір, алтын, жез, күміс, мыс* сияқты *мырыш* та ертеден белгілі элемент болғандықтан, оның қабылданған халықаралық атауымен қоса қазақша баламасының болуы талас тудырмас деген ойдамыз.

Номинация үдерісі қайсыбір халықтың қоршаған ортаны қабылдау, болмысты санада категориялау, концептуализациялау жүйесімен тікелей байланысты болады. Сөз негізгі семантикалық қызметі арқылы мағына тасымалдаушы таңба ретінде сөйлеу әрекетінің ұғымдық бірлігі ретінде қызмет атқарады. Сөз тілдік жүйенің, әрі сөйлеу тілінің бірлігі ретінде өзара диалектикалық бірлікте болады.


Адам баласына ай да, күн де, жұлдыз да ортақ болып келеді. Қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарға тән ұғым-түсінік жалпы адамзат баласына ортақ болып келеді. Мысалы: тас – таудың қатты жынысы, соның үлкенді-кішілі бөлшектері [ҚӘТС. 405]. Қоршаған ортадағы зат, құбылыстар әрбір халықтың өзіндік ұлттық дүниетанымына сәйкес көптеген ұғымдық белгілерді иеленеді, зат пен құбылыс, құбылыс пен әрекет арасындағы қатынастардың негізінде әртүрлі топтарға топтастырамыз, біріктіреміз, жіктейміз. Осылайша зат, құбылыс, әрекет бойындағы ұғымдық белгілер әр тілде түрліше көрініс табады. Осыдан келіп ғаламның тілдік бейнесі, ғаламның ұлттық тілдік бейнесі немесе ғаламның ғылым тілдік бейнесі түзіледі.

Қазіргі қазақ тіліндегі сөздер қолданылу өрісіне қарай үлкен екі топқа бөлінеді: жалпы халыққа түсінікті, яғни қазақ халқы түгел қолданатын сөздер, екіншісі – таралу аясы шектеулі, белгілі территорияда ғана қолданылатын диалект не әлеуметтік ортаға қызмет ететін кәсіби сөздер, терминдер, арго, жаргондар.

Бірінші топқа енетін жалпы халық қолданатын сөздер бүкіл әдеби тілдің негізін құрайды және тілімізде сөз жасауға негіз болады. Онсыз халық бір-бірімен қатынас жасауы мүмкін емес. Ауызекі немесе жазба сөйлеу тілінде болсын өз ойымызды жеткізу үшін, біз жалпыхалықтық лексиканы пайдаланамыз. Сол себепті жалпылама лексика әдеби тілдің негізгі қорын құрайды. Жалпыхалықтық сипат алған лексикадағы сөздер тек тура мағынасында ғана емес, метафоралық, метонимиялық, синекдохалық жолмен көрініс табатын ауыспалы мағынада қолданылып, түрлі контексте әртүрлі экспрессивті мәнді иеленеді.

Ал таралу аясы шектеулі сөздер тек белгілі бір аймақта, салада, әлеуметтік ортада ғана қызмет етеді. Қолданылу аясы тар лексика құрамына диалект сөздер, термин сөздер, арголар мен жаргондарды жатқызамыз. Арнаулы лексиканың өзі екі салаға бөлінеді: термин сөздер мен кәсіби сөздер.

4 -кесте. Жалпыхалықтық лексиканың жіктелімі



Тіл – адам санасындағы ақпаратты қалыптастыру, тасымалдау және оны сақтаудың негізгі вербалды құралы. Тілдік номинация адам санасының, қоршаған ортаны тану, оны қабылдау сияқты әрекеттердің нәтижесінде туындайды. Сол себепті белгілі бір тілдік жүйе негізінде кез келген халықтың когнитивті үдерісінің ізі сақталып, белгілі бір ұғыммен таңбаланатын атау болып келеді. Ұғым негізінен екіге бөлінеді: қарапайым ұғым және ғылыми ұғым. Бір ғана лексема арқылы көрінетін лексикалық мағына қарапайым ұғымды, ал терминдік мағына ғылыми ұғымды білдіреді.

Мұндағы ғылыми ұғым ғылыми зерттеулер мен тұжырымдардың негізінде алынады. Мәселен, жалпы халыққа «су – иіссіз, түссіз, мөлдір сұйық зат [ҚӘТС, 450] болса, химия саласында жүргізілген ғылыми зерттеулердің негізінде «сутегі оксиді, H_2O қалыпты жағдайда сутегінің оттегімен химиялық байланысы» деген терминдік мағынаны иеленеді [ГТС, 74]. Әдеби тілдегі сөз негізінен жалпылама атаулық қызмет атқарып, ұғымның сыртқы белгілерін ғана қамтыса, термин сөз ретінде оның ішкі белгілері негізге алынған. Бұл ішкі белгілер арнайы құралдар арқылы алынып бақыланады. Бір ғана лексема әрі лексикалық, әрі терминдік мағынаны иеленіп тұр. Мұндағы ерекшелік бірі қарапайым ұғымды, екіншісі ғылыми ұғымды иеленіп тұр.

Қазақ тілінің терминологиялық лексикасын құрайтын терминдену тәсілімен жасалған терминдер – жалпыхалықтық қолданыстағы сөздер. Жалпыхалықтық қолданыстағы сөздер терминденудің, яғни лексика-семантикалық, морфологиялық және аналитикалық тәсілдер арқылы терминдене алады. Ең алдымен, терминдену үдерісінің қалай жүзеге асатындығына назар аударайық.

Терминді термин сөз ретінде пайдалану үшін терминдер жүйесіндегі орны нақтыланған, әрі ғылыми пайымдаулар негізінде алынған ғылыми ұғымы болуы тиіс. Терминдену порцесінің басты шарты – белгілі бір ғылыми ұғымды иеленуі. Сол иеленген ғылыми ұғым өзіне тән айрықша белгілері мен қасиеттері болуы керек. Бұл белгілер оны өзге ұғымдардан ажыратуға негіз болады, әрі ұғымның қамтитын шекарасын, көлемін нақтылайды. Айқындалған ұғымның басты белгілерін көрсете отырып, оның мазмұнын толық ашатын анықтама беріледі. Мұндай анықтаманың немесе терминдік дефинициясының дәл болуы қажет. Егер терминнің дефинициясы дәл берілмесе, онда ұғымның мазмұны да солғын ашылады. Соған сәйкес ондай ұғымды сөзбен белгілеу кезінде де ауытқушылық кетеді.

Ғылыми ұғымның негізгі белгілерін дәл көрсететін ғылыми анықтама бергеннен кейін, анықтамаға сүйене отырып, сол ұғымға өзінің мазмұнына сәйкес келетін атау беру (ат қою) қажеттілігі туындайды. Айқындалған ғылыми ұғымға ат қою – терминдену үдерісі ретінде танылады. Ұғым мазмұны белгілі болғаннан соң, терминолог немесе салалық мамандар мазмұннан формаға қарай жүреді. Терминдену тәсілін қолдану арқылы тілші маман немесе салалық мамандар ұлттық тілдің лексикалық құрамындағы сөздердің ішінен ұғымның мазмұнын қамтитын сөзді тандауға көшеді.

Демек белгілі бір ғылыми ұғымға атау беруде терминолог не салалық мамандар өз тілінің лексикалық құрамы мен тілдік жүйені жетік білуі қажет

екендігін айтқан жөн. Ұғымды және сол ұғымға атау беретін тілді жақсы білгенде ғана форма мен мазмұн бірлігіне қол жеткізуге болады.

Осы орайда А.Байтұрсынұлы жасаған *зат есім, сын есім, сын есім, есімдік, үстеу, етістік, шылау* сияқты терминдердің тілдік санаға сіңіп, терминдік мағынасының тілдік жадымыздан шықпай, тілдік санада ұзақ уақыт өмір сүруі – терминденуші ұғымдардың мазмұнын, тілдік бірліктердің тіл жүйесіндегі орны мен қызметін терең білумен қатар, қазақ тілін жоғары деңгейде меңгергендігінде жатқаны айтпаса да түсінікті. Терминнің ішкі мазмұны мен сырты формасының үндесіп, өзі таңбалайтын зат, құбылыс, сапа, іс-әрекетке сай келуі – терминологтар мен салалық мамандардың жасаушының ұғым атауының, біз, сөз етіп отырған екі жағына бірдей мән беруімен тікелей байланысты.

А.Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің терминологиясын жасаушы. Қазақ тіл білімінің саласындағы негізгі ұғымдарды және олардың өзара байланысын анықтап, яғни қазақ тілінің табиғатын көрсететін ұғымдар жүйесін түзумен қатар, сол ғылыми ұғымдардың атауларын да түзіп шығарған. Қазақ тіл білімінде терминжасам тәжірибесі А.Байтұрсынұлы еңбектерінен, яғни ХХ ғасырдың алғашқы он жылдығындағы «Тіл – құралынан» бастау алады. «Тіл-құрал» еңбегінде 310 лингвистикалық термин қолданған. Оның ішінде, фонетикаға қатысты 108 термин, лексикологияға қатысты 11 термин, морфологияға қатысты 109 термин, синтаксиске қатысты 64 термин, жалпы тіл біліміне қатысты 18 термин қолданысқа түскен. Қазіргі кезде қазақ тіл білімінде 118 термин сөз қолданылып жүр. А.Байтұрсынұлы терминдерді ана тіліміздің байырғы сөздерінен жасаған. Тілде баламасы жоқ жағдайда шетел терминдерін қабылдауға болады, бірақ шетел терминдерін қазақ тілінің дыбыстық заңдарына сәйкестендіріп алу керек деп санаған.

6-кесте. А.Байтұрсынов қолданған терминдер мен қазіргі қолданыстағы терминдер жүйесі

А. Байтұрсынов қолданған терминдер	Қазіргі қолданыстағы терминдер
баяншы мүше	баяндаушы
ымырасыз хари́фтер	ұяңдар
қосалқы сөз	шылау
бұратана сөздер	варваризмдер
дыбыс жүйесі	фонетика
сөз жүйесі	морфология
сөйлем жүйесі	синтаксис
кіші сызықша	дефис
ноқат	нүкте
қабат үтір	тырнақша

Қазақ лексикасының терминдену көздері ретінде жалпыхалықтық лексика, диалектілік лексика, кәсіби сөздер мен көнерген сөздерді қарастыруға болады.

Терминолог ғалым Ш. Құрманбайұлы қазақ лексикасының терминдену үдерісін бес кезеңге бөліп қарастырады. Бұл кезеңдер төмендегідей жіктеледі:

- қазақ лексикасы терминденуінің алғашқы кезеңі;
- XX ғасырдың бас кезеңіндегі қазақ лексикасының терминденуі;
- ғылыми терминологияны қалыптастырудағы А.Байтұрсынұлының рөлі;
- 1930-1990 жылдар аралығындағы қазақ лексикасының терминденуі;
- қазақ лексикасының қазіргі кезеңдегі терминденуі [10, 117-156].

Бір ғана лексема бір мезгілде екі жүйеге, яғни лексикалық және терминологиялық жүйеге қызмет атқара алады. Сөз лексикалық өрістен терминологиялық өріске өткенде терминдік мәнді иеленеді. Сөз ғылыми ұғымды иеленгенде, лексикалық өрістегі мән-мағынасынан айырылады. Енді осы айтылған ойды дәйектеу үшін мысал келтірейік.

Жал – 1. Жылқының, құланның желкесіне қалың әрі ұзын болып өскен қыл;

2. Ауыс. Жалдың астына біткен май (жегені жал мен жая);

3. Тау салаларының үстіңгі жақ қыры (аты жалда жайылып жүр);

4. Шөп шабылған кезде шабылмай қалған ұзынша жер (жал қалдырмай шап);

5. Жер жыртқанда жыртылмай қалған ұзынша жер (жыртқан жерінде жал қалып қойыпты).

6. Термин. Гидротехникалық құрылыстардың (су қоймасының қазаншұңқырын, электр станцияларын) топырақпен қоршап жасалатын үйінді [sozdikqor.kz].

Жалпыхалықтық қолданыстағы сөздердің терминденуінің екі түрлі жолын көрсетуге болады:

- жалпыхалықтық қолданыстағы сөздердің лексикалық өрістен терминологиялық өріске өтуі арқылы ғылыми ұғымды иеленуі;

- ғылым мен техниканың дамуына сәйкес жаңадан қалыптасқан ғылыми ұғымды жалпыхалықтық қолданыстағы сөздермен таңбалау.

Көрсетілген терминдену үдерісінің қай-қайсысы болмасын, терминологиялық жүйеде өзіне тән терминдік мағынаны иеленіп, терминдік қызмет атқарады.

Белгілі бір затқа атау бергенде адам баласы бір нысанды ұқсас нысаннан ажыратып тұратын белгісін негізге алып таңбалайды. Мұндай белгілер түрліше болуы мүмкін: түсі, көлемі, формасы, қызметі, материалы, екінші бір нысанға қатысы т.б. Тіл білімінде бұл белгілер *уәждік белгілер* деп аталады. Таңба мен таңбаланушы арасындағы осы уәждік белгілер экстралингвистикалық факторларға негізделеді [12,17].

Көп жағдайда екі затты немесе құбылысты салыстыру барысында байқалатын нәрсе олардың ішкі немесе сыртқы белгілеріндегі ұқсастықтар. Осы ұқсастықтар (сыртқы түр-тұлғасы, пішіні, көлемі, түсі, қызметі т.б.) негізінде меафоралану процесі жүріп, нәтижесінде термин сөз жасалады. Халықтың тілдік санасында бар сөздерге терминдік мағына телу арқылы, біз, қазақ тілінің ғылыми тілге айналдырамыз, әрі сол терминнің тілдік жадыда ұзақ сақталуын


қамтамасыз етеміз. Енді жалпыхалықтық қолданыстағы «шумақ» деген сөздің терминдік мағынаны иелену үдерісіне тоқталайық:

Шумақ – өлең-жырларда, дастан поэмаларда өлең тармақтарының (жолдарының) белгілі ретпен топтасуы. Бір жол, бір жеке тармақтан өлең ырғағы айқын аңғарылмайды. Ол үшін кем дегенде ырғақтың өрнегі ұқсас екі тармақ алынуы керек [ӘТС, 309].

1. Бір топ нәрсенің жиынтығы, тізбегі, будағы, бума. Әжемнің шапанының қалтасынан бір шумақ кендір жіп тауып алдым. Мұндай қуанбаспын (Қанахин Ә., Жер бас).

2. Тізбек, будақ. Алыстан шумағы қалың бір шаң көрініп еді, сол шаң жақындап келеді (Әбішев Ә., Замана.) [sozdikqor.kz].

1-сызба. Шумақ сөзінің лексика-семантикалық жолмен терминденуі



Сондай-ақ, әдеби тілде *сауыт* деп «оқтан, найзадан, сүңгіден сақтану үшін ертеде батырлар киген тор көзді темір кіреукені» [ҚӘТТС, 56] және «зат салып қоятын кішігірім құты ыдысты айтса [ҚӘТС, 145], биологияда *сауыт* (панцирь) деп «кейбір жәндіктер (мысалы, шаянтәрізділер) мен жануарлардың (бірсыпыра балықтар, жорғалаушылар, тасбақа, крокодил), сүтқоректілердің денесін қаптап, оларды жауыннан, зақымданудан қорғайтын қатты жабындыны» айтады [БТС, 41].

Жалпы қазақ халқының тілдік санасындағы «сауыт» сөзінің лексикалық мағынасы негізінде биологияда терминологиялық өріске өтіп, арнайы биологиялық ұғымды білдіретін термин сөзге айналған. Мұны да лексика-семантикалық тәсіл арқылы терминдену үдерісіне жатқызамыз. Метафоралық тәсіл негізінде, яғни сыртқы формасындағы ұқсастық бойынша лексикалық мағынадан терминдік мағынаға айналған. Негізгі семалық белгі – сақтау, қорғау. Лексикалық мағына ретінде батырды оқтан, найзадан сақтайтын, қорғайтын киім болса, терминдік мағына ретінде жануарларды жауыннан,

закымданудан қорғайтын қатты жабындыға айналған. Бір ғана лексема осылайша тілдік санада лексикалық және терминологиялық өріс аймағында өмір сүріп, сөйлеу тілінде метатілдіесім арқылы ерекшеленеді.

Терминдену үдерісі кезінде термин сөз бен термин емес сөздің мағынасына компонентті талдау әдісі жүргізіліп, олардың қандай да құраушы семалық бөліктерінің сәйкес келуі нәтижесінде сөз белгілі бір ғылыми ұғымды иеленеді. Нәтижесінде сөз жалпы лексикалық өрістен терминологиялық өріске өтеді де, екі өрісте тілдік қызмет атқарады.

Жалпыхалықтық қолданыстағы сөздердің лексикалық және терминологиялық өрістегі атқаратын қызметіне назар аударайық:

7 - кесте. Жалпыхалықтық қолданыстағы сөздердің терминденуі

Атау	Қарапайым ұғым	Ғылыми ұғым
Су	Өзен, көл түзетін мөлдір, түссіз сұйық зат (<i>ҚӘТС, 13-том, 321</i>).	Қалыпты жағдайда сутек пен оттегі 1:8 көлемдік қатынаста болатын тұрақты қарапайым химиялық қосылыс (<i>termincom.kz</i>).
Жапырақ	Өсімдіктің көктемде бүршік атып, көктеп, күзде сарғайып түсіп қалатын мүшесі (<i>ҚӘТС, 6-том, 87</i>).	Фотосинтез және транспирация қызметтерін атқаратын өркеннің бүйірлік мүшесі (<i>Ботаникадан қысқаша терминдік сөздік, 45</i>).
Түбек	Сәбиді бесікке бөлегенде, жаялықтары былғанбас үшін бесіктің астын тесіп орнатқан нәрестенің дәреті жиналатын ыдыс (<i>ҚӘТС, 14-том, 561</i>)	Құрлықтың теңізге, көлге сұғына кіріп тұрған, үш жағынан сумен қоршалған бөлігі (<i>Физикалық география терминдері мен ұғымдары, 45</i>). Бір жағы құрлықпен шектесіп, қалған жақтары сумен қоршалған құрлық бөлігі (<i>termincom.kz</i>).

Терминденудің мұндай жағдайында жалпы қолданыстағы сөздер мен арнаулы саладағы терминдердің таңбаланушылары (означаемое) бөлек-бөлек, ал таңбалаушылары (означающее), яғни лексема екі ұғымға да ортақ болады. Кез келген тілдің лексикасының түзілуіне негіз екі дереккөзі бар. Оның бірі – жалпыхалықтық тіл болса, екіншісі өзге халық тілдері. Алғашқы жолы – терминжасам шығармашылығының ішкі көзі болса, кейінгісі сыртқы көзі ретінде танылады. Терминжасам шығармашылығының жоғарыда көрсетілген ішкі не сыртқы көздерінің басым болуына орай кей тілдердің терминологиялық лексикасының басым бөлігін ұлт тілінде жасалған терминдер құрайтын болса, кейбір тілдер сырттан қабылданған кірме терминдер өте көп кездеседі.

Қытай тілінің терминологиялық жүйесін зерттеген И.М.Ошанин қытай терминологиясы туралы былай деп жазады: «Философия, тарих, экономика, медицина, математика және тағы басқа көптеген еңбектерде көрініс тапқан ғылыми-теориялық ойлау жүйесі, қытай халқының материалдық

және рухани байлығы. Қытай мәдениетінің сан мыңжылдық дамуы сөзжасамның орасан зор мүмкіндіктерін тудырды. Бұл өзге халықтардан алынған кез келген ұғымды өз тілі арқылы таңбалауға мүмкіндік берді, сондықтан қытай тіліндегі тікелей қабылданған және шетелдік сөздердің үлесі өте аз [15, 78].

Су, жапырақ және түбек сөздерінің жалпы әдеби тілге де, терминологияға да ортақ бір ғана ұғымның атауы екендігі дәлелдеуді қажет етпейді. Алайда осы екі жүйеге де бірдей қызмет ететін сөздің келтірілген анықтамаларынан термин және термин емес сөздің арасында едәуір айырмашылықтардың болатынын байқау қиын емес. Әдеби тілдегі сөз негізінен неғұрлым жалпылама атаулық қызмет атқарып, ұғымның сыртқы белгілерін ғана қамтыса, терминнің дефинициясы арқылы ұғымның тиісті ғылымның даму деңгейіне сәйкес анықталған әрі оның терминологиялық өріс ішіндегі алатын орны мен көлемін нақтылай түсетін, сырт көзге аңғарыла бермейтін ішкі белгілер көрсетіледі. Сөздің бастапқы лексикалық мағынасы арқылы көрінетін белгілері мен терминденгеннен кейін оған дефиниция арқылы бекітіп берілген белгілері сәйкес келмейді. Төмендегі мысалдан да оны анық көруге болады. Мәселен, жалпы қолданыста тау деп «айналасындағы жерден едәуір көтеріңкі, биік жерді» айтса, физикалық географияда тау термині «айналасынан оқшау, айқын байқалатын беткейі, етегі және шыңы бар, теңіз деңгейінен биіктігі кемінде 200 м болатын көтеріңкі жер», – деген ұғымды білдіреді.

Терминнің мазмұны логикалық жолмен арнаулы сала үшін ең қажетті және жеткілікті белгілері айқындалған тұрақты дефинициясы арқылы ашылған. Айталық таудың биіктігі кемінде теңіз деңгейінен 200 м көтеріңкі болатындығы сондай қажетті белгілердің бірі. Терминде ондай белгілер бірнешеу. Л.А.Капаназе «терминдену – сөздің лексикалық мағынасын «кесіп», оған дефиницияны «таңып беру» деген болатын [16].

Қорыта айтқанда, жалпыхалықтық лексиканың терминденуінің екі түрлі жолын көрсетуге болады:

Біріншісі – халықтың ұғымында бұрын болмаған ғылым мен техниканың, өнердің даму барысында алынған жаңа ғылыми ұғымды тілде бұрыннан бар сөзбен белгілеу. Терминденудің мұндай жағдайында сөздің тек дыбыстық жағы алынады, бір ғана лексема екі жүйеде екі түрлі ұғымды білдіріп, екі түрлі қызмет атқарады. Терминдену нәтижесінде алынған жаңа термин омонимдік қатар түзеді.

Екіншісі – халықтың ұғымында бұрыннан бар ұғымның атауымен қоса, жалпы лексикалық өрістен белгілі бір терминологиялық өріске өтуі. Бұл жағдайда ғылым мен техниканың даму деңгейі мен терминологиялық жүйенің талабына сәйкес ұғым жаңа сапалық белгілерді иеленеді. Сөздің лексикалық мағынасын құрайтын, белгілерінің орнын (кейбір белгілері сақталуы мүмкін) ғылыми немесе арнаулы ұғым белгілері алмастырады.

Терминденудің екі түрінің арасында елеулі өзгешеліктер бар екендігіне қарамастан екі түрлі жолмен терминденген сөз де бірдей терминдік қасиеттерді иеленіп, белгілі бір терминологиялық өріске бағынышты болады. Әдеби тілдегі сөздер қай тәсілмен терминденсе де өріс ішінде бірдей қызмет атқарып, бір

деңгейде тұрады.

Қазақ тілінің аймақтық лексикасы, оның өзіндік ерекшеліктері мен әдеби тілге қатысы тілші-ғалымдар тарапынан едәуір зерттелген мәселелер деуге болады. Оған тіл білімінің диалектология саласын арнайы зерттеген С.А.Аманжолов, Ж.Д.Досқараев, Ш.Ш.Сарыбаев, Ә.Нұрмағамбетов, С.Омарбеков, О.Нақысбеков, Н.Жүнісов, Ғ.Қалиев, Т.Айдаров сияқты ғалымдардың еңбектері куә бола алады.

Әдеби тілдің лексикасы мен аймақтық лексика арасындағы байланыс сияқты, ғылым мен техниканың түрлі саласына қатысты терминологиялық лексика мен аймақтық лексика арасында да байланыс бар. Алайда, бұлардың соңғыларының арасындағы байланыс қазақ тіл білімінде әлі арнайы қарастырыла алмай келе жатқан мәселелердің қатарында болып табылады. Сондықтан оған арнайы көңіл бөлудің мәні айрықша. Бұл әсіресе терминология үшін өте қажет [8].

Қазақ терминологиясында диалектілік лексиканың терминденуі арқылы жасалған терминдер тым жиі болмаса да кездеседі. Мәселен, Ақтөбе, Батыс Қазақстан облыстарының жекелеген аудандарында қолданылатын «төп» сөзі биология терминдерінің қатарынан орын алған. Қазақ тілінің диалектологиялық сөздігінде бұл сөзге – «сөктен жасалған ботқа, каша, көженің қоюы» деген түсініктеме берілсе, 1988 жылы жарық көрген биология арнаулы сөздігінде төп (барда) терминіне – «малға жем ретінде пайдаланылатын спирт өндіргенде қалатын қоймалжың қалдық» деген анықтама берілген. Байқап отырғанымыздай, диалекті сөздің білдіретін ұғымы мен терминдік ұғымның ұқсастығына (қою, қоймалжың және азықтық қасиеттеріне қарай) орай термин жасалынған [10, 54].

Жоғарыдағы терминденген диалекті сөздердің көпшілігі қазақ тілінің он томдық түсіндірме сөздігіне енгізілген екен. Түсіндірме сөздіктен орын алуы – олардың терминденуіне белгілі дәрежеде ықпал еткен деп білеміз. Жалпы диалектизмдер есебінен арнаулы лексиканың да, жалпы лексиканың да қатары молыға түсетіндігін тілдік деректер көрсетіп отыр. Алайда аймақтық лексиканың терминдену деңгейі өзге лексикалық қабаттармен, оның ішінде жалпы қолданыстағы сөздермен салыстырғанда онша жоғары емес. Оның ең басты себебі – көбінесе диалектизмдердің әдеби тілде баламасы болуынан деп түсінеміз. Терминдену кезінде жалпыхалықтық қолданыстағы сөздер негізге алынады.

Диалектілік лексиканың әдеби тілді байытудың бір көзі екендігін тілші-ғалымдар тарапынан дәлелденгендігі белгілі. Сондықтан бұл қорды орнымен пайдалана білу – қазақ терминологиясының ұлттық сипатының артуына үлкен септігін тигізері анық. Термин шығармашылығында ана тілінің өз байлығын сарқа пайдалану принципін шынайы жүзеге асыру үшін бұл көзді термин жасау барысында ұтымды пайдалану қажет.

Аймақтық лексиканың екі түрлі жолмен терминденетіндігі анықталды. Біріншісі – әдеби тіл арқылы терминдену. Яғни, бұл – белгілі бір аймақта қолданылатын сөздің әдеби тілге еніп, жалпы қолданысқа көшкеннен кейін барып терминологиялық өріске өтіп, терминдік мағынада жұмсалуды. Бұл топқа

алқа, собық, қандауыр сияқты сөздеркіреді.

Екіншісі – жергілікті сөздердің тікелей терминденуі. Мұндай жағдайда диалекті сөз жалпы қолданысқа көшпей-ақ бірден белгілі бір терминологиялық өріске өтіп терминдер қатарынан орын алады. Мәселен, *төп, ұжым, үрдіс, түнек* тәрізді сөздер осы екінші жолмен терминденген.

Қорыта айтқанда, қазақ тіліндегі терминологиялық лексиканың қалыптасуына негіз болатын жалпыхалықтық қолданыстағы сөздер мен диалектілік лексика туралы айтылды. Арнайы зерттеу жүргізу арқылы олардың терминдену деңгейі, терминологиялық жүйеден орын алу мүмкіндіктері қарастырылды. Терминжасамның негізгі көзі ретінде жалпыхалықтық қолданыстағы сөздер иеленетіндігі дәйектелді.

Терминжасамның ішкі көзін құрайтын өзге лексикалық қабаттармен қатар, қазір өте сирек қолданылатын көнерген сөздер де терминдер қатарын молайтуға өзіндік үлес қосады. Мысалы, сондай сирек қолданылатын сөздің бірі – кіреуке. Ертеректе батырлардың жаугершілікте жауға киетін темір сауытын кіреуке деп атаған болса, қазір медицина ғылымының стоматология саласында кіреуке (эмаль) – «құрамында 96,5 процент бейорганикалық заттар және гидроксипатит кристалдары бар, тіс сауытын жаба отырып, дентин мен ұлпаны сыртқы тітіркенуден қорғайтын, беріктігі жағынан кварц пен апатиттің аралығында болатын организмдегі ең берік ұлпаны» атайды [10, 38].

Бұл термин тілде қазір сирек қолданыла бастаған сөздің мағынасының метафоралануы арқылы жасалған. Сөздің терминденуіне негіз болған – екі ұғымның өзара ұқсастығы. Яғни, тістің сыртын жауып тұратын қабаттың беріктігі мен қорғаныштық қызмет атқаруы «кіреуке» сөзінің терминденуіне себеп болған. Биологиядағы «кейбір жәндіктер (мысалы, шаянтәрізділер) мен жануарлар денесін қаптайтын қатты жабын, бірсыпыра балықтар, жорғалаушылар (тасбақа, крокодил) және сүтқоректілердің денесін қаптап, оларды жауыннан зақымданудан қорғайтын бөлігі», – деген ұғымды білдіретін сауыт термині, «октан, найза-сүнгіден сақтау үшін ертеде батырлар киген тор көзді темір кіреуке», – деген мағынаны білдіретін сауыт сөзінің терминденуі арқылы жасалған.

Бұл жерде сөздің терминденуіне екі ұғымның қызмет ұқсастықтары негіз болғандығы көрініп тұр. Жәндіктер мен жануарлардың сауыты оларды жауын-шашыннан, зақымданудан сақтаса, батырдың сауыты оны октан, найза-сүнгіден қорғайды. Екі сауыттың да қызметі бір. Атаулардың алмасуы көбінесе метафоралық жолмен және қызмет ұқсастығы негізінде болатындығын лексиколог ғалымдардың арасында айтып жүргендері бар. Бұл туралы Б.Қалиев өз еңбегінде былай дейді: «К функциональным переносам относятся такие переносы, в которых изменение значений слов происходит на основе общности или близости функции» [17, 42]. Әртүрлі лексикалық қабатқа жататын сөздердің терминденуі көп жағдайда осы аталған ұқсастықтарға негізделеді.

Жалпы көнерген сөздер терминжасамның бір көзі ретінде танылып, термин шығармашылығында қолданысқа түскен. Осы мәселе туралы сөз қозғаушылардың бірі Н.Әшімбаева өз мақаласында бір сөзжасам үлгісі арқылы (-ауыл, -еуіл, -уыл, -уіл) жасалған көне атақ-лауазым және әскери құрылым

атауларына тоқтала келіп. Ә.Қайдаровтың жасап жатқан этнолингвистикалық сөздігінің картотекасынан алынған бір топ атауларды әскери термин ретінде пайдалануға болатындығын айтады. Олар мыналар: айдауыл, асауыл, бақауыл, бекеуіл, бегауыл, бұқауыл, барлауыл, ереуіл, ертеуіл, жасауыл, қарауыл, қырауыл, сырғауыл, торғауыл, тексеуіл, тоқтауыл, томауыл, тосқауыл, тындауыл, тежеуіл, шырғауыл, шындауыл, шабуыл [18, 79].

Бұл атаулардың әскери терминологиямыздың құрамына ену қажеттілігі ешбір дау туғызбауға тиіс. Өйткені бұл атаулар терминге қойылатын талаптардың бәріне жауап бере алады. Бір мағыналылық, ықшамдылық сияқты талаптарды орындаумен қоса, терминологиядағы ұғымдар жүйесін бір үлгідегі атаулармен беру арқылы сол жүйенің ерекшелігін көрсету терминология үшін қажетті мәселе саналады.

Осы тұрғыдан қарағанда жоғарыдағы атаулардың әскери ұғымдарды жүйелеп беруге айрықша бейімділігі көрініп тұр. Сонымен бірге, бұл үлгіні терминжасамның бір үлгісі (моделі) ретінде пайдалана отырып, жаңа терминдер жасауға әбден болады. Тіліміздің терминжасам мүмкіндігін жетілдіру осылай жүзеге асуға тиісті екендігін айтқан жөн.

Академик Ә.Қайдаров «...көненің көзіндей сақталып, мағынасы күнгірттеніп, ұмыт болған, қолданыстан қалып, шаң басып жатқан көнерген сөздер аз емес. Оларды тірілтіп, жанартып, тіл қажетіне жаратуға әбден болады», – дей келіп, *қосын, ләйкер, жасақ, түмен, бұраңғар, ерен, бүйрекші, су, шерік, шеру, иелме, аламан, алай, атарман, шабарман, ондық, жүздік, мыңдық, жалаңқат, көбе, жебе, жекеауыз, сардар, самқал, сапы, сүмбе, топ, оқшантай* сияқты сөздерді әскери термин ретінде өмірге қайта әкелу керектігін айтады [19, 112].

Тілімізде пассив қолданылып келген жоғарыдағыдай сөздердің мағыналарын жаңғыртып, терминдік мағына жүктеу арқылы кәдеге жарату көбінесе кейінгі жылдары көрініс бере бастаған құбылыс. Мысалы, кеден, егемендік, орда, сарбаз, жасақ, қазы сияқты сөздердің қолданылу белсенділігі артып, терминдік мағынада жұмсалып жүргендігі белгілі.

Сондықтан терминжасам ісінде тіліміздің көне қорларын тиімді пайдаланудан ұлттық ғылым тіліне, терминологиямызға келер зиян жоқ. Қайта терминжасамның ішкі көздерін іске жарату арқылы тіліміздің ғылыми-техникалық ұғымдардың атауларын жасау мүмкіндігін арттырып, шет тілдерінен шектен тыс көп жүгіну әдетінен арыламыз.

Қазақ тілінің ғылым тілі ретінде атқаратын қызметін шектемей, өз тілімізде бар лексикалық құрамның негізінде термин жасауға болады. Сонда ғана термин шығармашылығының мәнін терең түсінетін боламыз.

Терминдер қатарын толықтыратын лексикалық қабаттың бірі – кәсіби сөздер. Кәсіби сөздердің терминдерге ұқсас жағы – екі топтағы лексика да белгілі бір кәсіппен, арнаулы саламен шектеледі. Осы ұқсастықтарына сәйкес олар бір ғана арнаулы лексиканың шеңберінде қарастырылады. Арнаулы лексиканың құрамына енетіндігі – оларды жалпы қолданыстағы сөздерден, аймақтық лексикадан, жаргондар мен арголардан да ерекшелейтін белгісі болып саналады.

Қазақ тіл мамандары кәсіби лексика жайлы сөз еткен еңбектерінде кәсіби сөздердің қатарына белгілі бір адамдар тобының қызметіне байланысты немесе бүтіндей бір ауданның шаруашылық саласындағы ерекшеліктерді білдіретін жалпы лексиканың бір бөліміндегі сөздерді кіргізеді, яғни, аңшылық, етікшілік, бау-бақша, мақта, көкөніс, балық шаруашылығы, ағаш жұмыстарына байланысты белгілі кәсіппен шұғылданушы адамдарға тән лексика осы топқа жатқызылып жүр.

Орыс ғалымы М.И.Фомина кәсіби сөздердің көбінесе әдеби тілде кең тарамайтындығын, яғни олардың қолданыс аясының шектеулі екендігін айта келіп, былай дейді: «Чаще всего – это разговорная речь представителей той или иной профессии. Однако нередко происходит и так называемая терминологизация профессиональных слов и выражений. В этом случае они становятся единственным официально узаконенным наименованием» [20, 102].

Кәсіби сөздердің терминденуге бейім тұратындығы олардың терминдерге бір табан жақындығынан, яғни терминдермен бірге арнаулы лексика құрамына кіретіндігінен және белгілі бір кәсіппен байланысты болатындығынан болса керек. Қазақ тіліндегі кәсіби сөздер термин жасауда барынша пайдаланылып келді деп айта алмаймыз. Оның бір себебі ретінде кәсіби лексиканың өзі терең зерттеліп, өзге лексикалық қабаттардан, оның ішінде терминдерден басты айырмашылықтары көрсетіліп, терминжасамның бір көзі ретінде таныла қоймағандығын айтуға болады. Соған қарамастан кәсіби лексика есебінен жасалған терминдерді кездестіруге болады. Мысалы, қызылша шаруашылығындағы тұқым жарнағы, тамыр-жеміс, мақта шаруашылығындағы коза, козапая кәсіби сөздерінің терминденуі негізінде өсімдіктану терминдері жасалған.

Термин шығармашылығында бұл дәстүр жалғаса беруге тиіс. Өзінің табиғаты жағынан терминдерге біршама жақын кәсіби сөздерді термин жасауда орнымен пайдалана білсек, ғылыми терминологиямыздың ұлт тілі негізінде баю мүмкіндігі арта түспек. Ол үшін әртүрлі кәсіпке қатысты сөздерді әлі де саласала бойынша жинақтап, олардың өзіндік ерекшеліктерін, өзге лексикалық қабаттардан айырмасын нақты көрсету маңызды.

Жалпыхалықтық қолданыстағы лексиканы тек терминденудің өнімді тәсілі ғана емес, арнаулы лексиканың қажеттілігін үздіксіз толықтырып отыратын ең өнімді тәсілі деуге болады. Ал қалған лексикалық қабаттар термин шығармашылығында жоғары өнімділік таныта алмаса да, арнаулы ғылыми ұғымның атауына айналып терминологиялық лексиканың дамуына өзіндік үлесін қосады.

Сондай-ақ, тілімізде *-ат жұрнағы* екі түрлі қызмет атқарады:

-ат¹ зат есімнен зат есім тудырушы (баянат, қырат, суат), етістіктен зат есім тудырушы (сызат);

- ат² ақпарат, мағлұмат араб тілінде көптік формасының көрсеткіші.

Химия итілінде бұл қосымшалар қышқылдардың тұздарының атын білдіру үшін қолданылады. Химия тілінде *-ат жұрнағының* жұмсалымдық қызметі екіншісіне сәйкес келеді: нитрат (құрамында қышқылы көп); салыстырмалы

түрде қышқылы аз (нитрит), құрамында қышқылы жоқ (сульфид) деген мағынаны иеленеді екен [21, 35].

Болмысты тану мен оны қабылдауда қазақ санасына жақын, қазақы ұғымға негізделген терминдер сөздер қазақ балаларының жадында ұзақ сақталуына, әрі сол элементтің химиялық және физикалық қасиеттерін тануда да жеңілдік туғызары сөзсіз. Себебі ұлттық танымға сүйеніп берілген білім өз өміршеңдігін көрсетіп отыр. Бұған қазақы танымға негізделген А.Байтұрсынұлы қаламынан туған лингвистикалық терминдердің (бастауыш, анықтауыш, буын, жалғау, түбір, өріс т.б.) әлі күнге дейін тілдік қолданыстан түспей келе жатқандығы дәлел бола алады. Мәселен, қышқыл сөзі химиялық термин ретінде «құрамында сутегі бар, металдармен қосыла алатын, қышқыл дәмді химиялық қоспа» деген ғылыми ұғымды иеленеді екен [ҚТС, 441]. Қышқыл сөзінің тілдік санада қалыптасқан лексикографиялық мағынасы - «ашқылтым, кермек дәмді, ащылау». Ащы, ашқылтым сөздерінің семантикалық құрылымына тілдік талдау жүргізу негізінде «сортанды, тұзы көп, жағымсыз, сор татыған дәм» деген кіші семалық бөліктерге бөлінетіндігін айқындаймыз. Бұның қарапайым таным процесіне сүйене отырып алынған қарапайым ұғым атауы екені анық. Тілдік санада қалыптасқан қышқыл сөзі лексика-семантикалық өрістен терминологиялық өріске өтіп ғылыми ұғым атауына ұласқан. Мұны кесте түрінде былай көрсетуге болады:

2 - сызба. Қышқыл сөзінің лексика-семантикалық тәсіл арқылы терминденуі.



Қазақ лексикасының лексика-семантикалық тәсіл негізінде терминденуіне қазіргі химия тіліндегі *күшән* (мышьяк), *мойнақ* (реторта), *өршіткіш* (катализатор), *сілті* (щелочь), *шымтезек* (торф), *шөгінді//тұнба* (осадок), *талиықтас* (асбест), *көксағыз* (каучук), *сынауық* (пробирка), *шайыр* (смола), *графит* (қаратас), *хрусталь* (сутас), *колба* (құты) сияқты көптеген терминдер дәлел бола алады [3, 210].

Жазылған термин сөздердің қазақша нұсқасы 2007 жылғы 12 сәуірде ҚР Мемтерминком тарапынан бекітілген химия терминдерінің қазақша-орысша сөздігі дәлелдей түседі [ХТС]. Мұндағы *мойнақ* сөзінің диалектілік мағынасы сөздікте былай берілген:

Мойнақ ¹ – түйенің мойын терісі (Түрікмен.: Красн., Ашх., Тедж.);

Мойнақ ² – көріктің отқа жақын, жел шығатын өңеші (Түрікмен.: Красн., Ашх., Тедж.);

Мойнақ ³ – түйенің мойын терісінен жасалған торсық (Гур., Маңғ.; Қарақ) [ҚТДС, 497].

Химияда реторта «қыздыруға және айдауға арналған бұрып апаратын құбыры бар химиялық ыдыс» деген терминдік мағынаны иеленеді. Байқағанымыздай, диалект сөздің білдіретін ұғымы мен терминдік ұғымның ұқсастығына (бұрып тұруға арналған мойынның қызметі мен ыдыс) қарай термин жасалынған.

Қазақ тіліндегі химиялық терминдердің көбі тілдің өз мүмкіндіктерін пайдалану арқылы жасалған. Қатты заттардан адамның тұңғыш кездестіргені және іске жаратқаны – тастар. Тас ғасыры делінетін ұзақ дәуірде адамның ажырамас серігі болғандықтан, қай ұлт тілінде болмасын таспен байланысты номинациялық бірліктерді, теңеулерді жиі кездестіреміз: *тас жетім*, *тас бауыр*, *тастай берік*, *тастай қатты*, *өз ісіне тастай берік*. Сөйлеу тілі негізінде тас сөзімен байланысты қалыптасқан терминдік атаулар қаншама: *шұбар тас* (гранит), *су тас* (хрусталь), *ақ тас* (кварц), *жанғыш тас* (көмір), *отты тас* (пирит), *шақпақ тас* (кремень). Бұл номинациялық бірліктер алғаш рет қазақ тілінде жарық көрген терминографиялық сөздіктерде берілген болатын. Араға уақыт салып, ұсынылған терминдердің кейбіреуінің Мемтерминком тарапынан бекітіліп, қайта ғылыми тілдік айналымға (*сутас*, *қаратас*) түскендігін көреміз. Термин сөздердің көпшілігі жалпыхалықтық сөздердің негізінде жасалады десек, ономазиологиялық тұрғыдан екінші дәрежелі номинация қатарын құрайды.

1.3 Тіл білімі терминдерінің мектеп оқулықтарында берілуі мен оқытылуы

Тілді қарым-қатынас құралы ретінде қолдану деңгейі қоғам мүшелерінің бәрінде бірдей емес. Қоғамның басым көпшілігі тілді тілдесім деңгейінде ғана біледі де, сол тілде сөйлесім, тыңдалым, жазылым, оқылым әрекеттерін жүзеге асырады. Ал қоғамның белгілі бір әлеуметтік топтары тілді тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сол тілде ғылыми тілдесім қызметін атқару үшін де

қолданады. Ғылыми тілдесімнің қызметін атқаратын арнаулы тілді *метатіл* деп атайды. Метатілдің, метатілдесімнің түрлері өте көп. Мысалы: тілтаным метатілі, химия метатілі, физика метатілі т.б. Кез келген ғылым тілі өз негізін жалпыхалықтық тілден алатыны сөзсіз. Әрбір тілдің ұлттық ғылыми номенклатуралық жүйесі сол ұлт өкілдерінің танымдық және практикалық іс-әрекетінің нәтижесі саналады.

Метатіл – адамзаттың табиғи тілін объект етіп зерттейтін «екінші қатардағы тіл». Метатіл табиғи тілді сипаттай отырып, өзі де табиғи тілдің бір бөлігі ретінде көрінеді. Тіл біліміндегі метатіл күрделі құбылыс саналады, оның негізінде, терминаралық жүйелі қатынастар, әрі тілді зерттеуде қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерінен тұратын жалпы ғылыми лексика жатыр. Метатіл ғылыми қатынас құралы ретінде соған сай метасөйлеуде нақты байқалады. Мысалы: «мағына» термині метасөйлеуде қолданылатын бірнеше сөз тіркестерімен сипатталады: «тілдік мағына», «ауыспалы мағына», «сөз мағынасы» т.б. Терминнің мазмұны метатіл сөйлеу қызметінде толық ашылады [21, 23].

Тілдік ұжымның танымдық-номинативті әрекеті нәтижесінде мазмұн мен форма, қоршаған орта өзара бірлікте болады. Мұны лингвистикада семиозис процесі атайды. Тілді меңгеру процесінде индивид санасында (бала болсын, шетелдік азамат болсын) танымдық-номинативті әрекеті арасында ассоциативті байланыс орнайды. Мына бір мысалға назар аударайық: *Акция – бизнестегі табыстың белгілі бір мөлшерін алуға мүмкіндік беретін құнды қағаз. Акциядан түсетін табыс дивидент деп аталады. Акция бағасы және дивидент тұрақты болмайды, олар әрқашан өзгеріп отырады (massaget.kz)*. Мәтін авторы өзінің ойын жеткізуде акция, дивидент сөздерінің «құнды қағаз, «құнды қағаздан түсетін табыс» түрінде металингвистикалық түсіндірмесін өте жақсы баяндап береді.

Әрбір ғылым саласының өзіне тән метатілі, ұғым-түсініктердің жүйесі қалыптасқан, өзіндік терминологиялық айналымы бар. Лингвистикада лексикалық бірліктер көбінесе семантизация үдерісінен өтеді. Мәселен, мұз – судың қатты күйдегі қалпын бейнелейді, дәл осы жағдайда «су» метатілдің бірлігі ретінде қолданылады. Ал судың өзі «мөлдір, түссіз, иісі жоқ сұйықтық; ішуге арналған зат, өзен, көл, теңіз» деген ұғымдық белгілерді иеленеді. Енді төменде берілген кестеге назар аударайық:

8 - кесте. Метатіл фрагменттері

№	Ғылым саласы	Термин	Метатіл құралы
1	Биология	Гумус (қарашірік)	Өсімдіктер мен жануарлар қалдықтарының ыдырауының әсерінен пайда болатын қарашірік (<i>termincom.kz</i>)
2	Химия	Су	Қалыпты жағдайда сутек пен оттегі 1:8 көлемдік қатынаста болатын тұрақты қарапайым химиялық қосылыс (ҚӘТС; 320)
3	Анатомия	Бүйрек	Адам мен омыртқалы жануарлар ағзасында

			несеп түзетін және оны сыртқы шығаратын жұп орган (ҚӘТС, 32).
4	Лингвистика	Сөз	Сөз – белгілі бір мағынасы бар заттар мен құбылыстардың атауын білдіретін тілдің негізгі бірлігі (ҚӘТС, 291)

Қазақ жерінде алғаш мектептер ашуға және мектептерде оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізудің оқу жоспарлары мен бағдарламаларын жасауға, мамандар даярлауға ерекше қызмет етіп, ұлттық ділімізге негізделген төл оқулықтар мен әдістемелік құралдар жарық көре бастады. Оған дәлел ретінде Ахмет Байтұрсынұлының қазақша сауат ашуға арналған «Оқу құралы» еңбегін айтуға болады. Бұл кітап алғаш рет 1912 жылы Орынборда жарық көрген. Білім беруді жеңілден ауырға, оңайдан қиынға қарай үйрету жүйесін ұстанған. А.Байтұрсынұлының «Оқу құралы» еңбегі қазақ тілін оқытуда негізге алынатын мұра ретінде бағаланады.

Өзінің негізгі лингвистикалық еңбегінде А.Байтұрсынұлы: «Пән сөздері – оқытылаты пәннің негізгі мазмұнын ашып, ондағы ғылыми ұғымдардың мәнін ұғындыратын кілт-сөз» – деген анықтама береді [22, 68]. Демек, пән мұғалімі білім беру мазмұнына сәйкес негізгі базалық ұғымдарды мен терминдерді жүйелі меңгеруі тиіс. Бұл ғылыми анықтамалар мен ережелерді білім алушыларға жаттап оқытпай, оны саналы түрде меңгертуге бағыттау керек.

Лингвистика ғылымындағы теориялық және практикалық ақпараттар оқушының бойында коммуникативтік құзіреттілік, лингвомәдениеттанымдық құзіреттілікті қалыптастыруға бағытталуы қажет. Әрбір сыныпта жеке пән бойынша қолданылатын термин сөздердің сандық көрсеткіші мен сапалық көрсеткішін, яғни берілетін термин сөздердің анықтамасының баланың жас ерекшелігіне сәйкес жеңілден күрделіге қарай беруілуі тиіс. Бұл туралы М.Жұмабаев мынадай пікір білдіреді: «Оқу құралын жаздырып жатқан ағарту комиссариаты, жазып жатқан азаматтар бұл оқу құралдары қандай мінезді мектепке арналады. Сол туралы ой жүгіртсе жақсы болары еді» [23, 56]. Сондай-ақ Е.Омарұлының мына пікіріне тоқтала кетсек: «Терминдердің негізгі қолданылатын жері арнаулы мәтіндер, ғылыми әдебиеттер мен оқулықтар, оқу құралдары. Оқулық – білім алушыларға пәннің мазмұнын жүйелі, ғылыми негізде баяндап, нақты әрі барынша түсінікті тілмен жеткізудің негізгі құралы» [24, 47].

Мектеп оқулықтарының мазмұны пәндік саладағы теория мен практика, педагогика және психология мәселелерімен тығыз байланысты екені белгілі. Мектеп оқулықтарында термин анықтамасының баланың жас ерекшелігіне сәйкес берілмеуі оқушының сөздің терминдік мағынасын дұрыс түсінбеуіне, оны қабылдамауына алып келеді. Сол себепті мектеп оқулықтарында қамтылатын термин сөздер балалардың психологиялық жас ерекшелігіне сәйкес келуі тиіс. Өйткені әрбір сөздің астарында белгілі бір ақпарат (тілдік және мәдени) ақпарат жатады. Сөз арқылы берілетін ғылыми ақпарат (терминдік мағына) баланың дүниетанымына, оның түсініп қабылдауына сай болуы тиіс.

Сөздің терминдік мағынасының оқушының жас ерекшелігіне сәйкес берілмеуі немесе термин сөздердің анықтамасының калька тәсілі арқылы тікелей аударылуы термин сөздердің санада қабылданып, жадта сақталуына кедергі келтіреді. Айтылған ойымызға дәйек ретінде «Атамұра» баспасынан жарық көрген «Қазақ тілі» оқулығының 7 - сыныбының «Тілдік бағдар» айдары бойынша берілген термин сөздерге тоқталайық. Мысалы: *Күрделі сөз деп кемінде екі я одан да көп дара сөзден құралып, ырғақ жағынан бірыңғай, лексика-семантикалық жағынан біртұтас, лексика-грамматикалық жағынан бір бүтін тұлға болып бірлесіп тұрақталған құрама сөзді айтамыз* [25, 32].

7-сынып оқушысының жас шамасы – 12-13 жас. Осы жас ерекшелікті негізге алсақ, күрделі сөзге берілген дефиницияны жоғары білім беру мектептеріндегі студенттеріне (осы мамандық бойынша білім алып жатқан) арналған. Берілген терминдік дефиниция құрамындағы *лексика-семантикалық және лексика-грамматикалық, тұлға* деген ұғымдардың өзі оқушылар үшін түсініксіз. Осы ұғымдар түсінікті болған жайдайда ғана, күрделі сөздің анықтамасы балаларға түсінікті болар еді. Оқушының жас ерекшелігін ескере отырып, терминдік дефиницияны қарапайым түрде берілуі тиіс. Сол себепті оқушылардан күрделі сөздердің анықтамасын сұраған уақытта, олар ережені не анықтаманы айтуда қиналады, құр жаттанды нәрсеге айналады. Жаттанды нәрсе уақыт өте келе санадан өше береді.

2017 жылы «Мектеп» баспасынан жарық көрген Қазақ тілі (7-сынып) оқулығында фразеологизмге қатысты берілген анықтамаға назар аударайық: «Фразеологизм – мағынасы жағынан тұрақты байланыста болатын сөз тіркестері мен сөйлемдердің (сөйлемшелердің) жалпы атауы. Фразеологизмдер формасы жағынан жай сөйлемдермен, сөз тіркестерімен ұқсас. Фразеологизмдерді тұрақты тіркестер деп атайды. Бұл атау арқылы оның еркін тіркестерден айырмашылығын байқауға болады. Фразеологизмдердің негізгі төрт белгісі бар. Осы белгілерге қарап, оларды еркін тіркестерден айыруға болады».

Мағына тұтастығы. Кем дегенде екі сөзден құралып, бір мағына беруі. Мысалы: *жігері құм болды, нартай жанды.*

Құрылымының тұрақтылығы. Құрамындағы сөздерін сөзгертсе, мағынасы мүлде бөлек болып кетеді. Мысалы, *сағы сынды* дегенді *сағы үзілді* деуге болмайды.

Қолданылу тиянақтылығы. Сөйлеуші дайын тұрақты тіркес ретінде қолданады.

Бейнелілігі. *Қабағы кірбің тартты* деген бейнелі фразеологизмнің баламалары – *ренжіді, жабырқады* [26, 35].

Мұнда терминдік дефиницияның оқушының жас ерекшелігін ескере отырып берілгендігі, оқушының аялық білім жүйесіне сәйкес келетіндігі көрініп тұр.

Енді осы оқулықта фразеологизмдерді (терминдік мағынаны) меңгертуге байланысты мынадай тапсырма берілген:

5-тапсырма. Сөздерінің орындары ауыстырылып берілген фразеологизмдерді дұрыс құрастырыңдар.

Қиянда	Арқасында	ит	
бозторғай	үстіне	қой	Жұмыртқалау
Келмейді	Жіп	күрмеуге	Қысқа
Өнері	Саусағынан	тамған	Он

Біздің ойымызша ұтымды тапсырма деуге болады. Өйткені оқушыларсыни ойлау негізінде берілген сөздерді тіркес құрамыда дұрыс орналастырады, содан белгілі бір ұғымды иеленетін ауыс мағынаны иеленетіндігін өздері жұмыс жасау барысында түсінеді .

2017 жылы «Арман-ПВ» баспасынан жарық көрген Қазақ тілі (7-сынып) оқулығындағы фразеологизмдерге берген анықтамаға назар аударайық: «Тілімізде бірнеше сөзден құралып, бір ұғымда қолданылатын, сөйлем мүшелеріне ажыратуға келмейтін, грамматикалық мағыналарын өзгертіп, тіркестегі орындарын алмастыруға болмайтын, тарихи қалыптасқан тұрақты тіркестер бар. Оларды фразеологиялық тіркестер немесе фразеологизмдер дейді. Қазіргі қазақ тілінің фразеологиясы – лексиканың бір саласы. Фразеологизмдердің басты белгісі – олардың тұрақты, даяр қалпында қолданылуы. Мысалы: ит өлген жер – алыс, тайға таңба басқандай – анық, арқаны кеңге салу – асықпау, қас пен көздің арасында – жылдам». Академик І.Кеңесбаев шығарған «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» (1977, 2007) ана тіліміздің осы асыл қазынасы молынан қамтылған [27, 36].

Енді осы оқулықта фразеологизмдерді меңгертуге байланысты мынадай тапсырмалар беріледі:

3-тапсырма. Берілген фразеологизмдерді пайдаланып сөйлем құрап жазындар. Фразеологизмдер: салы суға кетті, қабағынан қар жауды, бетінен оты шықты, жүрегінің түгі бар, көзден бұлбұл ұшты, ағаштан түйін түйген.

Біздің пікірімізше, бұл тапсырманы орындау оқушыларға біраз қиындық тудырады. Өйткені фразеологизмдердің құрамы, тіркес тиянақтылығы, мағына тұтастығы, грамматикалық мағынаны өзгертпеуге байланысты тапсырмалар орындалып болғаннан кейін орындауға берілуі тиіс. Сабақтың бастапқы кезеңдерінде бұл тапсырманы орындау қиынға түседі.

6-тапсырма. Фразеологиялық сөздікті пайдаланып, төмендегі тұрақты тіркестердің қай сөзге балама екендігін анықтаңдар. *Үлгі:* айылын жимады – сескенбеді.

Ақылға сыймау, ала жібін аттамау, көзіне көк шыбын үймелету, ішкен асын жерге қою, ат ізін салмау, аузы бармау, тілі күрмелу, ауыз тимеу, аяғы қия баспау, иісі мұрнына бармау, көзге ілмеу, тіс жармау, шөп басын сындырмау, басын сұқпау, қол ұшын беру, жең ұшынан жалғасу [27, 54].

Фразеологиялық сөздікті пайдалану сабақ кезінде тиімді әдістердің бірі бола бермейді. Бұл тапсырма сабақтың бастапқы бөлігінде берілмеуі қажет. Содан кейін фразеологизмдер де оқушының жас ерекшелігіне қарай сұрыпталуы қажет. Білім-ғылым, мейірімділік, сыйластық, туған жер тақырыбындағы тұрақты тіркестер алынуы алынуы қажет деп білеміз.

Қазақ тілі. 6-сынып. «Арман-ПВ» баспасы.

Грамматикалық білім: Бірге жазылаты сөздер.

Тұлғасы өзгертілген біріккен сөздер бірге жазылады. Мысалы: бүгін, биыл, қыстыгүні, қолғап, жарғанат.

Еш, кей, бір, қой, әлде сөздері есімдік, үстеулермен тіркесіп келгенде бірге жазылады. Мысалы: әрбір, әлдеқашан, біркелкі, ешкім, кейбір, қайбір.

Екі түбірден құралып, ғылымның әр алуына саласында (саяси-әлеуметтік, биологиялық, астрономиялық, химиялық т.б.) терминдік мәнге ие болған атаулар бастапқы түбір тұлғаларын сақтап, бірге жазылады. Мысалы: баспасөз, өнеркәсіп, кәсіподақ, келіссөз, теміртас, тамыржеміс, сүтқоректілер, көкжиек;

Екінші сыңары аралық, тану деген сөздер немесе бірінші сыңары фото, электр, радио, авто, аэро, кино, гидро, транс, ультра, инфра, ал екінші сыңары қазақ тілінің сөздері болып келген тіркестер бірге жазылады. Мысалы: халықаралық, жаратылыстану, фотосурет, автоқалам, ультаркүлгін.

Екі түбірден құралып, терминге айналған техника, шаруашылық, тұрмыс, мәдениет, өнер, спорт т.б. салаларға қатысты зат, құрал-жабдық, ұғым атаулары мен әр алуан мамандық, кәсіп, қызмет иелерінің аттары бірігіп жазылады. Мысалы: шаңсорғыш, өнертапқыш, бессайыс, ақсүйек, беташар, тоғызқұмалак, теміржолшы, жолсерік.

Ескерту. Еш, әр, кей, бір, қай, әлде сөздері зат есімдермен тіркескенде бөлек жазылады. Мысалы: еш адам, әр бала, қай зат, кей адам, бір жұмыс, әлде жұмыс, әлде ермек.

Бірігіп жазылуы дәстүрге айналған *дүниежүзілік, бүкілодақтық, ортаазиялық* және т.б. сын есімдер осылай жазылады. Олар сөздікте беріледі [28, 4-5].

6-сынып оқушыларына берілген бұл анықтамалардың баланың түсін қабылдауына өте ауыр келетіні айтпас да түсінікті. Біріккен сөздерге анықтама берілмеген, тұлға, бірінші сыңары, екінші сыңары деген ұғымдар балаларға түсініксіз. Мысалы ретінде берілген сөздердің көпшілігі осы жастағы оқушылардың сөздік қорыда жоқ сөздер, әрі мағынасы түсініксіз болып келеді. Мысалы: *кәсіподақ, теміртас, тамыржеміс, бессайыс*. Сонымен қатар 6-сынып оқушылары сөз құрамының бірінші сыңары *аэро, гидро, транс, ультра, инфра* деген сөздер де бұл жастағы балалардың аялық білім жүйесінде жоқ, демек сөздік қорында да жоқ деген сөз. Әрбір терминдік анықтаманы дәйектеу үшін алынатын сөздер баланың тілдік қолданыстарына сәйкес келуі тиіс.

Енді осы бірігіп жазылатын сөздерге байланысты мынадай тапсырма берілген:

4 - тапсырма. Төмендегі шағын мәтіннен бірге жазылатын сөздерді тауып, дәптеріңе жаз және парталасыңа дәлелде.

Енді оқу жылының басталуын шыдамсыздана күтемін. Адам деген қызық қой. Оқып жүргенде демалысты аңсайсың. Енді міне, демалыста жүріп, оқуды сағына бастадым. Жаздыгүні қыс болса екен дейсің, қыста жазды көксейсің.

Бұл неліктен, а? Адам баласының бабын қалай табуға болады? (Б.Соқпақбаев) [28,7].

Берілген шағын мәтінен бірігіп жазылған бар ғана сөзді (жаздыгүні) көруге болады.

Грамматикалық білім: Бөлек жазылатын сөздер.

Күрделі атаулардың (мемлекет, республика, облыс, мекеме, ұйым аттарының) әрбір сөзі бөлек жазылады. Мысалы: Қазақстан Республикасы, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Алматы облысы.

Анықтауыш пен анықталушы сөздер тіркесіндегі әрбір сөз бөлек жазылады. Мысалы: бас жүлде, ағаш көпір, қыз бала, ұл бала, асыл тас, ақ бас, бас жіп, ат қора.

Күрделі сан есімдердің, күрделі сын есімдердің әрбір сөзі бөлек жазылады. Мысалы: он сегіз, бір мың тоғыз жүз елу үш, төрт жарым, отыз екі жарым, жиырма бір, қара ала, көк ала, қара көк, ақ сұр, құла қасқа, құла жирен, торы төбел, ақ шабдар.

Жоғарыда көрсетілген жағдаят бөлек жазылатын сөздерге беілген анықтамада да қайталанатын. Мұнда, біріншіден, анықтауыш пен анықталушы ұғымы балаларға түсініксіз болса, екіншіден, күрделі сан есім мен күрделі сын есімге берілген *құла қасқа, құла жирен, торы төбел, ақ шабдар* сияқты мысалдар баланың қабылдауына өте қиын болып келеді. Өйткені мұндай түс атулары тек төрт түлік мал атауына байланыста қолданылатындықтан, мұндай түсті балалардың елестетуіне қиындық туғызады. Қала баласы тұрмақ, ауыл баласының өзіне бұл сындық ұғымдардың астарындағы жатқан мәдени ақпаратты меңгерту қиынға соғады.

3-тапсырма. Мәтінді оқып, мазмұнын түсіндіріп айт. Бірге және бөлек жазылған сөздерге көңіл бөл.

Марқаның жағасы ерте кеуіп, ерте көктеді. Жауқазыны қарды жарып шыға беретін тау бөктерінің былтырғыдан қалған күреңсесі күлтеленіп, қаулай тебіндеп келе жатқан көкпен араласып, алашабырланып жатыр. Тау ішінде көкжиек жақын болады. Тауда тұрғанда аспан да аласа көрінеді. Сол көктемгі көкжиек – қоп-қою жалқынды сағым іркіліп барып, әлгі көк күмбезімен көмкерілген. Жазғытұрымның кірбіңсіз ашық аспаны мөлдіреп, көлде көрініс беріп тұр. Кілкіген жұқалаң мұнар арасынан оқшау көрініп, мұнда-мұнда лап аппақ болып жататын Тарбағатай шың-құздарын ұзыннан-ұзақ созылған жіп-жіңішке ақ бұлт екіге бөліп, аспан тауына ұқсайтын. Енді-енді бүршік атып, көктемнің шуағына алақанын жая бастаған орман соңғы нөсерден жаңа ғана ес жиып бусанады. Көктемгі ауада сарай ашар жағымды саумал иісі бар. Сымпылдай ұшып келген бір топ шүрегей Марқакөлдің айдынын төсімен тілгелей қонды да, мамырлап жүзе жөнелді [28, 9].

6-сынып оқушыларына О.Бөкейдің шығармасынан алынған үзінді мәтінді түсініп қабылдауына өте ауыр. Мәтіннен бірге жазылған сөздерді табу оңай болғанмен, бөлек жазылатын сөздерді табу, олардың жасалу жолдарын анықтамаға сәйкес дәйектеу қиындық тудырады.

«Арман-ПВ» баспасы бойынша жарық көрген «Қазақ тілі» оқулығында берілген терминдік дефиницияға назар аударайық:

Сөздердің жазылуы

Тіліміздегі сөздер фонетикалық, морфологиялық және тарихи-дәстүрлі ұстаным бойынша жазылады. Фонетикалық ұстаным бойынша сөз бөлшектері қалай айтылса, солай жазылады. Бұл сөздегі қосымшалардың жазылуында ескеріледі. Мысалы: адам+дар, ағаш + тар, қарт + қа. Күрделі сөз бен сөз тіркестері айтылғанда, олардың кейбір дыбысы өзгеріске ұшырауы мүмкін, бірақ жазылуда морфологиялық ұстаным бойынша түбірлері өзгермей жазылады. Мысалы: жер-көк (айтылуда жер-гөк), қоян-қолтық (айтылуда қоян-ғолтұқ). Тарихи дәстүрлі ұстаным бойынша қазақтың байырғы сөздері бұрын қалай жазылса, қазір де сол қалыптасқан күйінде жазылады. Мысалы: кейуана, миуа, қиуа [29, 5].

Жергілікті (диалект) сөздер

Жергілікті (диалект) сөздер деп тілде жалпы халықтық сипат алмаған, белгілі бір жерде ғана қолданылатын сөздерді айтамыз. Мысалы: сіріңке – кеуірт, күкірт, шырпы, оттық, ши, шақпақ; шылапшын – леген, жам, кір-лен, шылаушын, самар; күрке – балағаш, балаған, шайла, шабыра, кепе, аткүрке, қапын, лапас, жаппа т.б. *Жергілікті сөздердің шағын аймақты ғана қамтитын бөлігі «жергілікті сөйленіс» («говор») деп аталады. Мәселен, Қазақстан жағдайында жергілікті (диалект) сөз екі-үш облыс көлемінде жерді қамтыса, жергілікті сөйленіс (говор) бір облысты ғана немесе екі-үш аудан көлемінде жерді қамтиды [29, 69].*

Мектеп оқулықтарында байқалған жайттың бірі – терминдердің жарыспалылығы. Оны төмендегі кесте бойынша көрсетуге болады:

9 - кесте. Мектеп оқулықтарындағы термин сөздердің қолданысы

«Арман-ПВ» баспасы	«Атамұра» баспасы	«Алматыкітап» баспасы	«Мектеп» баспасы
<i>Жаратылыстану</i>			
Гумус	Гумус	қарашірік	гумус, қарашірік
Деградация	Деградация	құлдырау	Құлдырау
<i>Қазақ тілі</i>			
Аббревиатура	қысқарған сөздер	қысқарған сөздер	қысқарған сөздер
фразеологиялық тіркестер	фразеологиялық тіркестер, тұрақты тіркестер	фразеологиялық тіркестер	тұрақты тіркестер
жергілікті (диалект) сөздер	диалект сөздер	диалект сөздер	диалект сөздер
неологизмдер	неологизмдер	неологизмдер	жаңа сөздер (неологизмдер)
<i>География</i>			

Шатқал	Каньон	шатқал	шатқал (каньон)
мешел	Рахит	мешел	рахит (мешел)
Коррозия	Жемірілу	коррозия	Коррозия
рельеф (жер бедері)	жер бедері (рельеф)	жер бедері	жер бедері
битум (тау шайыры)	битум (тау шайыры)	битум (тау шайыры)	битум (тау шайыры)
айсберг (мұзтау)	айсберг (мұзтау)	айсберг (мұзтау)	айсберг (мұзтау)

«Мектеп» баспасынан жарық көрген Қазақ тілі оқулығына назар аударайық (6-сынып):

Жаңа сөздер

Сөздік құрамдағы ғылым мен техниканың, қоғамның дамуына байланысты пайда болған сөздер жаңа сөздер (неологизмдер) деп аталады [29, 51].

Жаңа сөздердің пайда болу себептері		
Қоғамдағы өзгерістерге байланысты пайда болған жаңа зат, құбылыс, оқиғаны атау қажеттігінен туындайды	Бұрын тілде бар атауларды жаңаша мәнде қолданудан пайда болады	Тілде қолданылып келген кірме сөздердің қазақша баламасының қолданысқа енуінен туындайды.
жанды дауыс, тікелей көрсетілім, инстаграм парақшасы	ақорда, жарғы	ермексаз, зілтемір, сынып
Жасалу жолдары		
қосымша жалғану арқылы	сөздердің бірігуі арқылы	сөздердің тірукесуі арқылы
Демеуші	жеделсаты	жан сақтау бөлімі

Топырақ бірнеше қабаттан тұрады. Ең жоғарғы құнарлы қабатын гумус немесе қарашірік дейді [30, 113].

Лингвистикалық терминдер сөздігінде аббревиатура // қысқарған сөз, неологизмдер // жаңа сөздер түрінде бекітілген.

Заттар дегеніміз – денелерді құраушылар. *Физикалық дене және зат* ұғымдарын бір-бірінен ажырата білу қажет. Мысалы, *айсберг (мұзтау)* – судан тұратын дене, шеге – темір затынан құралған дене [31, 9].

Енді химия пәніне назар аударайық. «Арман-ПВ» баспасынан шыққан Химия оқулығында (8-сынып) протонға берілген терминдік дефиницияға назар аударайық: «Пратон – атом ядросының элементтік құрам бөліктерінің бірі, сутек атомының, оның ішінде, ең жеңіл сутек изотопының яки атомдар ішіндегі ең қарапайымының – протийдің ядросы» [32, 28]. Енді осы терминдік дефиницияның орыс тіліндегі нұсқасына назар аударатын болсақ: «Пратон – один из элементарных компонентов атомного ядра, ядра атома водорода, включающего легчайший изотоп водорода или простейший из атомов – протий» [33, 30]. Калька тәсілі арқылы қазақ тіліне тікелей аударылғандығы бірден көрінеді. Біздің ұсынымыз: Пратон – сутегі атомының ядросын

құрайтын компоненттердің бірі. Сутегі атомы ядросының құрамына ең жеңіл изотоп «протий» кіреді. Протий ядросы бір протоннан тұрады. Қарапайым түрде берілген терминдік мағына баланың берілген ғылыми ақпаратты түсініп қабылдауына негіз болады. Сөз арқылы берілетін қарапайым немесе ғылым ақпарат оқушының дүниетанымына да сәйкес келуі тиіс.

Сонымен қатар «Алматыкітап» баспасынан шыққан Химия оқулығындағы кейбір терминдер мен күрделі ұғымдардың берілуіне назар аударайық: *Кристалдық торы кубтық көлемді орталықтанған атом. Кубты қырлы-центрлі кристалдық тор. Кубты көлемді-центрлі кристалдық тор түзеді* [33, 35]. Тағы да орысшадан калька тәсілі арқылы аударыла салғаны байқалады. Мұндағы сөздер мен сөйлемдер де оныншы сынып оқушысына түсініксіз. Оның орнына *кристалл торы куб тәрізді, кристалл торы шар тәрізді* деген ұғымдар түсінікті, әрі қабылдауға жеңіл болар еді. Сөйлемдегі негізгі ұғымдарды қазақы дүниетанымға негіздеп жазу ақылға қонымды, әрі балаларға түсінікті болатыны сөзсіз.

6-сыныпқа арналып жазылған «Қазақ тілі» оқулығында қамтылатын термин сөздердің сандық көрсеткіштерінде бірізділік жоқ екенін байқаймыз. Мұны оқулықтарда қамтылған термин сөздердің сандық көрсеткіші бойынша төмендегідей көрсетуге болады:

Кесте – 10. Терминдік мағынаның берілуі

«Атамұра» баспасы	«Мектеп» баспасы	«Арман-ПВ» баспасы
сандық көрсеткіш (6-сынып)		
41 термин	42 термин	59 термин
терминдік дефиницияның берілуі (6-сынып)		
Есімдік – зат есім, сын есім, сан есім сөздерінің орнына жүретін сөздер.	Есімдік – есім сөздердің (зат есім, сын есім, сан есімнің) орнына жүретін сөз табы.	Есімдік – есім сөздердің (зат есім, сын есім, сан есімнің) орнына жүретін сөз табы.
Эвфемизм – ойды сыпайы, әдепті әрі жағымды етіп жеткізу мақсатында қолданылатын сөздер.	Эвфемизм – зат, құбылыс және оның сапасын дәл атамай, өзгертіп айтуға байланысты сөздер.	Эвфемизм – мағынасы тұрпайы, дөрекі сөздерді сыпайылап айту.
Табу – халықтың наным-сенімі мен салт-дәстүріне байланысты атын тура айтуға тыйым салынатын сөздер.	Табу – халықтың наным-сенімі мен салт-дәстүріне байланысты атын атауға тыйым салынған сөздер.	Табу – мифтік ескі наным бойынша атын тура айтуға тыйым салынған сөздер

Ырықсыз етіс – сабақты етістікке <i>-ыл, -іл, -л</i> жұрнақтары жалғану арқылы жасалады (<i>тұрпат</i> <i>межесі</i> <i>тұрғысынан берілген</i>).	Ырықсыз етіс – іс-әрекетте, қимылды орындаушы көрсетілмей, не істелгендігі көрсетілген етістің түрі (<i>мазмұн</i> <i>межесі</i> <i>тұрғысынан берілген</i>).	Ырықсыз етіс – іс-әрекетті жүзеге асырушы айтылмай, қимыл өздігінен істелетіндей көрінетін етістің түрі (<i>мазмұн</i> <i>межесі</i> <i>тұрғысынан берілген</i>).
--	--	--

Мектеп оқулықтарында қолданылатын термин сөздердің сандық және сапалық көрсеткіші бірдей болуы, әрі берілетін терминдік дефиниция жас ерекшелігіне сәйкес келуі тиіс деп ойлаймыз.

Termincom.kz сайтындағы «Мектеп терминологиясы» парақшасы оқушы мен пән мұғаліміне бағытталған құрал, әрі мұғалімге дидактикалық материалды әзірлеу құралы ретінде қолдану мүмкіндігі бар. Бұл оқушының сандық сауаттылығын да арттыра түседі.

Оқулықтардағы терминдерді біріздендіруге қатысты ұсыныстар мен атқарылуы тиіс жұмыстар ретінде мыналарды атап өтер едік:

1. Әр сыныпқа жазылған мектеп оқулықтарында қолданылатын терминдердің саны анық, әрі оқушының жас ерекшелігіне сай болуы тиіс;
2. Оқулықта қолданылуы тиіс терминдердің саны мен сапасына қойылатын талаптар нақты көрсетілуі, терминдерді іріктеп алудың стандарттары айқындалуы тиіс;
3. Мектеп оқулықтарында қолданылатын (1-10 сынып аралығы) термин сөздердің терминологиялық түсіндірмелі сөздігін түзу.

Мектеп оқулықтарында термин қолданысындағы бірізділіктің сақталмауы байқалады. Мұндай жағдайда ҚР жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы бекіткен терминдер алынуы қажет. Көптеген пәндер үшін негізгі ғылыми ұғымды иеленетін сөздерді пән мұғалімі оқушыларға жетік меңгертуді қажет етеді. Оқушыларға терминологияны контекст пен мағына арқылы меңгеруге көмектесу жолдарын табу, сонымен бірге оны оқушының қызығушылығын арттыра отырып меңгерту қиындық тудырып жатады.

Ш. Құрманбайұлы өзінің терминологияға арналған еңбектерінде мектеп оқушыларына арналған нормативтік терминологиялық сөздіктер туралы айтады. Нормативті терминологиялық сөздіктің кең тараған түрі – «Сөздік-стандарт». Мұндай сөздіктің ресми мәртебесі болады. Онда қамтылған терминдерді белгілі бір арнаулы саланың терминжүйесінде дәл сол қалпында қолдану міндеттеледі. Сөздік-стандартта тек терминдер ғана беріліп қоймай, сол стандарт қолданылатын сала нақты көрсетіледі. Сөздік-стандарттың сөздік мақаласында «Термин» және «Анықтамасы» деген бөліктері болады.

10 - кесте. Ш.Құрманбайұлы ұсынған термин сөздердің анықтамасы

Термин	Анықтамасы
Анықтауыш	Зат есімдерден немесе олардың орнына жұмсалатын басқа сөздерден болған сөйлем мүшелерінің әртүрлі сынын, сапасын, меншіктілігін білдіретін тұрлаусыз мүше.
Пысықтауыш	Қимылдың сынын, заттың қимылдық сапасын білдіретін сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі.
Тоғыспалы ықпал	Қатар келген дауыссыздардың өзара ықпалы нәтижесінде екеуінің де өзгеріске ұшырауы.

Оқушының термин (терминдік дефиниция) туралы білімі таным үдерісінің нәтижесінде қалыптасуы қажет. Ал қазіргі білім беру үдерісінде мұғалім ақпаратты дайын күйінде оқушыға ұсынады. Оқушы берілген ақпаратты өзіндік ойлауы арқылы анализ жасамай, сол қалпында қабылдайды. Дайын күйінде берілген ақпарат оқушының ой елегінен өтпеген соң, тек жаттанды дүниеге алып келеді. Ал жаттанды дүние, уақыт өте келе ұмытыла бастайды.

Терминдік дефиниция оқушы жадында ұзақ өмір сүруі үшін, өміршендік сипат алуы үшін, берілетін білім табиғи түрде бала танымында қалыптасып, жүйеленуі керек. Қазіргі таңда білім берудің баланың психологиялық ерекшелігі, оқулық жазуда психолінгвистикалық ерекшеліктері ескерілмейтіндігін байқадық.

2 Термин және терминдік мағынаны интеграциялай оқыту әдістемесі

2.1 Интеграциялай оқыту технологиясы: теориясы мен әдістемесі

Әлемдік жаһандану кеңістігінде білім берудің озық технологияларының орны елеулі. Бүгінгі күні оқушылардың ой-өрісінің дамуы, өз бетімен жұмыс жасай алуы, белгілі бір тақырып бойынша өз көзқарасын жеткізе алуы көкейкесті мәселелердің біріне айналған. Сол себепті қазіргі білім беру үдерісінде оқытудың бірнеше технологиялары қалыптасқан.

Кеңестік және шетелдік педагогика ғылымында интеграция мәселелері бойынша көптеген зерттеу жұмыстары жүргізілген. Білім беру үдерісінде пәнаралық байланысты қолдану мәселелерін Я.А.Коменский, И.Г.Песталоцци, Ж.Руссо, Л.Н.Толстой, К.Д.Ушинский жан-жақты қарастырған болатын.

Педагогикалық технология – білім алушылар мен оқытушылар үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету, оқу үдерісін жобалау, ұйымдастыру және өткізу үшін жан-жақты ойластырылған педагогикалық қызметтің үлгісі [34, 56]. Білім беру технологиясы – кез келген қызметте қолданылатын формалардың, әдістердің, әдістер мен құралдардың жиынтығы [35, 102].

Ш.Ерғожина қазіргі білім беру жүйесінде мынадай оқыту технологиялары қалыптасқандығын айтады:

- ойын арқылы оқыту технологиясы;
- проблемалық оқыту технологиясы;
- тірек белгілері арқылы оқыту технологиясы;
- деңгейлеп саралай оқыту технологиясы;
- модульдік оқыту технологиясы;
- жобалай оқыту технологиясы;
- витагендік оқыту технологиясы [36, 28-29].

Педагогикалық технология ретінде білім берудегі интеграцияның педагогикалық негізімен қатар, психологиялық механизмдері бар. Оқыту психологиясында интеграция жағдайындағы ойлау ерекшелігіне арналған зерттеулер жоқ. Зерттеліп отырған мәселенің психологиялық ерекшеліктерін іздестіруде И.П.Павловтың ілімдеріне, олар ұсынған жүйелілік ұстанымына, дәлірек айтқанда, синтетикалық көзқарас адам миының біртұтас интегративті әрекетіне сүйенетіндігіне көңіл аударалық. Адам миы қызметіндегі жүйелілік ақпарат интеграциясымен байланысты. Ол әртүрлі мәндік тәртіптегі нейропсихологиялық жүйенің құрылуы мен қызметінде білінеді. Мұндай жүйенің пайда болуы, сонымен бірге интеграциялық байланыстарды тану мен меңгеруге бағытталған оқу әрекетінің нәтижелілігін қамтамасыз етеді.

Ойлау мен танудағы байланыстарды анықтау және меңгеру үдерістері, XX ғасырдың басында басым болған дәстүрлі дидактика негізінің құрамдас бөлігі психологиядағы ассоциативтік теориясында ашылады.

Білім беруде интеграция үдерістерінің психологиялық негіздерінің бірі ретінде психолог Ю.А.Самариннің ассоциативтік ойлау туралы идеяларын қолдануға болады деп есептейді Ә.Мұханбетжанова. Б.Самарин ұсынған ассоциативтік ойлау идеясының мәні мынада: білім – ассоциация, ал білімдер

жүйесі – ассоциациялар жүйесі. Б.А.Самарин ассоциациялардың мына түрлерін көрсетеді: жергілікті, жеке жүйелілік, ішкі және жүйеаралық ассоциациялар [38, 89].

Жүйеаралық ассоциациялар оқушының ойлау әрекетінің жоғарғы сатысы ретінде білімдердің әртүрлі жүйелерін біріктіреді. Білім жүйесін талдап қорытады, жинайқтайды, құбылыстың немесе процестің әр алуандығын тануға мүмкіндік береді. Ассоциацияның осы кезеңінде ғана жалпы ұғымдар пайда болады. Жүйеаралық ассоциациялардың қалыптасуы оқушыға әр салалардан алған білімдерін пайдалануға, оларды бір-біріне бағынышты етуге, өзара байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Білім беру бағдарламасына сәйкес білімнің мазмұны сыныптан сыныпқа жоғарылаған сайын қарапайымнан күрделіге қарай жүріп отырады. Ал серіппе (спираль) бойынша қозғалыста аз-аздап ұғымдар туралы жаңа түсініктер алу, теориялық және практикалық білімді жүйелі түрде дамыту және кеңейту жүзеге асырылады [35, 46].


Ғылымда оқушыларға біртұтас дүние бейнесін білімді интеграциялау арқылы оқыту мәселесіне көптеген зерттеу жұмыстары жүргізілген.

Пәнаралық байланысты анықтау психологиялық, педагогикалық және физиологиялық заңдылықтарға негізделеді. Пәнаралық байланыстың психологиялық негізін қалаған академик И.П.Павлов [38] болатын. Психологтар оқушылардың пәнаралық байланыс арқылы әртүрлі оқу пәндері бойынша алған білімдерін бір жүйеге түсіріп, оларды өзара бір жерде тоғыстыруға негіз болатындығын айтады. Пәнаралық байланыстың психологиялық негізін ашып көрсетуде Ю.А.Самариннің «Ақыл-ой психологиясының очерктері» [38] деген еңбегінің маңызы ерекше. Өйткені пәнаралық байланыстар арқылы оқушылардың іскерлік дағдысы, сыни ойлау дағдысы қалыптасады.

Философиялық тұрғыдан алғанда, қоршаған ортадағы зат, құбылыс, іс-әрекет өзара бір-бірімен ассоциациялық қатынаста болады. Демек, пәнаралық байланыста да осы зат, құбылыс, іс-әрекет арасындағы нақты байланыстар туралы білім беріледі. Пәнаралық байланыстан бастау алатын интеграциялық білім оқушылардың бойындағы шығармашылық үдерістерді қалыптастыруға негіз болады. Оқушыларды ғылыми-шығармашылыққа баулу, оларды ғылым жолына баулу осы кіріктірілген оқыту технологиясынан бастау алады.

Оқушылардың дүниетанымдық қызығушылықтарын арттырып, бірнеше пәндердің оқу мақсаттарының бірге орындалуына негіз болады. Пәнді интеграциялай оқытуда бірнеше оқу пәндері бойынша алынған білім жинақталып, жүйеленіп, оның жеке тұлғалық дамуына жол ашуға болады.

Интеграциялай оқыту дидактикалық міндеттерді орындау арқылы шешіледі.



Кіріктірілген оқыту технологиясын ұстанудағы басты мақсат – баланың танымдық қабілетін, логикалық ойлау қабілетін арттыру, коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру, сандық технологияны қолдана білу дағдысын қалыптастыру. Сондай-ақ кіріктірілген оқыту технологиясын мұғалім тарапынан қолданысқа енгізуі бірқатар педагогикалық мәселелердің шешімін табуға бағытталған.

Оқытудың жаңа технологияларының бірі – интеграциялай оқыту технологиясы. Оқытуды интеграциялау – оқушылардың бейімділігі мен қабілеттерін ескере отырып, орта мектепте оқу жоспары мен пән бағдарламасына сәйкес жүзеге асыру. Интеграция мен дифференциация ғылым мен білмінің дамуындағы заңды үдерістер. Бұл екі үдеріс адам танымының екі тенденциясына, бір жағынан, дүниені тұтастай бейнелеуге, екінші жағынан, әртүрлі құрылымдар мен жүйелердің заңдылықтары мен сапалық өзіндік ерекшелігін тереңірек және нақтырақ түсінуге сәйкес келеді. Қазіргі кезеңде дифференциацияға қарағанда интеграция басым болып келеді» [40, 45].

Интеграция мен дифференциация – білім беру үдерісінің тиімділігін арттыратын негізгі әдіс-тәсілдер. Бұл ойымызды академик Б.М.Кедровтың мына пікірі дәйектей түседі: «Интеграция – қазіргі ғылымның маңызды белгісі, бұл оның жаңаша ұйымдасуы ғана емес, оның ішкі күйін, зерттеудің жаңа пәнін, оның байланыстарын бір мезгілде көрсете алатын бірден бір шарты. Интеграция – қандай да бір жекелеген элементтердің біртұтас болып бірігуі, қандай да бір бірліктің қайта құрылуы [41, 67].

Ә.Мұханбетжанова интеграциялай оқыту негізінде оқушылар ғаламның ғылыми бейнесін біртұтастандыруға жол ашатындығы туралы мынадай ой айтады: «Бізді қоршап тұрған дүние бір-бірімен күрделі, әрі сан-салалаы байланыста болатын құбылыстар жиынтығынан тұрады. Біздің дүние туралы біліміміз әртүрлі заттар мен құбылыстар жөніндегі әр саладағы мәліметтердің кездейсоқ жиынтығы емес, қоршаған шындықтың белгілі бір дәрежеде өмір сүретін жүйесін көрсететін ұғымдардың, принциптердің, заңдардың

тәртіптелген жүйесі. Ғылыми білімдеріміздің мұндай жүйесі – дүниенің ғылыми бейнесін жасайды. Дүниенің ғылыми бейнесі әртүрлі ғылымдардан алынатын білімдердің синтезі нәтижесінде жасалуы және ғылымның тиісті кезеңдегі тарихи дамуында өсіп отыруы, дүние туралы жалпы түсінікті құрайды» [42, 28].

Оқушыларға қоршаған орта туралы қалыптасқан таным-түсінігі мен қалыптасқан тәжірибесі туралы білімді бір жерге жинақтау, біртұтас бүтінге айналдыру, білім мен ғылымның өзара интеграцияның жемісі екенін түсіндіру керек. Ғалам бейнесі термині – когнитивті лингвистика саласындағы негізгі базалық ұғымдардың бірі. Ғалам бейнесі – дүние туралы, болмыс туралы адам санасындағы білімдер жиынтығы, белгілі бір халықтың қоғамдық санасында болмыс туралы жүйеленген білімдер жиынтығы, философия, әдебиет, мифологияда көрініс тапқан халықтың болмыс, тұрмыс, әлем туралы білімі, құндылықтар жүйесі, таным парадигмасы ретіндегі түсініктер жиынтығы [43, 128]. Ал ғаламның тілдік бейнесі – белгілі бір тілде көрініс тапқан, сол ұлт өкілдеріне ортақ, ұжымдық тәрбие негізінде жинақталған білімдер жүйесі. Дүние тіл арқылы танылады, танылған дүние тіл арқылы таңбаланып, ұрпақтан ұрпаққа беріледі.

Ғаламның тілдік бейнесі өз ішінен мынадай топтарға жіктеледі:

- ғаламның қарабайыр тілдік бейнесі;
- ғаламның мифологиялық бейнесі
- ғаламның тілдік бейнесі;
- ғаламның ұлттық бейнесі;
- ғаламның ғылыми-танымдық бейнесі [44,78].

Оқушыларға ғаламның қарабайыр бейнесімен қатар ғаламның ғылыми-танымдық бейнесін қоса оқыту, осылайша ғалам бейнесін біртұтас әлем ретінде оқыту – бүгінгі заман талабы. Ғаламның ғылыми бейнесін қалыптастыру оқыту үдерісінде пәнаралық байланыс негізінде іске асатындығы туралы педагог ғалымдар Ә. Мұханбетжанова, Б. Кедров, В.С.Безрукова тарапынан айтылып жүр.


«Интеграция» ұғымы философия, әлеуметтану, психология, педагогика сынды ғылым салаларында қолданылып, әр салада өзіндік ерекшеліктері бар мәнге ие болады. Сондықтан ғылыми әдебиетте бұл терминге берілген түрлі анықтамаларды кездестіруге болады. Қазақ әдеби тілінің 15 томдық түсіндірме сөздігінде «интеграция» сөзіне мынадай анықтама береді: «Қандай да бір бөліктердің біртұтас болып бірігуі, олардың арасындағы байланыстардың дамуы» [ҚӘТС, 303].

Орыс тіліндегі кірме сөздер сөздігінде «интеграция» сөзі үздіксіз байланыс, бірыңғай деп анықталады. Мысалы, интегральді схема деп элементтері құрылымдық, технологиялық, әрі электрлік тұрғыдан байланысты құрылғыны атайды [ОТКС, 240]. Басқаша айтсақ, интеграция – бөлшектердің бір бүтінге бірігуі.

Ал білім беру саласында интеграция термин ретінде 1980 жылдардың басында еніп, оқыту және тәрбиелеу процестері барысындағы байланыстардың

көрінісі ретінде қарастырылады. Білім беру саласындағы интеграциялық процестердің дамуын үш кезеңге бөліп қарастыруға болады.

12 - кесте . Интеграциялық процестердің даму кезеңдері



Бірінші кезең КСРО билігі орнау кезеңіндегі еңбек мектептерінің пайда болуымен байланысты. Еңбек мектебі концепциясының негізін америкалық философ және педагог Дж.Дьюи қалаған болатын. Оның бұл туралы алғашқы ойлары 1899 жылы жарық көрген «Мектеп және қоғам» еңбегінде жарияланып [45, 7-8], Қазан төңкерісінен кейінгі Ресейде қолдау тапты. Бұл концепцияның негізі болған өндірістік әрекет білім беру және тәрбиелеу процестері интеграциясының басты факторіне айналды. Концепция негізінде белгілі бір мәселе төңірегінде әртүрлі пәндерден алынған білімдерді интеграциялай отырып кешенді оқыту жүйесі жасалынды. Бұл тәжірибе интеграциялай оқытуға бағытталған алғашқы қадамдардың бірі болды.

1958 жылы «Об укреплении связи школы с жизнью и дальнейшем развитии системы народного образования в СССР» заңының қабылдануымен интеграциялай оқыту процесінің қалыптасуындағы екінші кезең басталды. Бұл кезең қарастыратын негізгі мәселе — пәнаралық байланыс. Пәнаралық байланыс формасындағы интеграция дәстүрлі білім беру жүйесінің құрылымын бұзбады, керісінше пәндік білім беруге жақсы дидактикалық қосымша ретінде қызмет етті. Пәнаралық байланыс оқу процесін бүтін жүйе ретінде қалыптастыруға ұмтылды [45, 19].


Интеграцияның үшінші кезеңі интеграциялай оқытудың іргетасын қалады десек те болады. Бұл кезең 1980 жылдардан басталып, 1983 жылы білім берудегі интеграция мәселесіне арналған алғашқы жинақ — «Интегративные процессы в педагогической науке и практике коммунистического воспитания и образования. Сборник научных трудов» жарық көрді. Осылайша үшінше кезеңде педагогикадағы «интеграция» ұғымының мәні анықталып, интеграциялық процестер білім беру саласында белсенді қолданыс таба бастады [45, 20].

Дегенмен педагогика саласында интеграция ұғымының қалыптасқан бірыңғай анықтамасы жоқ. И.Д.Зверева мен В.Н.Максимованың пікірінше, интеграция – бүтінді жасау процесі мен оның нәтижесі. Оқыту үдерсінде бір курс бойынша бірнеше пән элементтерінің бірігуі [46, 31]. А.Данилюк интеграция жүргізілетін білім беру жүйесі үш негізгі компоненттен тұратындығын айтады: оқушы, көптеген оқу мәтіндері (тілдік сипаты жағынан әртүрлі) және интеграциялық механизмдер [47, 144]. Ал әлеуметтік-педагогикалық сөздікте интеграция сөзіне мынадай анықтама берілген: «Педагогикалық интеграция – оқыту және тәрбиелеу үдерісін ұйымдастырудың мақсаттары, принциптері мен мазмұнын біріктірудің жоғары формасы» [48, 42].

Жоғарыда айтылған ғалымдардың пікірлерін негізге ала отырып, интеграция ұғымын «бөлшектердің бүтінге бірігуі», «компоненттердің өзара байланысқан қалпы», «ажыратылған бөлшектер мен элементтердің қайта бірігу процесі» ретінде түсінеміз.

Педагогикадағы интеграция ұғымының түсініктемесін мынадай сызба түрінде көрсете аламыз:

4 - сызба. Педагогикадағы интеграция ұғымы (Ә.Мұханбетжанова бойынша)



Ә.Мұханбетжанованың көрсетуінше, интеграциялай білім беру бірнеше формада жүзеге асырылады. Интеграциялай білім беруді жүзеге асырудың формасының бірі – пәнішілік интеграция. Жекелеген пәннің өз ішіндегі интеграция мәселесі негізге алынады [37, 45]. Пәнішілік интеграцияда бір пәннің аясында алынатын фактілер мен ұғымдар бір жүйеге бірігеді. Нәтижесінде оқу материалы үлкен блоктардың түріне енеді. Бұл пән мазмұнының құрылымын өзгертуге мүмкіндік береді. Пәнішілік интеграцияның өзге интеграциялай оқыту түрлерінен артықшылығы – оқушылар оқуға ұсынылған теориялық және практикалық материал туралы толық ақпарат ала алады. Пәнішілік интеграциялай оқытуда материалдар спиральді құрылымда беріледі. Мұғалім жаңа білімді бөлшектеп жеткізеді, ал оқушы пән бойынша

білетін білімі бірте-бірте тереңдеп, әрі толығып отырады. Бүгінде сабақта өткен жаңа тақырып бойынша соған ұқсас тақырыптарды оқытумен бірге жүргізіледі. Оқушыларға жалпыланған тапсырмалар мен жаттығулар беріледі, индукция, салыстыру, кесте сызу және схема жасау сияқты тапсырмалар орындалады.

Интеграциялай оқытуды жүзеге асырудың тағы бір түрі – жүйеішілік интеграция. Ол оқушының бір пәннен алған ақпаратын екінші пәнді оқу барысында қолдануына мүмкіндік береді. Оқушы жалпы ғылыми категорияларды бүтін жүйе ретінде қабылдап кешенді түрде білім ала бастайды, яғни оқушының санасында дүниенің біртұтас бейнесі қалыптаса бастайды. Қазақ тілін оқытуда интеграциялай оқыту әдісін қолдану арқылы оқушылардың бойынша қоршаған орта туралы ғылыми дүниетаным, ғылыми түсінік қалыптасады, бұл әрекет мектеп оқулықтарында қамтылған мәтін арқылы жүзеге асады. Әсіресе терминдік мағынаны оқытуда интеграциялай оқыту технологиясын қолданудың тиімділігі жоғары.

Термин – ғылымдағы негізгі түсініктердің бірі. Ол ғылыми ойдың нақтылығын, айқындылығын және түсініктілігін қамтамасыз етеді. Кез келген пәнді оқып, ғылымның қай саласын болмасын игеру үшін сол саланың негізгі ұғым-түсініктері жөнінде білу қажет. Сонда ғана мететіл, метатілдесім әрекеті қалыптасады.

Жалпы интеграциялай оқыту технологиясы бойынша мұғалімінің білім берудегі негізгі мақсаты – оқушыларға берілетін теориялық және практикалық білім негіздерінің бірлігін, пәнаралық байланысын сақтай отырып оқыту, оқушыларға берілген білімнің біртұтас бейнесін қалыптастыру.

Пәнаралық байланыс – түрлі оқу пәндерінің арасындағы байланысты көрсетеді, әрі қазіргі білім беру жүйесінде қолданылатын негізгі әдістердің бірі. Пәнаралық байланыс бірнеше оқу пәндеріне ортақ ұғымдар мен термин сөздердің, деректер мен қағидадардың арасындағы байланыстарды түсінуге мүмкіндік береді. Соған сәйкес әрбір оқу пәніне байланысты термин сөздерді мен негізгі базалық ұғымдарды метатілдесімге орай қолдана білу дағдысын қалыптастырады. Сонымен қатар оқушының бойында энциклопедиялық білімнің қалыптасуына негіз болады.

Педагогика тарихында қоршаған орта бір-бірімен өзара болатын бір бүтін дүние, біртұтас дүние ретінде қарастырылады. Педагогика саласында әрқашан қоршаған орта туралы білімді қалыптастыруға ерекше көңіл бөліп отырған. Мәселен, XIX ғасырдың 1960-жылдары К.Д.Ушинский түсіндірмелі оқу жүйесін ұсынды. Өзінің «Детский мир», «Хрестоматия» [49] еңбегінде баланың ұғымына сәйкес қоршаған орта туралы қарапайым білім беруді мақсат етеді. К.Д.Ушинскийдің бұл еңбектері тек оқушыларға ғана емес, сонымен қатар ата-аналарға арналған болатын. Педагог география, жаратылыстану және тарих сынды ғылым салаларына ерекше мән беріп, балаларды қоршаған орта туралы қарапайым білім беруді мақсат етеді. К.Д.Ушинскийдің түсіндіруінше, оқушыларда қалыптасатын білім жүйесі бір-бірімен тығыз байланыста болатын шынайы білімнің жүйесі болуы қажет. Осы айтылған ойды А.А.Бейсенбаева мынадай пікірмен дәйектей түседі: «Арнаулы пәндер бізге білімді меңгеруге мүмкіндік беерді. Байланыспайтын үзік-үзік біліммен толықан бас қожайынның

өзі ештеңе іздеп таба алмайтын қоймға ұқсайды» [51, 102]. Әсіресе жаратылыстану пәндерін өзара байланыссыз оқыту балалардың ақыл-ойының тежелуіне алып келетіндігі сөзсіз.

Кез келген мұғалім оқушыға білім беруде өзін ойша оқушының орнына қою керек. Әлі ойлауға, екі құбылысты байланыстыруға үйренбеген оқушының ақыл-ой жаттығуларын жасатып, ақыл-ой қызметін дамыту қажет. Яғни, ғылыми білімді ең қарапайым тапсырмалардан бастап күрделіге қарай (спираль түрінде) өту керек. Оқып-үйрену үдерісінде алынған білімді меңгеру жүзеге асады. Кіріктірілген білім беру – іс-әрекеттің кезектесуі, балалар меңгерген қарапайым білім немесе іс-әрекеттің бір пәннен екінші пәнге ауысуы. Балалардың пән бойынша білімін бекіту үшін оқыту процесін дұрыс ұйымдастыра білген жөн.

Кіріктірілген сабақтарды жоспарлау кезінде мынадай мәселелерді ескерген жөн:

- оқу пәндерін кіріктіргенде сабақтың негізгі мақсатын дұрыс анықтау;
- сабақтың алған қойған мақсатына сәйкес пән мазмұнынан қажетті ақпараттарды алу;
- пәнаралық байланысқа қажетті пән мазмұндарынан ортақ байланыстарды негізге алу;
- оқытудың әдістері мен қажетті құралдарды дұрыс анықтау қажет.

Жалпыға білім беру мектептерінде кіріктірілген оқыту технологиясына бет бұру қажеттілігі бірқатар объективті себептермен байланысты. Бірінші маңызды себеп ретінде оқушылардың жаратылыстану және гуманитарлық цикл пәндеріне деген қызығушылықтың төмендеуін айтуға болады. Кіріктірілген оқыту технологиясын білім беру үдерісінде қолдану арқылы жаратылыстану (физика, математика, химия, биология) және гуманитарлықбағыттағы пәндердің негізгі базалық ұғымдарын айқындау, өзіндік метатілін қалыптастыру, терминологиялық базасын меңгертуге болады. Өйткені баланың тілдік санасында қалыптасқан қандай да тілдік бірлік не лексема белгілі бір ғылыми ұғымды иеленіп, терминологиялық өріске өтуі мүмкін. Бұл терминдену процесі лексика-семантикалық, синтетикалық және аналитикалық жолмен жүзеге асады. Әсіресе, жалпыхалықтық қолданыстағы тілдік бірліктің термрн сөзге айналуы тілдік санада ұзақ уақыт өмір сүруіне әрі жадта ұзақ уақыт сақталуына жол ашады.


Сол себепті бірнеше терминологиялық өріске қызмет ететін тілдік бірліктің терминдік мағынасын балаға меңгертуде осы интегралды оқыту технологиясын қолданған дұрыс. Кіріктірілген оқыту технологиясы қолдану арқылы білім беру үдерісінің нәтижелігін көруге болады. Әрі бұл технологияла қолдану арқылы балалардың білімді қабылдауда және оны меңгертуде оқушылардың ойлауын дамыту үшін оңтайлы жағдай жасалады. Яғни теориялық және практикалық білім бере отырып, оқушылардың ғылыми ой-өрісі, білім көкжиегі кеңейеді. Әр пәнге деген өзіндік мететілдесімі қалыптасады, терминологиялық базаны меңгереді, Ғылыми сөйлеу стилі қалыптасады. Нәтижесінде осы пәндерге оқушылардың қызығушылығы арттады.

Оқытудағы ықпалдастық, ең алдымен, ғылымаралық байланыстарға ұқсас пәнаралық байланыстың елеулі дамуы мен тереңдеуін, әртүрлі пәндерді оқытуды үйлестіруді көздейді. Пәнаралық байланыс негізінде әртүрлі пәндерден алынған білімді кіріктіру жүзеге асырылады. Кіріктірілген сабақ арқылы оқушылардың әртүрлі пәндерден алған білімдерін біртұтас күйде толық қабылдануына әсер етеді.

Ә.Мұханбетжанова пікірінше, кіріктірілген сабақтың өзіндік белгілері ретінді мыналарды атап өтуге болады:

- арнайы ұйымдастырылған сабақ;
- оқу мақсаттарының ортақтығы;
- ортақ тақырыптың мәнін тереңірек түсіну;
- әртүрлі пәндегі бір ғана термин сөздің түрлі терминдік мағынасын айқындау;
- оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру;
- тақырып бойынша зерттелетін мәселелерді тұтас, синтезделген күйде қабылдау;
- әртүрлі пәндерден алынған білімді кеңінен қолдану, яғни пәнаралық байланысты тереңдете жүзеге асыру [42, 78-79].

2-сурет. Трансдисциплинарлық білім беру жүйесі



Кіріктірілген (пәнаралық байланыс) сабақ – бір ұғымды, тақырыпты немесе құбылысты оқып-үйрену кезінде бірнеше пәндерді бір уақытта біріктіре оқытуға негіз болатын сабақтың түрі. Сабақта интегратор қызметін атқаратын жетекші пән, жетекші пәннің материалын тереңдетуге, кеңейтуге, нақтылауға ықпал ететін көмекші пәндер көрсетіледі.

В.С.Безрукованың пікірінше, оқу материалының мазмұнын интеграциялаудың үш деңгейі бар:

- пәнішілік – ұғым-түсініктің, білім мен дағдының өзара байланысы;
- пәнаралық – фактілердің, ұғымдардың, принциптердің интеграциясы;

трансдисциплинарлық – әртүрлі пәндердің көмегімен белгілі бір құбылысты, белгілі бір тақырыпты түсіндіру [51, 69].

Финляндия білім беру жүйесінде осы трансдисциплинарлық деңгей бойынша оқыту жүйесі жолға қойылған. Балалар дәстүрлі сабақтардың орнына, алты апта бойы бір тақырыпты, белгілі бір құбылысты түрлі пәндердің көмегімен оқып меңгереді. Мәселен, «Миграция» тақырыбын өткен кезде география, социология, тарих, мәдениеттану және экономика пәндерінің ақпараттары негізге алынады. Тақырыпты әр қырынан қарастыра отырып, оқушы жан-жақты білім алады, қандай да бір мәселеге қатысты кешенді түрде жауап алады, қоршаған ортаға деген біртұтас көзқарасты қалыптастыру.


Болашақта финдік білім беру жүйесі мектеп оқушыларына белгілі бір ұғымға қатысты интеграцияланған ақпарат беруге арналған мобильді қосымша шығаруды мақсат етіп отыр.

Жалпы білім беретін пәндердің мазмұнын оқытудың негізі болатын терминологияны оқытуда дәстүрлі және интегративті әдіс-тәсілдерді қолдануға болады. Интегративті сабақтарды кез келген пәнді оқытуда қолдануға болады. Физиканы математикамен, математиканы информатикамен, тарихты әдебиетпен, химияны технологиямен біріктіруге болады.

Осында көрсетілгендей фотосинтез процесі биология, физика және химия пәні тарапынан ақпараттар беріледі.

Фотосинтез (грекше: «фото» – жарық, «синтез» – пайда болу) – өсімдік жапырағында күн жарықта жүретін үдеріс. Үдеріс кезінде көмірқышқыл газ бен судан органикалық заттар мен оттегі пайда болады. Өсімдіктер дұрыс өсіп, дамуы үшін оларға су, минералды және органикалық заттар керек. Су мен минералды заттарды өсімдік топырақтан алады. Ал органикалық заттар қайдан алынады? Күн жарық кезде жасыл өсімдіктер бейорганикалық заттардан органикалық заттарды шығаруға қабілетті болады. Бұл үрдіс – фотосинтез деп аталады. Фотосинтезге қабілеттілік – жасыл өсімдіктердің ерекшелігі.

Сол сияқты кірме термин сөздерді оқытқанда, терминдік мағынаны меңгерткенде интеграциялай оқытудың әдіс-тәсілдерін қарастырған жөн. Төмендегі сызбада бір ғана ядро сөзінің әр пән бойынша қандай мағынада жұмсалып тұрғанын сол пән бойынша алған білімнің негізінде дәйектеуге болады [52, 77].



Интеграциялық сабақтарды кіріктіретін пән мұғалімдері бірлесіп жүргізе алады. Мұндай сабақтың мақсаты мен мазмұны, оқытудың әдіс-тәсілдері екі немесе үш оқу пәнінің әдістемелерінен жинақталады.

Нәтижесінде оқушылардың интегративті түрде ойлау дағдысы қалыптасады. Интегративті ойлау – күрделі ақыл-ой операцияларын қолдану ғана емес, пайымдау мен дәлелдеуді қамтитын когнитивтік процесс. Интегративті ойлау оқушыны гипотеза құруға, себеп-салдар байланысын орнатуға, аксиома шығаруға, теория мен практиканы салыстыруға мүмкіндік береді.

2.2 Сөздің терминдік мағынасын интеграциялай оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері

Интербелсенді оқыту – әрекет арқылы оқыту. Бұл ұстаным баланы үлкен жетістікке жетуге итермелейді. Өйткені адам өз қолымен жасалған дүние адам жадында мәңгі өмір сүреді. Интербелсенді оқыту үдерісінде оқушының өзіне деген сенімге тәрбиелейді, сыни ойлау дағдысын дамытады. Сол себепті оқушылар жұптық, топтық жұмыстарға, сондай-ақ танымдық, коммуникативтік және әлеуметтік тұрғыдан белсенділік танытуға дайын болуы керек.

С.С.Сейтенованың пікірінше, интербелсенді оқыту негізінде оқушылар мынадай дағдыны қалыптастырады:

- терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оған баға беру;
- ақпаратты өздігімен түсініп, жан-жақты талдау;

- өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру,
- пікірталасқа қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;
- шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу [53, 70].

А.Айғабылов «Қазақ тілінің лексикологиясы» атты оқу құралында белгілі бір ғылым саласына, белгілі бір кәсіп пен шаруашлыққа байланысты өздерді дұрыс түсіне бермейді, өйткені ол кәсіп пен шаруашлық әр жерде әртүрлі болғандықтан, кәсіби сөздерді түсіне бермейді. Сондықтан ғалым-әдіскер «республикамыздың шаруашылығы, климаты, географиялық орны туралы мәліметті қоса түсіндіруді» ұсынады [54, 38]. Мысалы, Алакөлдің балықшылары, Қызылорданың күрішшілері өз кәсіптеріне байланысты, көпшілік түсіне бермейтін сөздерді қолданады. Кәсіби сөздердің диалектілерден өзгешелігі: диалект сөздердің әдеби тілде баламасы болса, кәсіби сөздердің әдеби баламасы болмайды. Кәсіби сөздердің осы ерекшелігі диалект сөздерге қарағанда қолданылу мүмкіндігінің молдығын, әдеби тілге кіруге икемділігін көрсетеді. Сонымен қатар кәсіби сөздер қазақ тілінің сөздік құрамын артыруға ықпал ететін сөздер тобын құрайды.

Кәсіби сөздермен қоса түсіндірілетін келесі сөздер тобы – термин сөздер. Ғылым мен техниканың дамуына байланысты көптеген жаңа ұғымдардың пайда болып жатқандығын, олардың әрбір ғылым саласына байланысты екендігін мұғалім айтып түсіндіреді. Мысалы: сөз, сөйлем, мәтін т.б.

Термин сөздер, кәсіби сөздер мен диалект сөздерді меңгертуге байланысты мынадай тапсырмаларды орындатуға болады:

1. Өздерің тұратын өлкенің шаруашылығына байланысты кәсіби сөздер мен ата-ананың мамандығына байланысты термин сөздерді жазу.

2. Әдебиет және математика пәндеріне байланысты өздерің білетін термин сөздерді қатыстырып, алты сөйлем құрастыру.

3. Көнерген сөздер мен неологизмдерге көркем не ғылыми әдебиеттерден мысалдар жазу.

4. Омонимдер тақырыбына байланысты картотека жасату.

Лексика бөлімін оқу барысында оқушылар сөздің лексикалық және грамматикалық мағынасының болатынын, сөздің тура және ауыспалы мағынаға ие болу мүмкіндігін, лексикалық мағыналардың өзара омонимдес, антонимдес және синонимдес болып келетінін түсінеді. Қазақ тілінің сөздік қоры мен сөздік құрам тармақтарының әдеби тіл нормаларымен байланысын ұғынып, сөздердің лексикалық нормаларын меңгереді.

Оқушылардың лексиканың негізгі объектісі сөз, сөз мағынасы мен сөз байлығының өзара байланысы, лексиканың жалпы тіл біліміндегі орны мен атқаратын қызметі, жөнінде біртұтас көзқарастары қалыптаса отырып, лексикалық ұғымдарды саналы түрде еңгереді, оларды өз ойын жеткізуде, көзқарасын дәлелдеуде еркін пайдаланып үйрену нәтижесінде олардың ғылыми сөйлеу дағдылары, сөз мәдениеті дамиды [55, 258].

Жалпыхалықтық қолданыстағы сөздерді көнерген сөздер, неологизмдер, диалект сөздер, термин сөздер, кәсіби сөздермен салыстырып түсіндіру әдісі тиімді жолдардың бірінен саналады.


Мәселен, кірме сөздерді сөздік арқылы меңгерту өз нәтижесін береді: түсіндірме сөздіктерден араб, парсы, орыс, ағылшын тілдерінен енген сөздердің картотекасын жасату. <https://sozdikqor.kz> сайты арқылы немесе қазақ тілінде жарық көрген түсіндірме сөздіктер (ҚТТС, ҚӘТС), кірме сөздер сөздігі (ҚТКС) пайдалана отырып, оқушылар кірме сөздерді теріп жазады. Бұл тапсырманы орындау арқылы балалар сөздікпен жұмыс жасау дағдысын, сандық сауаттылықты қалыптастырады. Оқушы бұл тапсырманы орындау арқылы кірме сөздердің мағынасын, оның қай тілден енгендігін анықтайды, әрі карточка жасап үйренеді. Мектеп оқушыларына терминнің мағынасын ашып түсіндіруде сөздіктермен жұмыс жасау әдісі тиімді әдістердің бірінен саналады. Мысалы:

Арт (ағылшын тілінен енген сөз) – өнермен байланысы бар ұйымдар мен мекемелердің атауларына жалғанатын құрамдас бөлік [ҚТКС, 104].

Меценат (ағылшын тілінен енген сөз) – ғылым мен көркем өнердің жомарт қамқоршысы. «Қазақстан меценаттары берген Тарлан сыйлығы қолыма тие салысымен мен оны дарынды балаларға арналған «Дарын» орталығына тапсырмақпын [ҚӘТС, 212].

Кірме сөздер тақырыбын өткенде өзге пәндер жүйесіндегі, мәселен, гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдарында пайда болған жаңа зат, құбылыс, ұғым-түсінікті білдіретін заттарды көрнекілік ретінде пайдаланып, терминдік мағынаны меңгертуге арналған жаттығу жұмыстарын жүргізуге болады. Мәселен, информатика және қазақ тілі сабағы.

3 - сурет. Смайлик түрлері



Смайл (ағылшын тілінен енген сөз) – электрондық пошта, чаттарда эмоцияларды белгілеу үшін қолданылатын компьютерлік графикалық бейне [ҚТКС, 398].

Антивирус (antivirus) – компьютер бағдарламаларына зақым келтіретін вирустарды табатын әрі олардың кері әсерін жоятын арнайы бағдарлама. Егерде вирус жойылмаса, онда зақымданған бағдарлама жұмыс істей алмайды, сондықтан оны өшіріп тастау керек [ҚТКС, 89]. Информатика пәнін өткен кезде оқушылар көптеген термин сөздермен танысады. Мысалы: байт, принтер, роутер, web-браузер, интернет. Осы интернет сөзі әлеуметтік желілерде, БАҚ тілінде ғаламтор түрінде қолданысқа түскен. Яғни, *интернет*, *ғаламтор* сөздері өзара жарыса қолданылады. Ғаламтор сөзінің қазақы дүниетанымға негізделгені бірден түсінікті. Болмыс, қоршаған орта ұғымындағы ғалам сөзі мен осы ғалам туралы барлық ақпараттың компьютер (ноутбук, гаджет) сияқты кішкентай құрылғылар арқылы берілуі негізінде тор сөзімен бірігуі арқылы қазақша баламасы жасалған.

Көнерген сөздер мен жаңа сөздер тақырыбын өткенде тіліміздегі сөздердің баю, даму жолын халық тарихымен байланыстыра, әрі салыстыра түсіндіруді ұсынуға болады. Көнерген сөздер деп қолданыстан шығып қалған, тарихи шығармаларда кездесетін мағынасы көмескі сөздерді айтады. Бұл жерде, біз, қазақ тілін қазақ әдебиеті немесе тарих пәндерімен байланыстыра оқытамыз. Мысалы: *XVIII ғасырда Қазақ хандығының шекарасын ұлғайтып, үш жүздің басын біріктірген, қазақ халқының ұлы мемлекет қайраткері – Абылай хан болды. XIX ғасырда қазақ жерін Ресей империясының отарлау саясаты күшейді. Осы тұста Қазақ хандығын қалпына келтіріп, 1841 жылы хандық билікті Абылай ханның немересі Кенесары қолына алды. Бірақ бұл хандықтың ғұмыры қысқа болды. Қазақ дәстүрінде ірі ұлыстарға билік жүргізген сұлтандарды да хан деп дәріптеген* [56, 10].

Көнерген сөздерді кейді биология, география пәндерінен де кездестуіге болады. Көнерген сөздер көбіне белгіді бір затты не құбылысты сипаттағанда кездеседі. Мысалы: *Қандауыршаның дене тұрқы 5-8 см. Денесі екі бүйірінен қысыңқы. Арқа жүзбеқанаты тұтас әрі жіңішке. Ол тікелей құйрық және құйрықасты жүзбеқанаттарымен тұтасып кеткен. Құйрық жүзбеқанатының пішіні медицина құралы – қандауырға ұқсас болғандықтан, ол қандауырша деп аталған* [57, 239]. Берілген суреттерге назар аударайық:

4-сурет. Қандауыр мен қандауырша



Жалпы қандауыр ертеректе адамның басы ауырғанда арам қанды сыртқа шығару үшін қолданылатын құрал болған. Қандауырмен тіліп, мүйіз қарықтар (сиыр мүйізінен жасалған түтік) арқылы бастағы қан сорып алынған. Пышақтың қандауыр аталуы да осыдан шыққан [ҚҰЭ, 589]. Ал қазіргі медицинада қолданылатын скапель сөзінің қазақша баламасы ретінде осы қандауыр сөзі қалыптасқан. Осы қандауырдың сыртқы формасы мен қандауыршаның сыртқы формасы бір-біріне сәйкес келгендіктен, қандауырша деген атау қалыптасқан.



Көнерген	сөздерге	қатысты
тақырыпты		

меңгертуде көне, қолданыста жоқ заттардың суретін көрнекілік ретінде пайдаланып түсіндірген тиімді. Көнерген заттардың суретін көрсете отырып, мұғалім ол заттар қазіргі уақытта қолданылады ма, қолданылмаса не себепті қолданылмайды деген сұрақтарға жауап ала отырып, қолданыстан шыға бастаған сөздердің себебін оқушылардың өздеріне айтқызады.

Осыдан барып оқушылар мұғалімнің басшылығымен қолданылған дәуірі өтіп, заманмен бірге көнреген тарихи атаулар – тарихи сөздер деп аталады деп тұжырымдайды. Ондай сөздерге садақ, жебе, уәзір, би т.б.

Тапсырма шарты: құл иеленушілік, кеңес одағы, шонжар, комсомол, колхоз, кебеже, боқша сөздерінің мағынасының түсіндірмелі сөздіктен қарап, тарихи сөздер мен архаизмдерге ажыратындар. Осы диаграмманы толтыру арқылы оқушылар өтілген материалдарды көз алдына елестету арқылы есте сақтауына және білімді жүйелі түрде меңгеруіне ықпал етеді.

Түсіндірмелі сөздіктерді пайдалана отырып, мынадай топтық жұмыс орындатуға болады:

1-топ. Ғылым мен техниканың дамуына байланысты қазақ тіліне енген жаңа сөздерді жазу.

2-топ. Кәсіп пен шаруашылыққа байланысты енген сөздерді жазу.

3-топ. Берілген сөздерден актив және пассив қолданылатын сөздерді бөліп жазу керек. Түсіндірмелі сөздіктерді пайдалан отырып, пассив сөздердің мағынасын түсіндіріңдер. Мысалы: шолты, күбі, жылы, ой, диірмен, тау, ұршық, үй, қалпақ, әселі, компьютер, дәрі егу бөлмесі, қырман, лор, оташы т.б.

Жаңа сөздерді (неологизмдер) көнерген сөздермен салыстыра отырып түсіндіріледі. Мұғалім неологизмдерді елімізде, жалпы әлемде пайда болып жатқан көптеген жаңа ұғымдарды, саяси-экономикалық, жаһандану, ғылым мен техниканың, мәдениеттің дамуымен тығыз байланыстаа түсіндіргені абзал. Мысалы, қазіргі технологиялардың қарыштап даыған заманында компьютерге, ұялы телефондарға байланысты жаңа ұғымдар пайда болды. Мысалы: жұмыс үстелі, көшірме, интернет, файл, логин, пароль т.б. Осы сөздерді қолданып жүрген оқушылар бірден оларды жаңа ұғымдарды білдіретін жаңа сөздер ретінде түсінеді. Компьютерге, ұялы телефонға байланысты пайда болған жаңа сөздерді пайдалана отырып, досыңмен жағдаяттық сұқбат құр деген тәрізді тапсырмалар тақырыпты жеңіл меңгеруге мүмкіндік туғызады.

Оқушылар тілдегі біраз сөздердің көнеріп, тарихи сөздерге, архаизмдерге ауысып жатса, біраз сөздер жаңадан пайда болып тілдің баюына, дамуына әсер ететінін түсінулері қажет.

Интербелсенді оқыту технологиясына білім алу мен оны меңгерудің белсенді үдерісіне ықпал ететін әдістерге мыналарды жатқызуға болады: *миға шабуыл, шағын дәріс, рөлдік ойындар, ойын жаттығулары, жобаны әзірлеу, ситуациялық жағдаяттар, сұхбат, сюжетті суреттерді талқылау, сауалнама – викторина (бақылау), интерактивті әдістер т.б.* Енді интерактивті әдіс-тәсілдерге тоқталайық:

Wordwall бағдарламасы. *Wordwall* бағдарламасы негізінде дайындалған материалдарды әрі компьютердің көмегімен, әрі принтерден басып шығару арқылы сабақта қолдануға болады. Өзге интерактивті бағдарламалардан негізгі ерекшелігі осында десек болады. Тағы бір ерекшелігі төменгі сыныпта (5-6) оқушылардың өтілген материалды қорытындылау не кері байланыс орнату мақсатында ойын түрінде түрлі интерактивті технологияларды қолдануға болады. Интерактивті ойындар компьютер, планшет, телефон немесе интерактивті тақта сияқты Интернетке кіру мүмкіндігі бар кез келген құрылғыда ойнатылады. Оларды оқушылар мұғалімнің жетекшілігімен немесе кезектесіп ойнай алады.

Wordwall бағдарламасы дайын тұрған әртүрлі шаблондарды ұсынады. Шаблондар викторина және кроссворд сияқты таныс классикалық элементтерді де қамтиды. Жаңа әрекет жасау үшін шаблонды таңдаудан бастамыз. Одан әрі дайын шаблондағы үлгіге қарай отырып сұрақтар мен тапсырмалар енгізіледі. Бірнеше минут ішінде толық интерактивті әрекет жасалады. *Wordwall* бағдарламасында барлығы 36 интерактивті және 16 дайын тапсырмаларды басып шығару мүмкіндігі бар.

Интерактивті әрекетке негізделген тапсырмаларды құрастырғаннан кейін оны басқа шаблонға ауыстыруға болады. Бұл мұғалімнің уақытын


Wordwall интерактивті әдісі негізінде сөздің терминдік мағынасын меңгертуге байланысты бірнеше тапсырмалар ұсындық.

0:03 ✓ 0

Жапырақ сөзінің "жіңішке" мағынасында қолданылуын көрсетіңіз.

А	В	С	Д	Е	Ғ
Даладан жебе тартады жапырақтардың жиініп алды.	Тамаққа егіп жапырақтап турау керек.	Жапырақ көмірден шығып ғаздан сиреді.	Желіне алмай балғын тал жапырақсыз Жыл өткенде дерменсі қалтырайды	Жапырақ тақтадан және сағақтан тұрады.	Жапырақтың өсуі 30-40 күнге созылады.

☰
🔊 🔍



64

Интеграцияланған сабақ – мұғалімнің шығармашылық қабілетіне тікелей байланысты жүргізіледі.

Learning Apps бағдарламасы. Learning Apps <https://learningApps.com/> сайтына кіріп тіркелу қажет. Ол үшін пайдаланушының аты, электронды поштасы мен құпия сөзді жазу керек. Learning Apps бағдарламасының тиімді тұстары ретінде мыналарды атап өтуге болады:

1. Тапсырмаларды түрлендіруге арналған озық технологиялардың бірі.
2. Жасалған барлық тапсырмалар галереяда сақталады және оқушыларға қолжетімді.
3. Интерактивті тапсырмалар пән бойынша, тақырыптар бойынша бір жерге жинкталған.
4. Дайын тапсырмалар мен сұрақтарды оқушының білім деңгейіне де қарай сұрыптап қолдануға болады.
5. Дайын тапсырмаларды серверге тіркелмеген оқушылар да пайдалана алады.

Білім алушылардың мәтінмен жұмыс жасау дағдыларын дамыту арқылы шығармашылық ізденістерін өзіндік ой-пікірлерін жетілдеру, игерілген ақпарат арқылы сыни ойлауы мен метатанымдық қабілеттерін арттыру. Мәтінмен жұмыс жүргізуде теориялық білімді практикалық жұмыстармен тығыз ұштастырып, ауызша және жазбаша жұмыстар орындату қажет. Теориялық ұғымдар негізінде мәтін мен шығармашылық бойынша түрлі деңгейдегі тапсырмалармен жағдаяттық, шығармашылық, ізденушілік бағыттағы өзіндік жұмыстарын жүргізу керек.

«Даналық кілттері» әдісі. Тони Райан ұсынған бұл әдіс – ойлауды талап ететін тапсырмаларды орындауға оқушыларды қызықтыру үшін арнайы әзірленген жиырма шақты іс-әрекеттер (кілт) кешені. Мұнда мынадай даналықтың кілттері бар: *«Керісінше», «Егер де», «Әліпби», «Жаңа дизайн», «Конструктор», «Кемшіліктер», «Тағы қалай», «Қиыстыру»* және т.б.

Бұл әдістің мақсаты – көмекші сұрақтар, тапсырмалар арқылы оқушының пән бойынша қажетті талдау жасай алу, сыни тұрғыдан ойлау дағдысын қалыптастыру және креативті ойлау қабілетін дамыту.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту құралдары ретінде қазақ тілі әдебиет, дүниетану, жаратылыстану пәндеріне арналған материалдарды қолданса болады.

Мәселен, *«Әліпби» кілтінде* өтілген тақырыпты қалай меңгергендігін байқау мақсатында (Сөздік құрам бойынша) А-дан Я-ға дейінгі сөздерді жазу ұсынылады. Мектеп тәжірибесінде бұл кілт оқытылатын ұғымның бұрын зерттелген басқалармен байланысын анықтауға көмектеседі, пәнаралық байланыстарға әсер ете алады, ойын түрінде оқытылатын ұғымға қызығушылықты оятады.

«Жаңа дизайн» кілті әдісі. Бұл әдіс *BAR* түрінде жүргізіледі. Мұндағы *B* – артық, *A* – қосу, *R* – алып тастау. Осындағы артық, қосу, алып

тастау сөздерін қолдана отырып, кері байланыс жасау. Бұл әдіс бойынша оқушыға таныс зат, құбылыс, нәрсені қолданудың жаңа нұсқасын немесе зерттелетін ұғымның жаңа түсіндірмесін шығару ұсынылады. Бұл кілт белгілі ұғымдар бойынша көзқарастарды жаңарту үшін пайдаланылады, таныстарды жаңа көзқараспен қарастыруға мүмкіндік береді

2.3 Терминдік мағынаны интеграциялай оқыту бойынша орындалатын тапсырмалар мен жаттығулар

Грамматикалық білім беруде жаттығу жасаудың мәні зор. Мұғалім тілдік материалдарды оқулық пен бағдарламаға сәйкес терең білімді беріп қана қоймай, жаттығу жұмыстарын жүргізу арқылы алған білімді бекіту керек. Жаттығу жұмыстары арқылы оқушының тілдік талдау жасау дағдысын қалыптастырамыз. Қазақ тілінен оқушылардың тілдік талдау жүргізу дағдысын қалыптастыру үшін жүргізілетін жаттығулардың түрі көп. Мұғалім жаттығуға байланысты мыналарды білуге міндетті:

1. Оқушының берілген жаттығуды орындай алатын теориялық білімі болуы керек.

2. Саналы түрде түсініп орындаған жаттығулар ғана тиісті дағдылардың қалыптасуына ықпал етеді.

3. Жаттығу оқушының қызығушылығын, ынта-ықыласын арттыруы керек.

4. Жаттығу оқушының назарын бірден өзіне тартып алуы керек.

5. Жаттығу кездейсоқ емес, белгілі бір жүйемен орындалуы тиіс.

6. Жаттығулар алғашқы сабақтарда өтілген материалдарды қамтуы тиіс.

7. Жаттығу орындау оқушының көп уақытын алмауы тиіс.

8. Шығармашылық жаттығулардың көбірек болғаны дұрыс.

9. Жаттығулар түрлері және олардың түрлі-түрлі болып келуі тиіс

10. Жаттығу оқушының еңбегінің нәтижесін көрсетуі тиіс [56, 18].

Жаттығулар осы айтылған талаптарға сай болғанда ғана оқушылардың алған теориялық білімін практикада қолдана алу дағдысын қалыптастырады. Грамматикалық оқытуда жаттығулар әдісінің мәні зор. Жаттығу арқылы теориялық білімді меңгерту, дағдыландыру, жұмыстарын жүргізе алады.

Әрбір тілдік материалдардан соң жаттығу жұмыстарын ұсынып, оның дидактикалық негізінің тиімділігін А.Байтұрсынұлы былайша талдап көрсетеді: «Тіл – құралмен» балаларды оқытқанда һәр қағида я ережені оқытқаннан кейін балалар түсіну үшін сөйлем сөздерді, мақалдарды үлгіге алып, олардың ішінен қағида я ережеге келетін жерлерін балаларға таптыртып, басқалардан айыртып үйрету. Сондықтан мұғалім балалардың үйренген қағидасы, ережесі болатын сөздерді ауыздан жаздыруы керек.

Яки, кітапшадағы жорта қате жазып қойған сөздерді дұрыстап жаздыруы тиіс» [57, 143]. А. Байтұрсынұлы ауызша және жазбаша орындалатын жаттығуларға, олардың орындалу ерекшеліктеріне ерекше мән бергендігі байқалады. Ғалым тілді үйретуге арналған жаттығуларды *дағдыландыру жаттығулары* және *сынау жаттығулары* түрінде екіге бөлген. Егер дағдыландыру бойынша ауызша орындалатын жаттығулар берілсе, ал сынау түріндегі жаттығу жұмыстары жазбаша тапсырмаларды орындатуға негізделген. Жаттығу жұмыстарында мәтін сұрыптауда мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, жұмбақтар, шешендік сөздер үлгілерін жас ерекшеліктеріне қарай тиімді ұсынып, білім алушылардың коммуникативтік-танымдық құзіреттіліктерін жетілдіру бағытын ұстанған.

Мектеп оқулықтарында теориялық және практикалық материалдарға негізделген дағдыландыру және сынау түріндегі тапсырмалар, жаттығулар түрлері ретінде машықтандыру, шығармашылық, сұрақ-жауап, тексеру, көшіру элементтері ретінде кеңінен қолданысқа түскен.

Грамматикалық талдау – қазақ тіліне тән оқыту әдістерінің бірі. Оқытудың бұл түрі оқушыларға қазақ тілінен білім мен дағды беруде жиі қолданылады. Қазақ тілінде грамматикалық талдаудың мынадай түрлері бар: фонетикалық талдау, морфологиялық талдау, сөзжасамдық талдау, синтаксистік талдау.

Морфологияны оқытуда морфологиялық және фонетикалық талдау жасатылады. Сатылай талдау кешенінде сөздің лексикалық мағынасын талдау жасалады. Мәселен, сөзді құрамына қарай талдағанда сөздің қанша морфемадан тұратынын, ол морфемалардың қаншасы лексикалық мағына, нешеуі грамматикалық мағынаны иеленетіндігі көрсетіледі. Синтаксистік талдау жасауда морфологиялық және синтаксистік талдаулар жасалады.

Жаттығу жұмыстарын орындату арқылы лингвистикалық құзіреттілікті меңгертумен бірге, әрі лингвомәдениеттанымдық және қатысымдық құзыреттіліктерді қалыптастыруға ерекше мән беру керек. Мұндай құзыреттіліктер мәтін мазмұнынан байқалуы тиіс. Соның ішінде терминдік мағынаны контекст арқылы меңгертудің жолдарын табу қажет. Оқушыларға тізімге меңгерілетін терминдер тізімін жазып, оның терминдік мағынасын жазу сұралады. Мәселен, төмендегі берілген жаттығуға тоқталайық.

1-жаттығу. Берілген термин сөздерді ғылым саласымен сәйкестендіріңіз.

көп мағыналы сөз, күрделі сөз	Биология
жер бедері, шатқал, карашірік	Химия
мешел, бұлық, аппендикс	Тарих

сутегі, күкірт қышқылы, оттегі	География
көші-кон, жемқорлық, монархия	Қазақ тілі

2- жаттығу. Берілген мәтіннен термин сөздердің астын сызыңыз және қай ғылым саласына тән екендігін айтыңыз.

Осындай әртүрлі пәндерден алынған мәтін үзіндісі негізінде оқушының санасында буын деген сөздің түрлі ғылым саласында қолданылатындығы туралы ой пайда болады, әрі әр ғылым саласында омонимдес терминдердің өзіндік анықтамасы болатындығын байқайды. Ең бастысы, берілген терминдік мағыналардың арасында қандай да бір ортақ байланыстың бар екендігін байқайды.

Буын – сүйектердің шеміршек арқылы қозғалмалы байланысын буын деп атаймыз. Әрбір буынның құрылысы күрделі, екі немесе бірнеше сүйектерді байланыстырады. Буынның сыртын буын қалтасы құрайды [58, 87].

Сөздің құрамында қанша дауысты болса, сонша буын болады. Тасымал – сөздің жолға сыймаған бір немесе бірнеше буынның келесі жолға бөлініп жазылуы. Сөзді тасымалдау буын жігінен басталады. Мысалы: тө-менірек, төме-нірек, төмені-рек. Й және у дыбыстары бар сөздерді буынға бөлгенде бұл дыбыстар келесі буынның басында келеді және солай тасымалданады. Мысалы: да-уыс, да-йындық, са-уат [,].

Желілер типі – арқа жағында ішкі қаңқаның қызметін атқаратын желісі болғандықтан, олар желілер деп аталған. Желілер сыртқы пішіні, тіршілік әрекеті, мекен ортасы әртүрлі жануарлардан құралады. Олардың 40-45 мыңдай түрі бар. Желілер (хордалылар) құрлықта, топырақта, суда, ағаш басында мекендейді. Желілілерге қандауыршалар, асцидиялар, омыртқалылар (дөңгелекауыздылар, балықтар, қосмекенділер, жорғалаушылар, құстар және сүтқоректілер) жатады [59, 43].

Термин сөзді немесе терминдік дефиницияны сөйлеу үдерісінде қолдана білуі үшін түрлі интерактивті ойын (викторина, тест, диаграмма) түрлерін қолдануға болады. Интербелсенді сабақтардың негізгі құрамдас бөліктері – оқушылар орындайтын интерактивті жаттығулар мен тапсырмалар. Интерактивті жаттығулар мен тапсырмалардың өзге жаттығулардан ерекшелігі өткен материалды пысықтап қана қоя емес, оқушының жаңа білімді меңгеруінде жатыр.

Термин сөздерді оқытуда мынадай жаттығулар ұсынар едік:
2- жаттығу. Берілген анықтаманың дұрыс не бұрыс екенін көрсетіңіз.


Д	Ағаш – биология саласына тән термин сөз
Б	Термин сөздер тура мағыналы болып келеді
Д	Термин сөздер қосымша жалғау арқылы жасалады

Б	Термин сөздер ғылымның барлық саласында кездеспейді
Д	Термин – белгілі бір ғылымның, техниканың, спорттың салаларына тән сөздер

Түрлі иллюстрациялық материалдардың көмегімен (сурет, картина, видеоматериалдар көрсету арқылы) термин сөздің қай пәнге тән екендігін, оның терминдік анықтамасын және мәтін ішінде дұрыс қолдана білуге үйретуге болады. Төменде берілген 3- жаттығуға назар аударайық.

3 - жаттығу. Берілген суреттерге сәйкес келетін термин сөздерді жазыңыз.






4 - жаттығу. Берілген термин сөздер қай ғылым саласы бойынша қолданылатынын сәйкестендіріп, анықтамасын жазыңыз.

Термин сөздер	Ғылым саласы	Терминнің анықтамасы	Термин анықтамасын өз сөзі бойынша жазу

Желі			
Тау			
Жаңа сөздер			
Ілгерінді ықпал			
Қара шірік			
Гербицид			

5 - жаттығу. Тапсырма: Берілген сөздердің лексикалық және терминдік мағынасын «Домино» әдісі негізінде сйкестендіріп жазыңыз.

«Домино» әдісі.



«Бір әріп» әдісі. Тапсырма: Сынып оқушыларына бір әріп беріледі. Берілген әріптен басталатын термин сөздерді атаңыздар. Тапсырманың мақсаты: балалардың логикасын арттыру, сөздік қорларын кеңейту, белгілі бір сөздің лексикалық мағынамен қатар, терминдік мағынаны иеленетіндігін түсінуі керек.

Үлгі : Т әріпінен басталатын термин сөз.

Биология

Қазақ тілі

География

Тотықұс
Тышқан
Тырнақ

Термин
Тоғыспалы ақпал
Тембр

Тау
Түбек
Теңіз

Білім берудің негізгі мақсаты – білім мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен техникалық құралдарды қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Осы мақсатты жүзеге асыруда ақпараттық технологияны пайдалану әдісі айтарлықтай рөл атқарады.

Қазіргі білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – оқушыға жеке тұлға ретінде карап, оның дамуына ерекше көңіл бөлу.

Ақпараттық оқыту технологиясы мынадай мақсаттарды көздейді:

- білім деңгейін тексеру бағытында қолдану;
- оқытушылық мақсатта қолдану;
- компьютердің мультимедиялық мүмкіндіктері арқылы көрнекі құрал ретінде пайдалану.

Пәндерді кіріктіре оқытуда ақпараттық технологияның әдіс-тәсілдерін пайдалану тиімді екендігін төмендегі кесте арқылы көрсетуге болады:

Сөздік әдіс	Көрнекілік әдіс	Тәжірибелік әдіс	Зерттеу әдісі
Терминологиялық және түсіндірмелі сөздікті пайдалана отырып, сөздің терминдік мағынасы мен лексикалық мағынасымен жұмыс жасау	Білім мазмұнына сәйкес суреттер, иллюстрациялық материалдар, аудио және видео материалдар, мүсіндер, портреттер т.б. қолдану оқушыны қызықтырып, уақыт үнемдеуде маңызы зор.	Оқушылардың теориялық білімін практикада пайдалана білу дәрежелерін жетілдіреді. Бұған мәтін түрлерімен жұмыс, мәтіннің тілі, стилі және т.б. тілдік ерекшеліктерін анықтауда тиімді саналады.	Берілген білімнің ғылымилығын арттыру, оқушылардың өз бетінше ізденуі, мәселені шешу біу қасиеті қалыптасады. Оқушылардың қорытынды шығару дағдыларын жетілдіруде өте пайдалы.

13- кесте. Пәндік білімді кіріктіріп оқытуда ұстанатын технологиялар

Сабақта ақпараттық технологияны пайдалану арқылы мынадай тиімді тұстарын айтуға болады:

- оқушының пәнге деген қызығушылығын арттырады;
- оқушыны шығармашылық жұмысқа баулиды;
- сандық сауаттылығын қалыптастырады.

Терминологиялық диктант жазу. Көп нүктенің орнына тиіс сөзді қою.

1. Сөзде қанша дауысты болса, сонша ... болады. 2. Қазақ өлең өлшемі ... санын тұрақты мөлшерде сақтау арқылы жасалады. 3. ... – шет мемлекеттің билігінде болатын тәуелді аймақ. 4. ... – бөлек бағылатын бір қора қой. 5. Ауыз қуысының түбіндегі бұлшық етті ... атаймыз. 6. Ана стүті бой өсіреді, ана ... ой өсіреді.

Семантикалық картаны толтыру. Тапсырма: сөздің лексикалық және терминдік мағынасын жазу, терминдік мағынаны өз сөздерімен қайта жазу ұсынылады.

Түбек		Тау	
Лексикалық мағынасы	Терминдік мағынасы	Лексикалық мағынасы	Терминдік мағынасы
	Теңізге немесе көлге сұғына орналасқан кұрлықтың бөлігі.	Жер бетінің қатты тілімденген және жазықтан 200 м биіктікте болатын, дөңес форма.	
Өз түсінігі бойынша жаздыру			
	Сілтеме: География. 7-сынып. Арман-ПВ, 102 б.		Сілтеме: География. 6- сынып. 61-62 бб

Қазақ тілі мен әдебиетін басқа пәндермен байланыстыра оқытудың ғылыми-практикалық маңызы өте зор. Мектептерде оқытылатын пәндерді бір-бірімен байланыстыра, ұштастыра оқыту оқушылардың жан-жақты білім алуына жол ашады. Олардың білім алу жолындағы қызығушылығын арттырып, дүниетанымын кеңейтеді. Пән мен пәнді бір-бірімен ұштастырып, байланыстырып отыру мұғалімнің үйрете білу шеберлігінен туындайды. Ол үшін әр мұғалім өзінің білім мен тәрбие беру ісіне ерінбей тәжірибе жасауы керек. Пән мен пәнді байланыстыра оқытудың қазіргі кездегі ұстанымдары оқушылардың алған білімдерінің тиянақты болуына, алған теориялық білімін практикада қолдана білуге бағыттайтын ғылыми-практикалық маңызы бар әдіс саналады.

Жалпы мектеп практикасында қазақ әдебиеті мен қазақ тілі сабақтары үздіксіз байланыста оқытылады. Мәселен, мұғалім әдебиет пәндерінен мақал-мәтелдерді, жұмбақ пен ертегілерді оқытуда фонетикалық, лексикалық және грамматикалық тұрғыдан талдау жұмыстарын жүргізу арқылы қазақ халқының әлеуметтік өмірін, өткен өмірін, тарихын меңгерсе, екіншіден грамматикалық білімді меңгеретін болады. Мысалы: Жалғыздың үні шықас, жаяудың шаңы шықпас. Жігіттің екі сөйлегені – өлгені, еменнің иілгені – сынғаны.

Қазақ тілі пәнін мәтін мазмұнына сәйкес музыка, бейнелеу өнері, география, биология, тарих сынды пәндермен кіріктіре отырып оқытуға болады. Мәселен, берілген ғылыми не көркем мәтін мазмұнына сәйкес видео және аудиоматериалдарды көрсете отырып, қазақ тілі және география пәніне ортақ сөздердің лексикалық және терминдік мағынасын терінінен түсіндіруге болады. І.Жансүгіровтың «Жетісу суреттері» өлеңін өткенде география және биология т.б.

ҚОРЫТЫНДЫ

Арнаулы және кәсіби тілдесім салалары мен ғылыми, өндірістік-техникалық білімдермен алмасу үдерістерінде термин ең бір маңызды арнаулы ғылыми ақпаратты беруші тілдік бірлік болып табылады. Мұның себебі терминнің ақпараттық қызметімен, яғни оның арнаулы білімдерді тасымалдау міндетімен айқындалады. Бір қызмет саласы өкілдерінің терминдерді қолдануы кәсіби тілдесімнің тиімділік дәрежесінің жоғары деңгейде өтуін қаматамасыз етіп, бірлескен еңбектің сапалы нәтижеге әкелуіне ықпал етеді.

Термин оны термин емес сөздерден ажыратып көрсететін ерекше сипаттарға ие тілдің лексикалық жүйесінің бірлігі ретінде танылады. Сондықтан да терминнің ішкі терең қасиеттерін зерттеу белгілі бір білім саласына қызмет ететін терминологиялық жүйелер шеңберінде жүргізілуі қажет. Ішкі қасиеттері ескеріліп жасалған терминдер өміршең келеді.

Сөз – тілдің негізгі вербалды құралы. Тілдік коммуникацияда номинативті бірліктердің көмегімен қоршаған ортадағы зат, құбылыс, әрекетті атап көрсету, оны сипаттау дағдыға айналған. Номинативті үдерісте төрт фактор бір-бірімен тығыз байланыста болады: адам (тілдік ұжым), заттық әлем (болмыс), таңба (тілдік жүйе) және мағына (алғашқы үш фактордың тілдік бейнесі).

Бір ғана лексема бір мезгілде екі жүйеге, яғни лексикалық және терминологиялық жүйеге қызмет атқара алады. Сөз лексикалық өрістен терминологиялық өріске өткенде терминдік мәнді иеленеді. Сөз ғылыми ұғымды иеленгенде, лексикалық өрістегі мән-мағынасынан айырылады.

Жалпыхалықтық қолданыстағы сөздердің терминденуінің екі түрлі жолын көрсетуге болады:

- жалпыхалықтық қолданыстағы сөздердің лексикалық өрістен терминологиялық өріске өтуі арқылы ғылыми ұғымды иеленуі;

- ғылым мен техниканың дамуына сәйкес жаңадан қалыптасқан ғылыми ұғымды жалпыхалықтық қолданыстағы сөздермен таңбалау.

Көрсетілген терминдену үдерісінің қай-қайсысы болмасын, терминологиялық жүйеде өзіне тән терминдік мағынаны иеленіп, терминдік қызмет атқарады.

Қорыта айтқанда, қазақ тіліндегі терминологиялық лексиканың қалыптасуына негіз болатын лексикалық құрам туралы айтылды. Арнайы зерттеу жүргізу арқылы олардың терминдену деңгейі, терминологиялық жүйеден орын алу мүмкіндіктері қарастырылды. Терминжасамның негізгі қоры ретінде басты жалпыхалықтық қолданыстағы лексика иеленетіндігін дәйектелді. Жалпыхалықтық қолданыстағы лексиканы тек терминденудің өнімді тәсілі ғана емес, арнаулы лексиканың қажеттілігін үздіксіз толықтырып отыратын ең өнімді тәсілі деуге болады. Ал қалған лексикалық қабаттар термин шығармашылығында аса жоғары өнімділік таныта алмаса да,

арнаулы ғылыми ұғымның атауына айналып терминологиялық лексиканың дамуына белгілі дәрежеде үлес қосады.

Кіріктірілген сабақ – бір ұғымды, тақырыпты немесе құбылысты оқып-үйрену кезінде бірнеше пәндерді бір уақытта оқытуды біріктіретін сабақтың ерекше түрі. Кіріктірілген сабақтар оқушылардың оқуға қызығушылығын көтереді. Қоршаған әлемге көзқарасы, дүниетанымы жеке-жеке бөліктерден емес, біртұтас жүйе негізінде қалыптасады. Пәнаралық байланыс нығайып, уақытты үнемдеу арқылы практикалық білім алуға көңіл бөлінеді.

Оқушының термин (терминдік дефиниция) туралы білімі таным үдерісінің нәтижесінде қалыптасуы қажет. Ал қазіргі білім беру үдерісінде мұғалім ақпаратты дайын күйінде оқушыға ұсынады. Оқушы берілген ақпаратты өзіндік ойлауы арқылы анализ жасамай, сол қалпында қабылдайды. Дайын күйінде берілген ақпарат оқушының ой елегінен өтпеген соң, тек жаттанды дүниеге алып келеді. Ал жаттанды дүние, уақыт өте келе ұмытыла бастайды.

Терминдік дефиниция оқушы жадында ұзақ өмір сүруі үшін, өміршендік сипат алуы үшін, берілетін білім табиғи түрде бала танымында қалыптасып, жүйеленуі керек. Қазіргі таңда білім берудің баланың психологиялық ерекшелігі, оқулық жазуда психолінгвистикалық ерекшеліктері ескерілмейтіндігін байқадық.

Қазақ тілі пәнін өзге пәндермен байланыстыра оқытуда оқушылардың өздеріне сыныптан тыс тапсырмалар беріп отырудың маңызы ерекше. Оқушыларға берілетін шығармашылық тапсырмалар оқушылардың функционалды сауаттылығын арттырады, ойлау шеңберін кеңейтеді, білім сапасын арттырады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. –Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. -440 б.
2. Айтбайұлы Ө. Основы казахской терминологии. –Алматы: «Абзал-Ай» , 2014. -382 б.
3. Қайдар Ө. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. –Алматы: Мектеп, 1993. -280 б.
4. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
5. Жалмаханов Ш., Ысмағұлов Ж. А. Байтұрсынұлы – қазақ әдебиеттану терминдерінің негізін салушы. – Қарағанды, 1997.
6. Жубанов Х.К. Принципы терминологии казахского литературного языка, применяемые Государственной терминологической комиссией // Исследования по казахскому языку. –Алматы, 1966. 283-285 бб.
7. Қайдар Ө. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. –Алматы: Ана тілі, 1998. -304 б.
8. Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. –Алматы: Ғылым, 1998. -208 б.
9. Мусаев К.М. Развитие терминологии на языках Союзных Республик СССР: терминология на узбекском, казахском, грузинском, азербайджанском. Москва: Наука, 1987. С. 267
10. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. Алматы: Сардар, 2014. - 952 б.
11. Пюрбеев Г. Ц. Калькирование иноязычных терминов // Современная монгольская терминология. –Москва: Наука, 1984. С. 122.
12. Соссюр Ф. Труды по языкознанию. Переводы с французского языка под ред. А. А. Холодовича. – Москва: Прогресс, 1977. - 695 с.
13. Г.Н.Смағұлова, Х.А.Ордабекова, К.Қ.Куркебаев. Қазақ тіліндегі химия терминдерінің ономастиологиялық ерекшеліктері // ҚР ҰҒА Хабаршысы. № 2, 2013. 43-52 бб.
14. Қазақ тілінің этимологиялық сөздігі. –Алматы: Ғылым, 1966. - 240 б.
15. Ошанин И.М. Китайский язык // Большая советская энциклопедия. – Москва: Советская энциклопедия, 1978.
16. Капанадзе Л.А. Функционирование терминов науки и техники в общелитературном языке XX века // Русский язык и советское общество. М., 1958. – 152 с.
17. Қалиев Б. Қазақ тіл білімінің мәселелері (мақалалар жинағы). –Алматы: «Полилингва», 2018. -294 б.
18. Әшімбаева Н. Байырғы қазақ қоғамындағы атақ-лауазым атауларының тілдік сипаты. 2009.
19. Қайдар Ө. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. –Алматы: «Ана тілі», 1998. - 308 б.

20. Фомина М.И. Современный русский язык. Лексикология. –Москва: Высшая школа, 1990. -415 с.
21. Ордабекова Х.А. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен лексикографиясы. –Алматы: Darkhan, 2020. -200 б.
22. Бакбергенова Р.А. Байтұрсынұлы – қазақ тілін оқыту әдістемесінің реформаторы //
23. Жұмабаев М. Педагогика. –Алматы: Ана тілі, 1992. -160 б.
24. Құрманбайұлы Ш. // Елдестің ерекше баяндамасы немесе қазақ терминологиясын дамытудағы алаштық бағыт. «Егемен Қазақстан», 27 мамыр 2008 жыл. № 152-153.
25. Қазақ тілі. 7-сынып. – Алматы: Атамұра, 2017.
26. Қазақ тілі. 5-сынып – Алматы: Атамұра, 2017.
27. Химия. 8-сынып. –Алматы: Арман-ПВ, 2018.
28. Химия. 10-сынып.Бірінші бөлім. – Алматы: Арман-ПВ, 2018.
29. Химия. 10-сынып. Первая часть. – Алматы: Арман-ПВ, 2018.
30. Жаратылыстану. 6-сынып. –Алматы: Мектеп, 2018.
31. Химия. 7-сынып. –Алматы: Мектеп, 2018.
32. Қазақ тілі. 7-сынып. –Алматы: Мектеп, 2017.
32. Қазақ тілі. 7-сынып. –Алматы: Арман-ПВ, 2017.
33. Қазақ тілі. 6-сынып. –Алматы: Арман-ПВ, 2017.
34. Қазақ тілі. 6-сынып. –Алматы: Мектеп, 2018. -182 б.
34. Монахов В.М. Введение в теорию интеграции педагогических технологий. –Волгоград: Перемена, ВГПУ, 2006. С. 220
35. Хуторский А.В. Нынешние стандарты нужно менять, наполнять их метапредметным содержанием образования // Народное образование. № 4., 2013. С. 157-171.
36. Ерғожина Ш. Оқытудың жаңа технологиялары. –Алматы:
37. Мұханбетжанова Ә. Білімді интеграциялау негізінде оқушыларда дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастыру. –Алматы: Ғылым, 2000. -248 б.
38. Самарин Ю.А. Очерки психологии ума. – Москва: Наука, 1992. С.280
39. Павлов И.П. Полное собрание трудов. – Москва: Наука, 1990. – Т. 1. – С. 50.
40. Вернадский В.И. Интеграционное образование для будущего // Успехи современного естествознания. № 9, 2007. 36-39 сс.
41. Кедров Б.М. Классификация наук. – Москва: Мысль, 1993. -472 с.
42. Мұханбетжанова Ә., Мұханбетжанова А. Жаңартылған білім берудегі кіріктірудің ғылыми негіздері // М.Өтемісов атындағы БҚМУ Хабаршысы. № 4, 2018 ж. 3-11 бб.
43. Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, тілдік сана, символ. –Алматы: Ғылым, 1998. -137 б.
44. Қалиев Б. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы: Абылайхан атындағы ҚХҚ, 2010.

45. Арафьева С.М. Интеграция общеобразовательной и допрофессиональной художественной подготовки учащихся учебного комплекса (на примере предметов исторического цикла): Дис. ...канд.пед.наук: 13.00.01. 2002
46. Зверева И.Д., Максимова В.Н. Межпредметные связи в современной школе. – Москва: Наука, 1981.
47. Данилюк А.Я. Теоретико-методологические основы проектирования интегральных гуманитарных образовательных пространств: Дис. докт.пед.наук. – Ростов на Дону, 2001.
48. Бурмистрова М.Н., Васильева Л.Л., Петрова Л.Ю., Кашеева А.В. Социально-педагогический словарь. 2016.
49. Ушинский К.Д. Собрание сочинений. –Москва: Полиграф книга, 1994. С. 681.
50. Бейсенбаева А.А. Гуманизация образования старшеклассников на основе межпредметных связей // Автореф. дисс. докт. пед. наук. – Алматы, 1996. – 48 с.
51. Безрукова В.С. Интеграционные процессы в педагогической теории и практике. Екатеринбург, 1994.
52. Исламова А.Т. Қазақ тіліндегі шетел сөздері: теория және практика (мектеп оқулықтары негізінде). –Алматы: Полилингва, 2019. -175 б.
53. Сейтенова С.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі пәнінен практикалық сабақтарда интербелсенді әдіс-тәсілдерді пайдалану жолдары // М.Өтемісов атындағы БҚМУ Хабаршысы. № 4, 2018 ж. 67-74 бб.
54. Айғабылов А. Қазақ тілінің лексикологиясы. –Алматы: Зият-Пресс, 2004. -102 б.
55. Оразбаева Ф.Ш., Қасым Б.Қ., Балтабаева Ж.Қ., Оразахынова Н.А., Рахметова Р.С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. –Қарағанды: «Medet Group», 2016. -424 б.
56. Көккөзова М.Б., Асқар Л.О. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. –Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 40 б.
57. Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. –Алматы: сардар, 2004. -342 б.
58. Биология. 6-сынып, – Алматы: Атамұра, 2014. - 225 б.
59. Биология. 7-сынып, – Алматы: Атамұра, 2013. - 234 б.

Сөздіктер:

1. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. –Алматы: Дәуір, 2011. Т.13 -752 б.
2. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. –Алматы: Дәуір, 2010. Т. 8 -744 б.
3. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 7-том. – Алматы, 2007. –752
4. Закиров М., Елемесов К., Қайымов Қ. Биология терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. –Алматы: , 1991. Т.2

5. Аманжолов К., Тасболатов А. Қазақша әскери терминдерінің түсіндіре сөздігі. –Алматы: Білім, 1999. – 92 б.
6. Сапарбаев К., Нүсіпбаев Т. Орысша-қазақша геологиялық түсіндірме сөздік. –Алматы: Қазақ университеті, 1991. -136 б.
7. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. –Алматы: Ана тілі, 1998. -384 б.
8. Современный словарь иностранных слов. – Москва: Русский язык, 1993. С. 786
9. Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі. Құрастырғандар: Ш. Құрманбайұлы, С.Исақова, Б.Мизамхан және т.б. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019. – 596 б.

Интернет көздері:

sozdik.kz
sozdikqor.kz
termincom.kz
terminqor.kz